Важным постулатом президентской политики, направленной на сохранение и укрепление межэтнического мира и согласия в стране, является обеспечение всем казахстанцам равного доступа к социально-экономическим правам и свободам, гарантированным государством. Укреплению межнационального согласия служат и подходы президента к языковой политике. Неизменной позицией главы государства ныне разделяемой всем населением страны, является признание необходимости триязычия для казахстанцев. В то же время президентская национальная политика всегда учитывала, и будет учитывать государственную важность сохранения и развития и других языков, представляющих разнообразие национальностей Казахстана.

Наиболее важным для стабильности общества является использование потенциала религии для достижения согласия в сфере межнациональных отношений. Это и привлечение представителей различных конфессий к участию в общеполитических мероприятиях, проведение круглых столов, Дней духовного согласия, работа Ассамблеи народа Казахстана и малых ассамблей, а также совместное



проведение различных благотворительных акций, способствующих взаимопониманию между ними.

Правильная политика президента Казахстана создает фундамент прочного и стабильного межнационального и межконфессионального мира и способствует единству и сплоченности всего казахстанского общества. Бывший Генеральный секретарь ООН К. Аннан, посетивший в свое время Казахстан, так охарактеризовал межэтническую ситуацию в республике: «Казахстан может служить примером государства, в котором мирно сосуществуют различные этносы и где в этническом многообразии видят благословение, а не бич».

ӘОЖ 94(574)

КЕНЕСАРЫ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫ

Сәбденбекова А., Көбесова А.С.

Кенесары Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңтүстік алабында Кекілік Сіңгір жерінде дүниеге келген) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдардағы ұлт – азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы болған (1841-1847). Кенесары Абылай ханның немересі, Шыңғыс ханның 27 – ұрпағы.

Абылай ханның отыз ұлы болған. Абылайдың қалмақ қоңтайшысы Қалдан Сереннің қызынан дүниеге келген баласы Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары (алты ағайынды – Саржан, Есенкелді, Көшек, Ағатай, Бопай), екінші әйелінен Наурызбай туған. Кенесары өз бауырлары секілді жастайынан шабандоз, қиындыққы төзімді болып тәрбиеленеді. Жеке басындағы бірбеткейлік, қайсарлық қасиеттері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатты.

Кенесары Қасымұлы хан, дипломат, саясаткер ретінде қазақтың үш жүзі руларының едәуір бөлігінің басын бір ту астына біріктіре алды. Оның жалпы әскерінің саны 20000 адамға дейін жетті.

Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынстар сипатымен тығыз байланыста болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан Қазақ хандығын, күллі Азия елдеріне бастар қақпа деп есептегендіктен, оны Ресейге қосып алу қажеттігіне ерекше мән берді. Қазақ хандығын Ресейге күштеп қосу



оның отарлануымен қатар жүрді. Атасы Абылай хан заманынан бері үдей түскен бұл процесс жас сұлтан Кенесары санасына ұлт тәуелсіздігіне төнген қауәп екенін терең түйсінтті. Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғысы» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпы Ресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Сол мақсатта қазақ жеріне орыс шаруалары ағылып келе бастады.

1843 ж. Ресей үкіметі Кенесарыға қарсы кең көлемді әскери жорық жасады. Әлдеқайда басым түскен жау әскері Кенесары әскерін Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста Кенесары Қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда патша әкімдерімен байланыста болған манаптар оған мойынсұнбады. Кенесары қырғыздарға шабуыл жасады. Өз жақтастары ішіндегі сатқындықтан Кенесары мен інісі Наурызбай дұшпан қолына түседі. Кенесары айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп, орыс әкімшілігіне жібереді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық бергізген.

1827 жылдан бастап Абылайдың ұрпақтары қазақ халқын патшалық Ресей езгісінен босату жолындағы күресте белсенділік танытты. Кенесары әкесі Қасым мен ағасы Саржан бастаған жасақтар орыс ауылдары мен керуендеріне шабуыл жасап тұрды.

Кенесары Токмақ маңында қайтыс болды,оның сіңірген тарихи еңбегі – қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып,оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды.Кенесары ханның идеологиясы ұлттың даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.

Кенесары қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұрасын көздеген сұңғыла саясатшы ретінде танылды. Кенесары өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген жазушылардың шығармашылығына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары - Наурызбай» дастаны, М. Әуезовтың «Хан Кене» пьесасы, И. Есенберлиннің «Қаһар» романы жазылды. Алғашқы зерттеулер ішінде «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деген тақырыппен Н. Середаның «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор болатын. 2002жылы Кенесарының туғанына 200жыл толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті. Астана қаласында Кенесары ханға арналып ескерткіш қойылған және оның атымен аталған көше де бар.

ӘОЖ 355.233.231.1

ЖАСТАРҒА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫҢ РӨЛІ

Мағзимова Р., Куненова П.С.

Жастардың рухани әлемінің жағдайы жастар үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін де маңызды орын алады, өйткені жастар – елдің болашағы, тірегі. Жастардың рухани мәдениетін құраушылардың бірі құндылықтық бағдарлар болып табылады, яғни, белгілі бір мәндерді өмірді ұйымдастырушы бастамалар ретінде қабылдау және өзін соған сәйкес ұстау. Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі – өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. Арлы адам – ардақты адам. Адамгершіліктің асыл қасиеттері: отансүйгіштік, мейірімді, адал, еңбекқор, ақылды, әділ, парасатты жас ұрпақтарымыздың бойынан табылуы тиіс. Бүгін біз тек өзара түсіністікпен сыйластықтың, бір-бірімізге деген құрметтің арқасында ғана тіршілігімізді жалғастыра алмақпыз. Бұл үдеріс біздің әрқайсысымыздың өз дінімізді, дәстүрімізді құрметтеуге, дәріптеуге кедергі болмайды. Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері.

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін ұлттық құндылығымыздың маңызы ерекше. Кез келген ұлттың толыққанды ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы және ұлттық мүддесі болуы керек. Бір ұлтты екіншісінен ерекшелендіріп тұратын оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтлдері, лиро-эпостық және батырлар жыры, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т.б өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтар ғасырдан ғасырға жалғасқан, тарихтың сынынан өтіп, пайдалы екені дәлелденген. Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова: «Бүгін бізге батыстың желімен домалай беретін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылға қарсы тұра алатын, тамыры терең бойлаған білікті ұрпақ керек. Қазақ қыздарының нәзіктігі мен ибалылығы жоғалып барады. Жат



қылықтарға әуес ұрпақ өсіп келеді. Осының бәрі қоғамымыздың ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қаншалықты зәру екенін байқатады. Ұлттық тәрбиеден алыстаған сайын, көлденең кесепаттардан шыға алмай келеміз. Сондықтан, жас ұрпақты толыққанды отбасында тәрбиелеудің маңызы зор» - деп бүгінгі таңдағы жастардың өрескел іс-әрекеттерге қандай себеппен баратындығы жөнінде, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген сынды, жастарға қазақи салтымыздың маңызы зор екендігін басып, орынды пікір айтқан. Кезінде аталарымыз балаларына алдымен отбасындағы тәрбие өнегесін үйретіп, одан кейін «Е, Құдайым бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең, бір-бірлеп ала бер» деп ұрпағының санасыздығынан түңілген. Ата-бабамыздан келіп жеткен ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі пайдасы бізге дейін дәлелденіп қойған. Тек игі қазынамызды бүгінгі заманға сай қолдана білсек болғаны. Ата- бабаларымыз бала тәрбиесінде ұлттық салт-дәстүрлеріміздің елуден астам тәрбие үлгілерін қолданған. Солардың бірі – қазақтың ұлттық ойындары. Мысалы, Асық ойнау: баланың ойлау қабілетін дамытады, адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді, денені шынықтырады, баланың көзін қашықтықтан көруге дағдыландырады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне көмектеседі, таза ауада тері жасушалары ашылып, ағза тынығады. Егер осы асық ойының балабақшадан бастап мектеп, басқа да үйірмелерге енгізсе, ол балаларға пайдасын тигізумен қатар, біздің ұлттық құндылықтарымыздың насихаттауға бірден-бір жол ашар еді

Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Қазақ қазақ болып қалыптасқалы сонау небір зұлмат замандардан желісі үзілмей, аман жеткен ұлттық құндылықтарымызды қазіргі қой үстіне бозторғай жұмыртқылаған, бейбіт заманда жоғалтып алмай, болашақ ұрпаққа аманат ету – біздің басты міндетіміз. Оны аманат етіп, мұра ретінде сақтап қана қоймай, қолданысқа енгізіп, оның пайдасын зерттеп, ғылыми тұрғыда дәлелдеуіміз керек.

УДК 159.9.015

ОКНО ОВЕРТОНА ТЕХНОЛОГИИ УНИЧТОЖЕНИЯ МОРАЛИ

Ерланкызы А., Байбосынова Р.Т.

21 век. Демократизация всех общественных институтов. Развитие, научно-технические революции, прогресс обеспечивает быструю динамику положение вещей во всех отраслях деятельности человека в: экономике, политике, культуре, праве, морали, гражданском обществе, семье, международных отношениях. Все меняется быстрыми темпами, на смену одним ценностям приходят другие. Во время быстрой смены статуса кво, очень легко остаться потерянными, стать маргиналом, представителем девиантного поведения, потому что с быстрой сменой развития человеческого общества, быстро меняется право и мораль. Что вчера было важно, уже сегодня не важно. Быстрая смена положений, прогрессивное развитие информационных технологий порождает огромный шквал проблем, связанных с дезинформацией. То есть сейчас, когда много информации, сейчас, когда информация направлена человека из каждой щели, становится очень тяжело воспринимать и грамотно отсеивать мусор. Такой шквал информации, как упоминалось ранее, обусловленный быстрой сменой действий: вчера все ужасались от происходящего на Украине, сегодня все в недоумении от сирийского конфликта, от событий в Париже. При такой смене событий тяжело адекватно воспринять весь поток информации. Нужно не отворачиваться от знаний, а наоборот получать больше знаний о реальных событиях, происходящих в мире. И давать им оценку не из общего конформизма, а исходя из собственного мнения. В таком потоке информации очень легко запутаться, очень легко потерять грань между добром и злом, грань между справедливостью и несправедливостью. Такое положение дел на сегодняшний день сподвигло меня на рефлексию, дало пищу для ума, дало огромный толчок для поиска информации, для ответа на следующие вопросы: Что есть мораль, кем она задаётся, существуют ли в современном демократическом сообществе механизмы, политические действия которые искусственно меняют мораль, общественные институты, можно ли себя защитить в таком круговороте? Не потерять мораль, понятия добра и зла, плохого и хорошего.



Таким образом основная цель работы - это найти из уже существующих технологий и теорий, которая является наиболее эффективной по смене мораль, чтобы понять причины смены ее, принципы и критерии. Изучить их, рассмотреть на примерах истории, смоделировать цепочку событий при применении тех или иных технологий уничтожения морали.

Развитие теорий морали - процесс, тесно связанный с социальной эволюцией различных народов человечества. Некоторые эволюционные биологи, в частности, социобиологи считают, что мораль есть продукт эволюционных сил, действующих как на индивидуальном уровне, так и на групповом, через групповой отбор (хотя в какой мере это действительно важно в этом процессе – остается предметом споров в эволюционной теории). Некоторые социобиологи оспаривают тезис, что линии поведения, предписываемые моралью, сильно изменились, поскольку они обеспечивают возможное выживание и/или выгоду при воспроизводстве (то есть повышают успех в эволюции). В соответствие с этими линиями поведения, люди развивали «про-социальную» составляющую своих эмоций, как например чувства эмпатии и вины. Наоборот, другие биологи доказывают, что люди развивали именно мораль и альтруистические инстинкты.

При таком понимании мораль представляет собой систему самосохраняющихся и идеологически установленных линий поведения, поощряющую человеческое сотрудничество. Биологи считают, что все социальные животные, от муравьев до слонов, меняют свои линии поведения в сторону сдерживания эгоизма для повышения приспособленности к требованиям эволюции.

ӘОЖ 316.72:304.42(574)

МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА ЕЛ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІН АРТТЫРУ

Сатымбай А., Алим М.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», – деген еді. Ал «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат,



бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын. «Мәңгілік ел» идеясы құрғақ ұран емес, қоғамдық жүйені бекіте түсерлік іс-қайратымыз екенін, бұл орайда мәдениет пен өнер қызметкерлерінің алдында бірқатар маңызды міндеттер тұрғанын тілге тиек ете келіп, патриоттық рухтағы туындылар жасау шығармашылық адамдары үшін қазіргі таңдағы басты мәселе болып отыр. Біздің негізгі міндетіміз – Мәңгілік елдің арқауы болатын жастарды тәрбиелеу. Қай заманда да әр адамның санасындағы аса мазмұнды және құрметті мәртебеге ие ұстаным – ол отансүйгіштік сезімі. Ал патриот болу деген азаматтың адамгершілік және саяси қағидаты, туған жерге, елге сүйіспеншілігі, қажет болса, мемлекеттік міндеткерлікті жеке мүддеден жоғары қоюды талап ететін әлеуметтік сезімі ретінде танылған. Туған елінің құндылықтарын, әсіресе, тіл мен мәдениетін әрдайым құрметпен жоғары ұстап, ол құндылықтарды басқа ұлттар мен ұлыстарға, мемлекеттерге тарату әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Зиялы қауым өкілдерінің алдында Тәуелсіз Қазақстанды әр алуан жанрда жырлау мақсаты тұрғанын, «Мәңгілік ел» идеясын үштұғырлы тілмен сабақтастыра айта кеткім келіп отыр. Үш тұғырлы тіл жәй ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар қарыштап дамуда. Сондықтан үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тіл және ағылшын тілін игергеніміз өте дұрыс іс деп есептеймін. «Елбасы Н. Назарбаев: «Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылыған жеткізе аламыз» десе, сөз зергері Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүректе соғуын тоқтатпайма?!» деуінде үлкен мән жатыр» демек, қазақ тілі – мемлекетіміздің барлық азаматтарын біріктіретін қуатты құралға айналуы тиіс.

Астананың мәдени өміріне тоқтала кететін болсам, Астананың 15 жылда концерттік алаңдарында жаңа заманның ең үздік әртістерінің, музыканттардың, опера жұлдыздарының өнерлеріне куә болдық. Шет елдердің айтулы сахналық алаңдарында классикалық өнер өзегіне айналған кара шаңырақ гастрольдік сапарлардан нәтижелі оралып жүр. Бұл ретте әртістерімізді Мәдина Басбаеваны, Әйгерім Бекетаеваны, Алан Бөрібаевты және басқаларды шетелдің көптеген мемлекеттері мойындайды. 2013 жылы ашылған Astana Opera Мемлекеттік опера



және балет театры қаланың мәдени өмірінің інжу – маржанына, тәжіне айналды. Astana Operаның тамаша сәулеттік ансамблі мен акустикалық мүмкіндіктері Миландағы «Ла Скала», Мадридтегі Корольдік теарт, Мәскеудегі Үлкен театр, Нью-Йорктегі Метрополитен – Опера секілді атақты әлемдік сахналар мен иық теңестірді. «Дамудың сыры – бірлікте, Табыстың сыры – тірлікте» екенін баршамыз білеміз. Мұратқа жолын тапқан жетеді демекші еңбегіміздің жанбағы біздің ортақ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты. Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шаншылған уықтар. Ортақ ордамыз – Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру – елдік мақсат деп білемін Сонда ғана Қазақстан «2050» Стратегиясында айтылған үздік Стратегиясында айтылған үздік 30 елдің қатарынан табылады. Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол – жері гүлденген, елі түрленген, дамуы жедел, ұрпағы кемел, Мәңгілік Қазақстан! «Саусақ ашса – қылдырық, жұмса – жұдырық» екенін көкейге берік түйе отырып, ұлы мақсаттарға бірге сапар шегейік.

ӘОЖ 159.937.51:364-785

ПСИХОДИАГНОСТИКАДА АРТТЕРАПИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Құттыбек А., Алпысбай Л.А.

Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. Арттерапия – ауру адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді. Арттерапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің творчестволық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке творчестволық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді. Арттерапияның диагностикалық ерекшелігіне тоқталып кетер болсақ, ол адамның психикалық қасиеті мен күйін көптеген әдіс-тәсілдері арқылы сандық сипатта бағалайды және нақты сапалық тұрғыда талдайды.



Мен өз жұмысымда музыкотерапияны қолданамын. Әрбір музыкалық шығарма адамды қуаттандыратын, оның өміріне әсер ететін көптеген ақпаратқа толы болады. Әр тыңдаушыға дара әуен таңдау керек, сонымен қатар белгілі бір аурулардан емдейтін арнайы «сауықтырушы-шығармалар» бар. Музыкотерапия сеанстарын күн сайын өткізгеніңіз жөн.

Күнделікті өмірде біз аса мән бере бермейтін «түстердің» адам психологиясына айтарлықтай ықпалы бар екендігін ғалымдар дәлелдеп шыққан. Түстер арқылы көңіліңізді көтеруге де, денсаулығыңызды да түзетуіңізге болады. Адам түстерді дененің барлық жасушаларына әсер ететін белгілі бір сипаты бар толқындар ретінде қабылдайды. Ертеде балаларды қызыл матаға орап қызылшадан емдеген. Көптеген өкпе аурулары көк түспен емделеді. Өкпе санаторийлерінде қабырғалардың көкшіл түске боялуы имунитетті күшейтеді. Қан тамыры аурулары кезінде көгілдір және жасыл түстер қолданылады. Американдық психолог Беатрис Айсмен түстердің адам мінезіне сәйкестігі жөнінде мынадай қызық қортындыға келген екен: Ұнататын немесе таңдаған түстері бойынша адамдарға психологиялық түрде аз да болса зерттеу жасауға болады. Жасыл – қайсар мінезді, жұмсақ жүректі, ақкөңіл адам. Қайырымды жандар. Олар балаларына ерекше мейрімді. Қызыл – шапшаң мінезді, ақжарқын, тәуекелшіл, қарсыласуға әзір адамдар. Сары – қиялы бай, ұшқыр ойлары парасатымен ұштасып жататындар. Көк – салқынқанды, өзіне сенімді, басқалардың ренжіткенін қаламайтындар. Сиякөк – ешкімге ұқсамайтын дара творчестволық тұлғалар.

Балалар ересектерге қарағанда анағұрлым сезімтал болғандықтан, түстердің әсерін күштірек қабылдайды. Кішкене балдырғандар ішкі түйсігімен керекті түсті гамманы таңдау арқылы, хромотерапия көмегімен өзін-өзі емдей алады. Ол үшін баланың әуестігіне мән беріп, қай түсті ұнайтынын аңғару керек. Балаға жақтырмайтын түстерін тықпаламаныз, одан оның денсаулығына зиян келтіріп алуыңыз мүмкін, бөбектің қай түске ұмтылатындығына қарап, оның қандай ауруы бар екеніне диагноз жасауға немесе үнемі ұнататын түстері арқылы оның туа бітті табиғи ерекшелігін, темпераментін анықтауға болады. Түс арқылы емдеуді бала тәрбиесінде күнделікті қолдану керек. Көбіміздің түрлі түсті әлемде ғұмыр кеше отырып, айналамыздағы әрбір түстің өмірімізге әсерін біле отырып, түстердің бастауыш сыныпта оқитын балалардың қабылдауымен байланыстыра орынды қолдана білсек, пайдасының зор екенін ескермейтініміз өкінішті-ақ. Түстерді күнделікті таңдай білу арқылы, бастауыш сынып



оқушыларының, ішкі дүниесін сыртқы тіршілік ағынымен үйлесімді етіп, денсаулығымен көңіл-күйіне жақсы әсерін тигізетініне көз жеткізуге болады.

Арттерапия - ішкі кернеулер мен қатты эмоциялардан босатады. Арттерапия элементтерінің көмегімен топтың қалыптылығын сақтап, өзара қарым-қатынасты жағымды әрі тиімді ұйымдастыруға болады. Шығармашылықтың көмегімен адам өз сезімдерін терең түсініп, жүгендей білуге үйренеді. Қоршаған ортаны, шындықтағы болмысты өз тұрғысынан қабылдауға үйретеді. Арттерапияның әрбір функциясы әрбір жеке адамның үйлесімді дамуына үлес қосады.

«Арттерапия - біздің ғасырымыздың жемісі», – деген тұжырым өте дұрыс қабылданған қорытынды.

УДК 329.7

ИННОВАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ И ТЕХНОЛОГИИ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ В РК

Аралбаева Д., Омирзакова Д.Д.

Одним из наиболее опасных видов преступления стала коррупция, которая в концентрированном виде вбирает в себя различные преступления, что является наиболее опасным с точки зрения политической и экономической безопасности, к деформации государственного аппарата, его криминализации.

В нашей стране сложились особенно благоприятные условия для процветания коррупции на всех уровнях властных структур. Эффективность метода борьбы с коррупцией зависит и от социальных условий его применения, поэтому необходимо выделить условия, благоприятствующие развитию коррупции.

Чтобы понять и оценить возможности борьбы с коррупцией в Казахстане, необходимо проанализировать возможное участие в решении этой проблемы основных партнеров: органов власти, ключевых компонентов гражданского общества (предпринимательства, независимых средств массовой информации, общественных институтов) и общества в целом. Президент Республики Казахстан Назарбаев Н. А. справедливо отмечал, что, если народ не пробудится от своего правового невежества, ситуация в скором времени может перерасти в индонезийский вариант, “когда распределение средств и



кредитов шло не по принципу экономической целесообразности, а в условиях формирования клановых олигархических группировок, монополизации и закрытости целых секторов экономики”.

В течение проделанной работы я провела социологическое исследование по изучению мнения и отношения населения к коррупции, целевая группа данного социологического исследования была разделена на две целевые группы. В первой целевой группе приняли участие жители города Тараз. Ко второй целевой группе приняли участие студенты ТарГУ им. М.Х. Дулати.

Цель проведения данного опроса – выявление отношения жителей города Тараз к коррупции, как к социальному явлению, а также установление причин и условий ее возникновения и совершения.

На основе проведенного исследования можно сделать следующие выводы:

- 1) в целом, коррупция на данный момент населением признается одной из актуальных проблем в Казахстане;
- 2) большинство респондентов предпочитают умалчивать, при выявлении коррупционных правонарушений;
- 3) а так же, по мнению респондентов, Казахстан недостаточно защищает население от коррупции.

Исполнительным органом по реализации антикоррупционной программы должно стать постоянно действующее Агентство по борьбе с коррупцией. Как это делалось при реализации практически всех серьезных антикоррупционных программ, целесообразно обеспечить при этом максимальную независимость Агентства. Это возможно, если его создание и работа будут регламентироваться законом, а руководитель Агентства будет утверждаться Парламентом по представлению Президента.

Задачи Агентства:

- разработка конкретных проектов в рамках антикоррупционной программы;
- представительство в органах власти, осуществляющих реализацию внутренних антикоррупционных программ;
- сбор и анализ данных о коррупции в стране, изучение деятельности органов власти и административных процедур с точки зрения их коррупциогенности;

Подводя итоги, необходимо сказать, что на первых стадиях реализации антикоррупционной программы резко возрастут показатели, характеризующие уровень коррупции в стране. Это неизбежно из-за двух обстоятельств: введения четких методов учета, преодоления апатии правоохранительной системы.



ӘОЖ 17.022.1:177

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ДАҒДАРЫСҚА ТҮСУІ

Бектас А., Спанов М.Ж.

Мына жарық дүниеге келген кез келген адам өмір бойы даму үстінде болады және оның денесімен бірге ішкі жан дүниесі де қатар жүреді. Сонда ғана ол жан-жақты жетілген, жеке тұлға болып қалыптасады. Адамзат қоғамының өзі жеке адамдардан тұрады, олай болса қоғамның дамуы, оның әрбір мүшесінің рухани байлығына байланысты. Ендеше, біз жеке адамдардың өмір салтының рухани жан-жақты дамуына баса назар аударуымыз қажет. Адамдар қоғамда материалдық және рухани құндылықтарды жасаумен айналысады және олардың жануарлардан бір айырмашылығы сол, ол адамдарға рухани жан азығы керек, онсыз адам адамгершілік қасиеттерден айрылып, басқа тірі жан иелерінен артықшылығы болмайды. Егер де табиғатта адам ақылы жетіп болмайтын бес құпия сыр болса, мысалы ғалымдар айтқан сана, жан дүние, материя, кеңістік, уақыт. Соның үшеуі адам бойына шоғырланған. Сондықтан да адамның ішкі жан дүниесін түгел біліп болу мүмкін емес» дейді. Оны тек адам бойындағы рухани болмысынан көріп, тануға болады. Олай болса, күнделікті өмірде көп қолданылатын рухани мәдениет, рухани байлық, рухани құндылық және соған сәйкес сөз тіркестерінің мәнін анықтап алғанымыз дұрыс.

Біз рухани мәдениет дегенде ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді айтамыз. «Тіліміз ұлт болып қалыптасу үшін, дініміз тұлға болуымыз үшін, салт-дәстүріміз халықтық болмысымызды жоғалтпас үшін қажет. Ғылымда «рухани» ұғымды адамның ішкі жан дүниесінің шабыт-сезімінің көрінісі деп есептейді. Ал мәдениет дегеніміз – адамның іс-әрекеті, оның даму формасы. Адамдар толыққанды өмір сүріп, тіршілік жасау үшін оларға материалдық және рухани байлық керек. Байлық еңбек етіп, тер төгу арқылы келетіні барлығымызға айдан анық. Сондықтан әркім өзінің қабілетіне, біліміне, талғамына қарай әртүрлі салада еңбек етіп, біреулер материалдық байлықты жасаса, екіншілері рухани байлықты толықтырады. Бұлар Абай атамыз айтқандай «адамның жан құмарлығы мен тән құмарлығы қажетін қанағаттандыру үшін». Тән құмарлығы – адамның ішіп-жесем,



дүние жисам, рахат-шаттықта өмір сүрсем деген мақсатта пайда болған оның қажеттілігі. Көбіне адамдарды бұрыс жолға итермелейтін де оның осы тойымсыз нәпсісі. Ал, жан құмарлығы дегеніміз – білімге, ғылымға, өнерге деген адамның махаббат сезімі. Бұл адамдарды жақынымның жылы жүзін көрсем екен, жақсы дүниені білсем екен деген жақсы арман-қиялға жетелейді. Әрине, адам баласы үшін мұның екеуі де қажетті дүние. Адам мен қоғам арасындағы берік байланыс қандай жағдайда туындайды? Егер адам өзінің рухани, материалдық қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандырса, оның күйзеліске ұшырауы, айналасына қатігездік танытуы орын алмайды. Материалдық қажеттілікті толықтыру мақсатында әр адам қызмет етіп, еңбегінің нанын жеп отыр. Сол қаржылық қажеттілікті қанағаттандырып жүргендердің көбісі жан дүниесі мен адами болмысын жоғалтуда. Технологияны, түрлі замануи ақыл-ойы жетік құралдарды ойлап табатын осы адамның өзі. Демек, өздері жасаған жаны жоқ заттарға ұқсап бара жатқанын аңғармай қалады, кейде. Рухани байлық деп нені есептейміз? Адам оны қайдан ала алады? Адамды өзгертетін ең басты дүние оның айналасы, өмір сүріп жатқан қоғам. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Дана халқымызда «ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал ағаш өскеннен кейін, оны түзете алмайсыз» деп тегін айтылмаса керек-ті. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, дарытуда сапалы мәдениет ошақтарының, мағыналы өнер туындыларының, оның түрлерінің керегі мол. Тіпті қазіргі заманда ауадай қажет. Адам мен қоғам өмірінде өнердің алар орны ерекше. Оның рухани жан азығын сыйлап, тәрбиелік қасиет қалыптастыратыны сөзсіз. Біздің қоғамдық ортада өнерге деген құрметті адам жасаған әрекеттерден лезде аңғаруға болады. Жан дүниені нұрландыра түсетін құдіретті күшке деген көзқарас ерекше болуы қажет. Ендеше, таусылмас азық, жұтамас байлыққа теңеген мәдениетіміз бен өнеріміз сапасы мен мәнін, қоғам алдындағы беделін жоғалтпаса игі.



УДК 13:165:43:304.2

ПРОБЛЕМА ВЕРЫ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Курбанбаев Е., Иманбаев А.А.

Насколько актуальным является данная работа? Этот вопрос очень верный, ответом является важность веры для современного человека. Главным вопросом данной работы является, «Почему вера человека изменилась, сохранился ли тот аспект веры, который имел большую духовность, чем материальность?».

Происходящие на данном этапе жизни человечества события, можно сказать полностью переворачивают гипотезы ученых социологов и философов. Когда человечество пришел к такому моменту, когда нужно что-то изменить, но нет того что можно было бы изменить. И тот период нашей страны, когда в каждого ребенка было прибито коммунизм, когда людей волновало лишь материальность. Но я не вправе сказать, что это было во вред человека, да отношения между людьми были очень хорошие, но каждый коммунист, наверное, понимал, что чего не хватает.

Если представить весь род человечества как один человек, то он прожил достаточное время, что быть способным ответить на вопросы о смысле жизни. Но каково, же Абсурдным является тот факт, что человек и посей день, мучается в поисках ответа. Ответ смысла жизни, является настолько банальным, что можно подумать, что именно из банальности и возникли эти вопросы. Счастье - вот смысл жизни, каждый человек желает быть счастливым. Но счастье это всего лишь состояние ограниченное временем, так вот мы и тешим себя всю жизнь, надеждами увеличить это состояние.

Вера – это убежденность в чем-либо, и полное принятие его за действительность и правдивость. Как правило, эмоции и чувства человека представить как дерево, то вера определенно был бы корнем этого дерева, ведь мы созданы разумными и нетерпеливыми, и мы всегда ищем истину во всем. Каким мог бы быть человек без веры, итак если он не верит ни во что, то он не может быть, добиться чего то, потому что для цели нужна вера в нее.

Вера в Аллаха, Господа миров. Ислам требует поклонение только единому богу, одному лишь творцу и создателю. Но также



она требует признания, то есть уверование в шесть столпов Веры (имана):

- 1) вера в Аллаха, и в его Абсолютность; 2) Вера в Ангелов, в их святость;
- 3) вера в Писания, ниспосланные Аллахом (их всего 4);
- 4) вера в Пророков, как в посланников;
- 5) вера в Судный День, за все дела будет отчет;
- 6) вера в Предопределенность, как хорошего, так и плохого.

Согласно Хадису-кудси Всевышний Аллах говорит: «Я создал в вас самих и во всем сотворенном доказательства Моей единственности. Нет Мне соучастника во всем сотворенном, Мухаммад (д.б.п.) Мой раб и посланник». Каждый разумный человек, может прийти в веру сам, видя то, что происходит вокруг, эту абсолютную систему по которой так безупречно движется Вселенная. Например, как солнце видится определенный промежуток времени, так и луна видится только в определенный промежуток времени, и если день длился бы значительно дольше обычного, то на земле не росли бы растения, земли стала бы непригодной для жизни, а ледники просто растаяла бы.

Хотелось отметить прекрасное высказывание, сподвижника пророка Мухаммада (д.б.п.) Абу Бакра-Сиддика (д.б.): «Славен тот, кто сделал единственным путем познания Себя для своих творений их неспособность познания Себя!». Значение этих слов можно передать так: Каждый способен познать Господа, но также он ограничен в своем познании, то есть не способен познать полностью Аллаха, но лишь сердце в котором есть вера (иман) может постигнуть Всевышнего, в его Абсолютность и Святость.

В конце скажу лишь то что Вера (Иман) даются Аллахом, и являются подаркам, а подарок это то что дариться любовью, и тот кто находится в вере может понять как может быть прекрасным подарок Всевышнего. И доказательство того что вера дается Аллахом, можно привести слова Всевышнего: « О рабы Мои, все вы были заблудшими, кроме тех, кому указал Я правильный путь, так просите же Меня направить вас на правильный путь, и Я направлю вас! ».



ӘОЖ 17.022.1(574)

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚАТЫНАСЫ

Әбуғали Е., Баярисов Р.У.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, салт-дәстүрін, тілін, сонымен қатар жалпы адамзаттық мәдениетті жетік меңгерген, өзінің шыққан тегін білетін, білімі мен ой-өрісін жетілдіре отырып, заман талабын терең түсіне алатын, адамгершілік қасиеті мол шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та «Еліміздің болашағы – жастар» деп, ылғи тілге тиек етіп айтып жүр. Жастардың егеменді еліміздің болашағы екенін ескерсек, «осы балалардан қоғамның белсенді тұлғасы болар білімді, тәрбиелі, мәдениетті азаматтар шыға қояр ма екен?» деген ой көпшілігімізді, әсіресе тәрбие негізі қаланатын мектептегі ұстаздар қауымы мен жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандарды дайындаумен айналысатын педагогтарды толғандырады. Себебі, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі – жас ұрпақтың рухани байлығына, мәдениетіне, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Халқымыздың дана, кеменгер ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби кезінде «Егер маған бір елдің жастарын көрсетсең, мен саған сол елдің болашағын айтып беремін» деп айтқан екен. Әрине, әрбір халықтың ертеңгі күні тамаша табыстарға жетіп, жоғары жетістіктерге ие болуы, дамудың биік сатыларына жетуі, сөз жоқ, өскелең ұрпаққа, білімді әрі білікті жастарға байланысты.

Әрбір мемлекет рухы күшті, жан дүниесі таза, ой-өрісі кең білімді де, білікті ұрпағынан қуат алады. Ол өзінің әрбір жаңа буын жас ұрпағы жетілген сайын дамудың жаңа биіктеріне көтеріледі. Ал бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – еңселі еліміздің кірпіші боп қаланатын әрбір қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты әрі сапалы білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін



қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген болатын. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек.

Сондықтан жастарды нағыз толыққанды жетілген тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Құндылық дегеніміз не? Құндылықтар – тәрбие мен білім берудегі адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға: ізгілік, имандылық, қайырымдылық, сыпайылық, кішіпейілділік, сыйластық, жанашырлық, меймандостық, бауырластық, еркіндік, өнерпаздық, шығармашылдық, рухани байлық, мәдениеттілік, адамға деген сүйіспеншілік сынды адамгершілік қасиеттер жатады. Бұл адамгершілік қасиеттер ұлттық мазмұнға ие бола отырып, жастарға ұлттық тәрбие беру барысында қалыптасады. Ал ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді – жалпы ұлттық құндылықтарды меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Бұл мәселеге байланысты Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «... жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», – деп атап өткен болатын.

Қазіргі заманда бұл мәселенің еліміз үшін практикалық маңызы да артып отыр. Жаһандану процесі күшейіп тұрған қазіргі заманда әрбір халықтың тағдыры, болашағы қауіп төндіріп тұрған көптеген сын-қатерлерге байланысты. Рухы күшті, бірлігі мықты, ұлттық біртектілігі берік халық қана сол сын-қатерлерге төтеп бере алады. Сол себепті де Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің 2015 жылғы 21 мамыр күні шыққан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарының 4-ші институттық реформасын еліміздің бірлігі мен біртектілігін нығайтуға арнады. Ал халқымыздың ұлттық біртектілігін біз тек ұлттық құндылықтарымызды өскелең жас ұрпақтың санасына тәрбие беру барысында ұялата отырып қана нығайта аламыз.



ӘОЖ 316.721

ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДАРЫС: ҰЛТ ЖӘНЕ ҰРПАҚ МӘСЕЛЕСІ

Сайлауова А., Кульбаева Д.Д.

Біз қазақ халқы жетімін жылатпаған, жесірін жерге қаратпаған халықпыз. Бірақ, қазіргі таңда жалғыз басты жесір аналармен, ата-ананың мейірімін сезіне алмай жүрген жетім балалар жетіп артылады. Ал тастанды балалар ше? Ол бейкүнә сәбилер жайлы айтудың өзі жан түршіктіреді. Қазіргі таңда көптеген қыз-келіншек нәрестелерін алмай, босанатын үйлерге тастап кетеді. Бұл қатыгездіктің себебі менің ойымша адамзаттың алтын жартасы, өмірдің сарқылмас бұлағы-әйелдерге, қыздарға берер тәрбиенің төмендігі. Тәрбие демекші ата-бабаларымыздың «Ел болам десең-бесігіңді түзе» - деген сөзі ойыма оралып отыр. Егер де қаракөз қыз-келіншектеріміздің абыройы аяқасты етілмесін десек тәрбиені меніңше үйдегі ата-ана бесіктен бастау керек. Кішкентайынан бастап балаларын жақсы тәрбиеге шақырулары тиіс. Тәрбие көрмеген қыздардың бірсыпырасы ұрпақ келтіріп, ұл -қыз өсіріп, халық санын көбейтпек түгіл, күн көре алмай, өз басына ие бола алмай жүр. Еріншектіктен, жалқаулықтан жезөкшелікке салынып, тәнін сатумен айналысып, азғындап кетті. 12 мүшесі сау болса да, адал еңбекпен нан таппай, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп жатыр. Осылай олар жеңіл жолмен жүріп қалай жүкті болып қалғанын білмей, бейкүнә сәбилерінен арылуға тырысады. Кейбірі өз өмірінің жалғасы, болашақ қоғам мүшесі - сәбиін тұншықтырып өлтіріп, қоқысқа тығып, әжетханаларға тастап жібереді. Бұл неткен имансыздық, қандай қатыгездік, осындай да сорақылық, сезімсіздік болады екен. Бұл әрекет, тағылық санамен қайтіп өсеміз, қайтіп көбейеміз? Басқа елдің кемпірлері де ұрпақ өсіріп, бақыт табу қамында. АҚШ-та тұратын филиппиндік 63 жастағы Арсели Кех деген әжей 1995 жылы қыз туып алып, Гиннестің рекордтар кітабына енген екен. Бұл кісімен жарысқа түсетін бізде кемпір түгіл, келіншек те жоқ сияқты.

Тағы да бір өкініштісі жетімдер үйіндегі және тастанды балалардың бірсыпырасы Атлантика асып кетіп жатыр. Шетелдіктер



біздің балаларға қамқорлық жасайын, тәрбиелеп адам қатарына қосайын, үйлі-жайлы етіп, өсіріп өркендетейін, сөйтіп Қазақстанды, қазақ халқын жарылқайын деп жүрген жоқ. Ойлағаны өз қамы, өз тәрбиесінде өсіріп, өз қатарын көбейту. Тіпті, өздерінің ауру адамдарына олардың бауыр, бүйрегін, көз, жүрегін қосалқы бөлшек, қосалқы мүше ретінде пайдаланып кетпесіне кім кепіл бере алады? Бала сату әлемнің көптеген елдерінде болғанымен, олар біз сияқты жетімін кім көрінгенге жетектетіп жібермейді. Мәселен, Германия мен Англияда баланы жалғыз басты адамдарға бермейтін қатаң заң бар. Латвия мен Литваның балаларын тек сол мемлекеттен қоныс аударған шетелдіктер ғана асырап ала алады. Израиль мен Армения да баланы тек өз ұлтының өкілдеріне ғана береді

Ол балалар жат елге барып Қазақстанды қорғау үшін тәрбие алмайды. Қазақстанымыздың атын шығаратын да сөндіретін де осы балаларымыз. Ұлттық рухымызды қалыптастыратын да, ұлттық мүддемізді көтеретін де осы асыл қазыналарымыз.

Ахмет Байтұрсынов атамыздың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін азамат қайдан болсын» деген сөзін ескерейік. Жетімдерге қатты сөйлеп жекірмейік, керісінше қолдау беріп, жол көрсетейік. Олардың қоғамға керектігіне көздерін жеткізейік.

Менің тілегім алдымен заңды қатандатса деймін. Адам тәнің базардағы көкөніс сияқты бағалайтын орындар қатаң жазаға тартылып, мүлдем жойылса екен. Өзге елге қамқорсыз қалған сәбилеріміз түгіл, біздің өлкеге еті үйренген құстарымыз да сатылмаса екен. «Көш жүре түзеледі»-дейміз, бірақ қашанғы сол көшке қарап жүреміз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - деген дана халқымыз. Ендеше барлығымыз жұмылған жұдырықтай осы іске ат салысайық. Құрметті аға буын, біз қазақ елінің жастары сіздердің көмектеріңіз арқылы осы іске аз болса да, үлесімізді қосуға тырысатындығымызды айтқым келеді. Өйткені барлық бала бақытты болуға лайық. Анасының құшағында өспесе де, туған жердің баурайында өссін.



ӘОЖ 32:316

ЖАСТАР БОЙЫНДА САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Айторе А., Еменова Г.Б.

Қазақстан – әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы бар егеменді мемлекет. Қазіргі мемлекетіміздің қалыптасуының экономикалық қиындықтары аз болған жоқ, алайда егемен ел болу үшін басты мақсаттар қатарынан саяси-рухани мәселелерді де көре аламыз. Олардың ішінде даралап айтып кетер бір – саласы жастардың саяси ой санасы мен құндылықтар жүйесінің, саяси бағдарларының қалыптасуы.

Жас ұрпақтың дүниетанымындағы өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, зерделеу теориялық міндеттер тұрғысынан қалай зәру болса, өмірлік мақсат-мүддеден де солай маңызды. Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі, еліміздің егемендік алуы – тәуелсіздігіміз қаншама құндылықтарға жол ашты. Қоғамның күллі бағыт-бағдары, ізгі мұраттары, қажеттіліктері мен себеп-салдарлары түбегейлі өзгерді, мұның өзінің жастардың ой-санасына, өмірлік ұстанымдарына әсер-ықпалы болмай қалған жоқ. Жастар – еліміздің жарқын болашағы, әрі әлемде өзіне баса назар аударатын халықаралық жастар қауымдастығының бір бөлшегі болып табылады.

Жастар Қазақстан халқының жартысынан артығын құрайды және қоғамның бұл өзгермелі, белсенді және «тәжірибесіз» бөлігі ел болашағында шешуші рөл атқарады. Н.Ә. Назарбаев осы мәселеге ерекше назар аудара отырып: «Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр буынның өзіндік тағдыры бар. Сіздерде де ол өздеріңіздікі. Сіздерге осындай уақытта өмір сүру үлесі тиді. Және сіздер елді көтере аласыздар... Қуатты күш болғандықтан Қазақстан Республикасы кері бағытта жүргісі келмейтіндігін нық жариялай отырып, жастар жүргізіліп жатқан реформалар бағдарын қолдай алады». Тиімді әрі пәрменді әрекет ету үшін жастарда әрі озық, әрі еліміздің түбегейлі мүдделеріне сәйкес саяси құндылықтар жүйесін қалыптастыру міндеті айқындалып тұр. Бұл істі әлеуметтік стихияға беріп қою дұрыс емес. Өйткені бос қалған орын міндетті түрде толтырылады.



Қазақстандағы саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді, этникалық өзара түсіністікті нығайту мәселелерімен астасып жатады. Қазақстан жастарының демократиялық құқықтарын кеңейту, олардың саяси процеске нағыз саяси субъект ретінде қатысуы бүгінгі еліміздің саяси ахуалы үшін нақты мүмкіндіктер.

Зерттеудің негізгі мақсаты – жастардың саяси құндылықтық бағдарларын анықтау, нақты-тарихи зерттеулер арқылы дәстүрлі саяси құндылықтардың саяси өмірге тигізетін әсерін және олардың саяси құбылыстармен байланысын зерттеу. Зерттеу объектісі ретінде жастардың саяси құндылықтық бағдарларын айқындау, саяси құндылықтардың қалыптасу түптамырларын көрсету болып табылады. Саяси мәдениет саяси әлеуметтену құбылысымен астасып жататын қоғамда тарихи, табиғи құбылыс.

Саяси әлеуметтенудің негізгі институттарына дәстүрлі саясаттануда: отбасы, мектеп, аула, жұмыс орны, діни ұйымдар, мәдени ошақтар, БАҚ, мемлекеттік мекемелер және т.б жататыны белгілі. Саяси әлеуметтену процесі индивидтің бүкіл өмір бойы жалғасады. Жастардың саяси құндылықтық бағдарларын қалыптастыруда патриоттық тәрбиенің мәні зор. Қазақ халқы "Отан" ұғымын бала бойына ерте сіңіруге тырысқан, оны туған жер, ата-мекен, ел-жұрт ұғымдарымен байланыстырған. Қазақ баласы үшін отан – отбасынан, ата жұртынан, туып өскен топырақтан басталады. Бұны қазақ халқының мына мақалынан айқын аңғаруға болады. Мұндай ұғымдар негізінде тәрбиеленген патриоттық сезім қалыптастыратындығы анық. Бүгінгі ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, елжандылықты, жасұрпақ бойына дарыту бүгінгі күннің көкейкесті мәселесінің бірі болып отыр.

Мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты кең ауқымды процесс, оның ішінде әсіресе мемлекеттік жастар саясаты және жастардың саяси құндылықтық бағдарлары ең маңызды процестердің бірі болып табылады. Өйткені, жастар қоғамның қозғаушы күші және еліміздің ертеңі.



УДК 94(574)

550-ЛЕТИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Калманбаева Д., Иманбаев А.А.

В XV веке султаны Керей и Жанибек откочевали с подчиненными им племенами из государства кочевых узбеков хана Абулхаира и обосновались на территории нынешнего Западного Семиречья, открыв тем самым первую страницу истории Казахстана как государства. Благодаря откочевке ханов Жанибека и Керей сформировалось современное название казахской народности, с конца XV века появился термин «қазақ» (казах).

В этом году всей страной мы отмечаем 550-летие образования Казахского ханства.

Само по себе празднование этого юбилея имеет очень важное значение для нашего молодого государства, патриотического воспитания молодежи, воспитания государственности в умах и сердцах наших граждан.

Юбилей – хороший повод для оценки прошлого, для пристального взгляда на летопись событий. Это важно и для извлечения уроков истории. Как любой народ на земле, наш казахский, а позже – казахстанский народ имеет свою неповторимую историю.

Без истории не может быть народа, государства с возникновением казахских родов и племен, вместе с организацией их хозяйственной жизни и быта, формируются философские принципы, которые составляют основу мировоззрения казахских племен.

Современный исследователь Абдималик Нысанбаев подчеркивает, что казахские философы не создавали законченных философских систем, но поднимали важные мировоззренческие проблемы в своём литературном творчестве.

В современной казахской философии получили развитие идеи евразийства и номадологии.

Следует считать, что термин «казахская философия» – категория современная, хотя такие понятия, как «дана» – мудрый, «данышпан» – мудрец, «даналық» – мудрость, были в языке с



незапамятных времен. На наш взгляд слова «даналық» и «хаким» стоят ближе всего по значению к философии. «Слово, завещанное предками», – эта поговорка бытует в народе до сего времени. Есть еще такое выражение: от мудрого остается сөз (слово). Понятие «сөз» в данном случае значительно шире своего прямого значения

Первые казахские мыслители Асан Кайгы и Хайдар Дулати. Собственно казахская философия («даналық ойлар») начинает свою историю именно с этих имен. Асан Сабит улы - первый казахский жырау, выдающаяся личность, общественный деятель, мыслитель, создатель нового учения о «Жерұйық» (Земля обетованная), ставшего основой государственной концепции построения независимого Казахского ханства.

Шокан Уалиханов, придавая исключительное значение идее государственного обустройства, назвал Асана Кайгы первым степным философом, считавшим, что земля – это главное, основополагающее понятие в истории становления национального самосознания, мировосприятия народа.

Слово «Жерұйық» состоит из двух частей – «жер» (земля), «ұю» - (благодать). «ұю» широком смысле для Асана Кайгы означает понятие гражданственности, единства, единения, этнической консолидации нации, объединившейся под флагом государственности. Таким образом, Асан Кайгы является первым, кто заложил основы государственного обустройства Казахского ханства. По существу, он является не только первым философом, но и первым географом и топографом, составителем рекомендаций по организации разумного использования земель. Определение территорий, правила и принципы государственного управления, особенности формирования единой нации – все эти вопросы поднимал и предпринимал попытку решать первый казахский мыслитель Асан Сабит улы. Еще одним подтверждением того, что он является первым, кто заложил краеугольный камень казахской философии, является прибавление к его имени эпитета «қайғы» (печаль).

Емко, выразительно Асан Кайгы воссоздает образ будущего, желая подготовить потомков к трудностям, сформировать у них чувство ответственности за судьбу государства. Во все времена мудрецы были духовными поводьями сменяющих друг друга.



ӘОЖ 316.346.32-053.6:613.83

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ НАШАҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Дәулеткүл Н., Иманбаев А.А.

Біздің ғасырымыздың басты дерті – нашақорлық мәселесі. Нашақорлық қылмыстық, денсаулықтың нашарлауына үлкен себеп болып саналады. Сол себептен осы тақырыпты зерттеуге алып отырмыз. Бұл мәселе біздің қоғамымызда күрделі жастар арасындағы мәселесі.

Жастар психологиясына жүргізілген зертеулер, олардың - орта іздейтіндігі, ортасы жоқ жасөспірім жапанда жалғыз қалғандай сезінетіндігі дәлелденген. Ал ортада қай бала жан-жақты пысық, соңынан өзгелерді ерте алатындай қабілеті болса, соған ұқсағысы келіп ұмтылады. Ол жақсы бала ма, жаман бала ма есеп беріп жатпайды, әйтеуір айналасындағылардың түрткісін оятады, ол түрткі немен аяқталады, ол баланың табиғатына байланысты болады.

Бүгінгі күні баланы қызықтыратын орта аз, қала баласы түнгі клуб, би алаңдарын айландырса, ауыл баласы көше тоздырып, арақ-шарап ішуге әуес. Нашақорлар неге көбейіп кетті дейсіз? Оның себебі бала тәрбиесіне көп көңіл бөлінбеуінде. Жасыратыны жоқ, көптеген ата-ана баласымен тек қана материалдық тұрғыда ғана әңгімелесумен шектеледі, қарның тоқ па, көйлегің көк пе дегендей. Баламен әңгімелесуге, оны не толғандырып жүргенін, оның ортасы қандай, достары кім екенін білуге, жас өспірімнің бос уақытын қайда, қалай, кіммен өткізетіндігін білуге, сырласуға уақыт таппаймыз. Көбінесе ауқатты отбасының балалары қарны тоқтықтан, істейтін іс жоқ болғандықтан нашақорлыққа, есірткі сатушыларға қосылғанын байқамайды да.

Осы орайда «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деген Ұлы Абайдың орынды тауып айтқан өлең шумағы есіңізге түседі. Жас кезінде адам қызыққыш келетіндіктен қызық көріп, біреулері есірткі дәмін татып көруден бастап, ал екінші біреулері, біреулердің мәжбүрлеуімен нашақор болып кеткендер бар. Есірткіні таратушылар қызық көріп жүрген жастарды, «Инемен



салмасаң болды» нашақор емессің, ал біз иіскейміз, одан нашақор болмаймыз деп алдауы да мүмкін. Ал шындығында, жас организм есірткінің дәмін бір рет татқан соң тәуелді болып шыға келеді. Біз бала тәрбиесін оқу орнына қарай ысырып қойғанбыз, содан кейін сол оқушыларды кінәлаймыз. Күнен күнге психоактивтік заттардың зияндығына қарамастан оны қолданатын адамдардың саны артуда. Жасөспірімдер нашақорлығының әлеуеттік келешегін мамандар алдын ала болжауға болатындықтан олар:

- біріншіден, 12-18 жастағы нашақорлар – бұл ар-ождан принциптері бұзылған, адамгершілік қасиеттері төмен деңгейдегі адамдар. Сонымен қатар, есірткі қолдану балаларды жиі қылмысқа итермелейді. Сөйтіп 10-20 жылдан кейін жас өспірім нашақорлық әлеуметтік қауіп тобын құрайды.
- екіншіден нашақор балалардың көпшілігі өліп кетеді немесе дені сау келешек ұрпақ өсіре алмайды, яғни СПИД, вирусты гепатит, ақыл-ойдың дұрыс болмауы және т.б. аурулар біздің қоғамның дамуына көп қауіп төндіреді.
- үшіншіден мұндай жағдай қоғамның экономикалық және саяси ахуалына өз әсерін тигізеді, білім және маман әлеуетінің (потенциалын) төмендеуі, жұмыс күшінің азаюы мен есірткі бизнесінің шарықтауы экономикалық дағдарысты одан әрі өсіреді де нәтижесінде тұрақтылық бұзылады. Сонымен қатар есірткі тек оны қолданатын адамға ғана зиянын тигізіп қоймайды, сонымен қатар оның жақындарына, туыстарына және жалпы қоғамдағы адамдарға көп қиындықтар туғызады: 1 нашақор 10 адамның өмірін бұзады. Соңғы жылдары елімізде есірткінің заңсыз айналымы проблемасы жалпы ұлттық сипатқа ие болуда. Есірткі заттарының аса қымбат еместігі, оларға іс жүзінде еш кедергісіз қол жеткізудің мүмкіндігі нашақорлар қатарының кемімей, қайта керісінше үнемі артып отыруына алып келді.

Осыған байланысты, қоғамдық - қасіреттің алдын алу мақсатында жергілікті жерлерде оқушылар арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, жастарды спортқа, басқада мәдени ұйымдарға тарта отырып олардың бос уақыттарын кіммен қалай өткізетіндігіне аса көңіл бөлінсе дегім келеді.



ӘОЖ 297.1

ИСЛАМНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Аманжол Ж., Алтынбекова З.Т.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ислам дінінің негізгі мақсаты – мүлтіксіз қоғам құру. Яғни адамзаттың баршасы бейбітшілік пен татулықта, кешірімділік пен мейірімділікте, өзара қарайласу мен қамқорлық танытып, шариғатқа сай өмір сүру. Асыл дініміз өз ішіне қаншама құндылықтарды сыйдыра білген дін. Ислам адамның абыройы мен ар-ожданын бәрінен де жоғары қояды, отбасы мен қоғам бірлігін, ынтымағын сақтауды, әлеуметтік әділетті көздейді.

Ислам – имандылық, адамгершілік, адалдық пен татулық, мейірімділік діні. Ол адам баласын еңбек етіп, жиіркенішті жат қылықтардан, қылмыстық істерден сақтандырады. Ислам діні әлемге шуақ шашып, нұр тарата бастағаннан бері татулыққа, достыққа, әділдікке шақырумен келеді. Ислам өмірді ұлықтайды, адамдарды оны қадірлеуге үндейді.

Мұсылмандардың сәлемдесуде айтатын «ассәламу алейкум» сөзі «сендерге Аллаһтың бейбітшілігі мен есендігі, тыныштығы болсын!» – деген мағынаны білдіреді. «Ислам», «сәлам», «мұсылман» сөздерінің барлығының түбірі бір. Яғни, бейбітшілік пен тыныштықтың мағынасын қамтитын сөздер. Мұсылман баласы сол бейбітшілікті өзінің отырып-тұруында, сәлемі мен сөйлеуінде, өзгелермен қарым қатынасында, қысқасы әрбір іс әрекетінде іс жүзінде көрсетуші тұлға болмақ. Себебі, Исламның басты мұратының бірі – адамдар арасында бейбіт қарым-қатынас орнатып, тыныштықта өмір сүру. Ислам діні – кешірімшіл дін. Ол ешқашан да кекшілдікке, озбырлыққа шақырмайды. Ислам дінін ғылым, білім, мәдениет, яғни үлкен өркениет десек жарасады. Міне, мұның барлығы дініміздің құндылықтары болып табылады. Бұл құндылықтар өз кезегінде: өнегелі жауапкершілік, мейірімділік, адамгершілік, қарапайымдылық, ғылым-білім, ақыл-ой, ерік-бостандық, әділеттілік,



қауіпсіздік, адалдық, ата-анаға құрмет, тазалық, шүкіршілік, отансүйгіштік, рақымшылдық құндылықтары, уақыт, аманат, достық, әділет, ар-ұят, қайырымдылық, адалдық, ынтымақтастық құндылықтары болып жіктеледі. Аталған құндылықтар туралы Қасиетті Құран Кәрім мен Пайғамбар сөздерінде, яғни хадистерде жақсы айтылған. Себебі, Құран мен Хадистің өзі ислам құндылықтарының қайнар көзі болып табылады. Исламдағы басты құндылық «Әшһаду ән лә иләһә илл Аллауа әшһәду әннә Мухаммәдән расулуллаһ» яғни, «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік беру» болып табылады. Бұл жерде Бір Аллаға сену, бір Алланы мойындау – бірінші құндылық болса, осы құндылықты халыққа жеткізуде аянбай еңбек еткен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды оның елшісі деп білу – екінші құндылық болып тұр.

Исламдағы басқа да басты құндылықтарының бірі - өмір болып табылады. Исламда өмір Алланың, кез-келген тіршілік иесіне берілген сый атаулысының ең ұлы, ең бағалысы ретінде қабылданады. Өмір сыйлау және одан айыру – тек қана Құдайдың иелігінде. Мұсылман өз кезегінде өмірдің Құдай сыйы екенін мойындайды, мұсылман үшін бүгінгі дәуренді сүру қасиетті міндет болып саналады. Исламда өз-өзіне қол жұмсау секілді басқа адамның өмірін қию да ауыр күнә ретінде аталады.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған. Қоғамның пайдасы үшін болса да, Исламда қандай да бір адамның құқы аяқ асты етілмейді. Жалғыз адамның құқы – жалпы қоғамның құқындай қымбат. Құдіреті күшті Алла Тағаланың адамзатқа сыйлаған ірі сый-нығметінің бірі – қауіпсіздік. Онсыз біз тұрақтылық пен тыныштықты сезіне алмаймыз. Бұл да үлкен құндылық. Достық пен ынтымақтастық құндылығы туралы айтатын болсақ Ислам діні қашанда халықты бірлік пен ынтымыққа шақырып, араздық, кикілжіннен сақтандырады. Алла Тағала Құранда мұсылмандарды бөлінбеуге, керісінше бірлік пен ынтымаққа шақырады. Қазақ атамның айтып кеткен сөзі бар: «Бірлік бар жерде тірлік бар, тірлік бар жерде береке бар». Қазақстан – бірлігі жарасқан ел.



ӘОЖ 291.7:371.87

ДІНИ ФАНАТИЗМ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Серік Н., Алтынбекова З.Т.

Бүгінгі қоғамда дін мәселесі, оның ішінде радикалды ағымдардың ықпалына түсіп, адасушылық жолда жүрген қаншама студент-жастарымыз, осы теріс пиғылдардың кесірінен бабаларымыздың аманат етіп қалдырған ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды мойындамуы алаңдататындай-ақ мәселе. Оның салдары жастардың діни-дүниетанымдық көзқарастарының дұрыс қалыптаспауынан. Яғни, жастардың тарапынан ұлттық құндылықтарымыздың бағаланбауы, дәстүр мен әдет-ғұрыптардың мойындалмауы. Оның астарында радикалды ағымдардың ықпалына түсіп, діни фанатизмге бет бұруы. Сондықтан да, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Діни фанатизм мен жастар мәселесі» деп алуымыздың басты себебі, жастардың неліктен діни фанатизмге берілуіне себептерін ашып көрсету. Сондай-ақ, еліміздің ынтымағын, бірлігін, бейбітшілігін сақтап, ұлттық мәдениетімізді, тілімізді, әдет-ғұрыпымызды жоғалтпай, келешек ұрпаққа жеткізу. Қазіргі кезеңнің ерекшелігі – дінге сенем деушілердің көпшілігінің діни білімінің негізгі ұстанымдары қағидаларын, тарихын жете білмейтіндігінде. «Өткен тарихты білмейінше болашақты құру мүмкін емес» деген қағиданы ескерсек, тарихи-мәдени мұраны, ал біздің жағдайымызда құқықтық қатынастар мен олардың астарында жатқан дүниетанымдық негіздерді игерудің қаншалықты маңызды екені айқындала түседі.

Ұсынылып отырған ғылыми зерттеу жұмысында аталған ауқымды мәселелердің бірі – діни фанатизм салдарынан діни экстремизм мен терроризмнің пайда болуына алып келетіндігі. Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. «Діни экстремизм» әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. «Діни экстремизм» – террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болатын саяси құрал.

Зерттеу жұмысының мақсаты – діни фанатизм ұғымының мәнін ашу, жастардың діни фанатизмге неліктен берілуіне себеп-салдарын



талдай отырып, дүниетанымдық негіздерін ашу. Жұмыста жүйелі тұрғыда діни фанатизм, экстремизмнің түсініктері және олардың студент-жастарға кері әсері айқын көрсетілген. Сондай-ақ, ислам дінінің қазақ мәдениетімен өзара сабақтастығы, діни фанатизм мен терроризмнің алдын алу жолдары қарастырылған.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде: «...Бізге төзімсіздік немесе діни фанатизм жат. Бұл рухани дәстүр, бұл қандай шеңберде болмасын Құдайдың Сөзіне деген ашықтық. Бұл – Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің ең маңызды негіздерінің бірі. Біз әлемге өзіміздің толеранттығымызбен, ұлтаралық, конфессияаралық келісім мен диалогты сақтауымызбен танылдық. Біздің еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті бұдан әрі қарай да сақталуға, дамуға тиіс» деген болатын. Діндер – бүгінгі таңдағы әлемдегі ұлтаралық тұтастықты нығайтудағы басты фактор. Сондықтан діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен қағидаттарды, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз. Айта кету керек, Қазақстан діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде игі дәстүрлерге ие. Қазақ жері көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған.

Ойымды түйіндей келе, ислам діні ешқашан басқа сенімдерге немесе қоғамның құндылықтары мен дәстүрлеріне қарсы шыққан емес. Қазақтар дінді сыртқы атрибутика ережелері мен шартты жоралар жиынтығы ретінде емес, этникалық мәдениет пен халықтың философиясымен табиғи байланысы бар әмбебап діни ілім ретінде қабылдады. Ислам діні бұл адам баласын ізгілікке, татулыққа, бейбітшілікке шақырады. Ислам дінінде мейірімділік бар, қайырымдылық бар. Анаға, балаға деген ерекше қамқорлық бар. Мұның бәрі біздің бабаларымыз ұстанған және қазір Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ресми түрде насихаттайтын исламдағы ханафи мазхабы ілімінің арқасында мүмкін болып отыр. Жалған уағызшылардың шақыруын ойланбай қабылдап, жетегінде кетпей, әрбір іс-әрекеттеріңіз бен қадамдарыңызды ақылға салып, оларды қоғамда белгіленген жүріс-тұрыс және адамгершілік нормалары тұрғысынан пайымдауға тырысқандарыңыз жөн.



ӘОЖ 314.424.2

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІ

Нұрдаулет Н., Спанов М.Ж.

XXI ғ. дүние жүзінің ғалымдарын толғандыратын мәселе ол қазіргі кезде жасөспірімдер арасында жиі кездесетін-суицид. БӘДСҰ-ның соңғы мәліметтері бойынша 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында өзін-өзі өлтіру екі есе артып кетті. Ол мемлекеттегі экономикалық жағдайларға байланысты. Мәселен, Францияда соңғы 10 жылда суицидтен өлген балалар саны үш есе артқан.

Қазіргі кезде Суицидалогия деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыты бар, ол социология, психология, медицина, демография, психатрия тоғысында пайда болып осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуге тырысты. Суицидалды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептеледі. Адамзат тарихында өзін-өзі өлтіру әрекеті әртүрлі бағаланады.

Суицид себептері: субъектінің тұлғалық деформациясы; психотравмалық жағдай; әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық мәселелер. Жасөспірімдер арасындағы өзіне қол жұмсау әрекеттерінің себептері: отбасындағы ұрыс-керіс; жастар арасындағы тұлға аралық қарым-қатынастың бұзылуы; жазалану алдындағы қорқыныш; махаббат проблемалары; кедейлік. Суицидтің себебі: Өмір – Алланың тапсырған аманаты. Адамға сыйлаған өмірін тек Жаратқан Ие ғана қайтарып ала алады. Исламда - өзін-өзі өлтіру – ауыр күнә. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде: «Кімде-кім өзін-өзі қандай да бір темірмен өлтірсе, жаһаннамда қолында темір алып, мәңгі-бақи өзін-өзі түйреумен болады. Ал, кімде-кім у ішіп өлсе, жаһаннам отында мәңгілік у ішумен болады. Ал, кім өзін таудан тастап өлтірсе, жаһаннамда өзін мәңгі отқа лақтырып тұрады» деп ескертеді. Христиан танымында да өзін-өзі өлтірі – қылмыс саналады. Суицид барған сайын «жасарып» барады. Отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары көрсенкендей, суицид дертінің құрбаны болғандардың тек төрт-бес пайызы ғана есепте тұрған. Әрбір жас кезеңдеріне сай суицидальды белсенділік тән болады. Балалық шақ – 12 жасқа дейін, жеткіншектік кезең – 12-17 жас, жастар арасы – 17-29 жас, ересектер арасы – 30-35 жас, қарттық кезең – 55-70 жас.



Суицидальді мінез-құлықтың 5 типі бар: протест, жанашырлыққа шақыру, қайғыдан қашу, өзін-өзі жазалау, өмірден бас тарту.

Мамандар жыл сайын Қазақстанда 14 пен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 6-8 суицид фактісі тіркелетіндігін айтады. Елде 2005-2007 жылдары кәмелетке толмағандар арасында 1364 өз-өзіне қол салу фактісі анықталып, оның 887-і қазамен аяқталған. 2005 жылы – 261, 2006 – 274, ал 2007 – 352 суицид тіркелген.

Мамандар өлуге құмарту – психиканың проблемасы екендігін айтады. Сондықтан әрдайым жақындарыңмен бірге болып, бір-бірін бағалап, әрдайым түсіністікпен өмір сүре білу қажет дейді психолог мамандар. Көмек кезінде не істеу керек?

Суицид қауіпін уақытылы анықтау (мүмкін болатын қауіп белгілерін іздеу); суицидентке тұлға ретінде қарау; қамқорлық қарым-қатынас орнату, жақсы тыңдаушы бола білу; әңгіме барысында суицидентке қарсы келмеу; сұхбат барысында сәтсіз жұбатиуларға жол бермеу және мүмкіндігінше өмірге үміт ұялату; өзіне-өзі қол жұмсау қауіп деңгейін анақтау; жоғары қауіп тобындағы адамды жалғыз қалдырмау; арнайы мамандарға хабар беру.

2020 жылы суицид ғаламдық проблемаға айналмақ! Суицидтің статистикалық көрсеткіші бойынша Қазақстан әлем елдері қатарында үшінші орын, Азия елдері бойынша бірінші орында тұр! Бұл қоғамымызға енген індет, дерт, қасірет. Бейбіт өмір аясында өз ажалынан бұрын жастарымыз өзіне-өзі қол жұмсауда. Сезімге ереміз деп санамызды тұмшаламауға болмайды. Тасқа желіндеп, мұзға туған ата-бабаларымыздан қалған ұрпақпыз, ертеңгі күннің атар таңымыз! Суицидтік үдеріс осындай жоғары көрсеткішпен дамуын жалғастырса, еліміз бен зхалқымыз не болмақ? Барлық мәселенің себебі де, шешімі де алыста жатқан жоқ. Отбасы ошақ қасы маңындағы әрекеттеріміздің нәтижесі.

Балаға жастайынан тәрбие беріп еңбекке баулысақ, білімге құштарлығын оятсақ отбасы деген иммунитетімізді жақсартсақ суицид деген вирустың ауылы алыста болар еді.



ӘОЖ 316.346.32-053:314.924.2

ТАСТАНДЫ ҚАРТ – ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫНА ЖАТ ДҮНИЕ

Рахымбаев Н., Спанов М.Ж.

Қариясы бар елдің қазынасы бар деген. Қарт дегеніміз – ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Қай заманда болмасын қоғамда қарияларға деген құрмет, ізет-ілтипат ерекше болған, бола да бермек. «Көпті білгеннен емес, көпті көргеннен сұра» деген дана қазақ. Себебі олардың тәжірибесі мол, өмірден түйгені көп. Бір-бір шаңырақтың мығым керегелері, бастау бұлақтары. Жалпы, айтқанда қарияның өмірлік ұстанымы әрдайым бірлік пен берекеден тұрады. Ал, енді көп жағдайда «қолда бар алтынның да қадіріне жете бермейтініміз» өкінішті-ақ. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамда жасы егде тартқан ата-анасынан сырт айналған безбүйрек ұл-қыздардың бар екендігі және олардың қатары ошалықты аз да емес екендігі, өкінішке орай өмір шындығына айналып отыр. Жалпы қарттар үйлері дегеніміз осы қажеттілігіміз бе, әлде қасіретіміз бе?!

Заман күрт өзгеріп, негізі асқаша сарынға түсуі адамдардың санасы мен таным-түсінігін құбылтқан іспетті. Әлде, біздікі батысқа еліктеушілік болды ма?! Туған әке-шешесіне тірі жесір, жетімдей күн кештіріп, бейнеттің зейнетін көрер шағында қарттар үйіне апарып тастайтын қай қазақты көріп едік кешегі күні. Жыл санап қараусыз, баспанасыз қалған қарттардың көбеюі себебін әркім түрліше топшылайды. Облысымызда үш мемлекеттік қарттар үйі бар екен. Оның бірі Талас ауданында Қаратау қаласында, қалған екеуі Таразда жұмыс жасайды. Бұларда 800-ден астам қарттар мекен етеді. Саусақ бүгіп санап көрсек бір айдың өзінде осы шаңырақтың табалдырығын кеемі екі қарт аттайтын көрінеді. Өзге ұлт өкілдерінің қарасы біршама демесеңіз, өзіміздің қандас ақжаулықты апа, ақсақалды аталарымыз да олардың арасында аз емес. Шашының самайын ақ басып, қырау шалған қарттардың ендігі көрер қызығы осы болғаны ма? «Қазақта ешқашан мұндай болмаған. Балалары мен ата-анасынан бас тарту біздің дәстүрімізге жат», – деді Елбасы. Назарбаев өз баласы мен ата-анасынан бас тартуды ұят қылық деп бағалау керектігін айтып жүр. «Қарттар үйлеріне барған кезде түрлі адамдарды көремін. Ең қызығы – бұл қарттарды баспанамен,



тамақпен, медициналық қызметпен және ойын-сауықпен қамтамасыз ете отырып, мемлекет оларға зейнетақы да береді. Ол зейнетақыны аларда қариялардың балалар мен немерелері пайда бола кетеді. Міне, біз осыған да жеттік!» – деп наразылық білдірді Назарбаев. «2015-2020 жылдарға Қазақстан Республикасында отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық, рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын жасау керек. Ол қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен болатын барлық кешенді жұмысты қарастыруы тиіс. Президент Әкімшілігі мен Үкіметке екі ай мерзім ішінде осындай ұсыныс енгізуді тапсырамын», – деді Президент. «Комиссия құрамын нығайту керек, оның жұмысына азаматтық қоғамның беделді өкілдерін тарту керек. Комиссия менің айтқандарымның бәрін зерттеп-талдауы керек. Неге балаларды тастап кетіп жатыр? Неге некелердің 20 пайызға жуығы алғашқы жылдары-ақ ажырасумен аяқталады? Жастарды бұл мәселелерге психологиялық жағынан кім даярлайды? Түрлі жағдайлар бар екенін түсінеміз, бірақ мұндай деңгейде емес. Қариялар мен тірі, сап-сау балаларды неге тастап кетеді? Президент Әкімшілігімен бірге осы мәселелердің бәрін зерттеп, мемлекет тиісті шара қолдануы керек», – деді Назарбаев. Мемлекет басшысы елдің заңнамасында балалардың ата-ана үшін жауапты екені жазылғанын атап өтті. «Егер қарттары қасында болмаса, олар қариялар үшін алимент төлеуі тиіс. Бұл заңның қалай орындалып жатқанын тексеру керек. Еңбекпен қамтуда қарт адамдарды қорғаудың заңдық тетіктерін енгізу мәселесін қарау керек», – деді ол. Осы мәселеде біздің қоғам ойлануы қажет. Осы түйіткілді мәселеге ел болып, қоғам болып кіріссек де әлде қашан шешімін табар ма еді деген ой туады. Мысалы, «Қарттар туралы» заң көрші Ресей де, Түркіменстанда, тіпті Қытай да бар екен. Мәселен Қытайда ата-анасын еркінен тыныс тыс қарттар үйіне өткізсе, онда оның баласы қылмыстық жауапкершілікке тартылады екен. Міне, заңның мысы, күші. Осы жүйені біздің елге де ертерек енгізу керек секілді. Түркіменстанның өзінде әкешешесін қарттар үйіне өткізгендерге қомақты айыппұл салынады. Біздің қоғамда бұл мәселе талқылануда. Дегенмен де, қазақ болмысына ата-анасын қарттар үйіне өткізу жат дүние.



ӘОЖ 37.018.1

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫН ҚҰРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Шапенова Г., Спанов М.Ж.

Ел дамуының ұзақ мерзімге белгіленген бағдарламасы – «Қазақстан – 2050» Стратегиясының түпкі мақсаттарының бірі дені сау, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ өсіруге, әр отбасының берекелі өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғамда осындай рухани – әлеуметтік деңгейдегі берік отбасылық құндылықтарды тереңдету мақсатында елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісін «Отбасы күні» мерекесі ретінде бекітті.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

М. Шоқайдың «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», – деген ой-пікірі ұлттық тәрбиелік құндылықтарды бойына сіңірген адам ғана елінің қамын жеп келешегін ойлайды дегенге саяды. Халқымыздың сан ғасырлық тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәрбиеге қатысты тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мол. Ұлттық тәрбиенің көздері: фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мерейлі отбасы – толыққанды, тату, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген қазақи отбасы. Отбасындағы тәрбиенің қос негізі – әке мен ана. Әрбір ата –



ана өз баласының денсаулығына қамқор болуға, біліммен тәрбие беруге міндетті. Сол сияқты балаларының да әке алдындағы борышы, ана сүтін ақтау сияқты тәрбиелік заңдылықтары бар. Осы қағидаттарды сақтаған күннің өзінде – ақ біздің қоғамда қарттар мен жетімдер үйінің саны аз болар еді. Жалпы қоғамдағы көптеген мәселелердің түбі ұлттық тәрбиеге келіп тіреледі.

Ұлттық тәрбиенің көздері: фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі.

Міне, бұл орайда ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету сабақта және сыныптан тыс сабақтарда, тәрбие сағаттарында көрсету үрдіске айналып келеді. Еліміздің ертеңін сеніп тапсыратын отансүйгіш, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай тер төгіп келеміз.

Мерейлі отбасы қазіргі таңда бүкіл қазақстандық отбасылар ұмтылуға тиіс үлгі болып отыр. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін жоғарылатуға бағытталған. Конкурсты өткізудің мақсаттары ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ отбасыларды, еңбекке қабілетсіз ата-аналарына кәмелетке толған балаларының күтім жасауын паш ету және кеңінен насихаттау болып табылады.

Қорыта келгенде, халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасқан ұлттық мәдениетімізді бойымызға сіңіріп, оны келешек ұрпаққа сақтай білейік.

Елбасымыз айтпақшы, ХХІ ғасырдың ортасында ұлттық құндылықтарын жоғалтпаған, бай-бақуатты, білімді, салауатты өмір салтын ұстанған ұрпағы бар мемлекеттер ғана алдыңғы орыннан көрінеді. Бала тәрбиелеу – болашаққа жасаған біздің ең үлкен инвестициямыз болмақ. Отбасы бірлігі – отанның бірлігі.



ӘОЖ 323(574)

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ САЯСИ ТҰЛҒАСЫ

Жолдыбай Б., Баярисов Р.У.

Өткен 2015 жылы республика жұртшылығы Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтті. Қазақ хандығының тарихында маңызды роль атқарып, елеулі із қалдырған тарихи тұлғалардың бірі – XVIII ғасырда билік еткен Абылай хан болды. Абылай хан – 1771-1781 жылдар аралығында билік құрған Қазақ хандығы тарихындағы ең ұлы хандардың бірі.

Абылайдың шын аты – Әбілмансұр. 1711 жылы әкесі Көркем Уәли Түркістанға сұлтан болып тұрған кезде дүниеге келген. 1723 жылы жоңғар билеушілері қазақ жеріне сансыз көп әскермен басып кіріп, елге ойран салды. Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталған қалың ел зұлматқа ұшыраған ауыз заманда Әбілмансұр он екі жаста еді. Әбілмансұр «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайдың саяси тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған Төле би ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Ел басына күн туған ауыр жылдары Абылай жастайынан жауынгерлердің қатарына қосылады да, 22 жасында батыр, қолбасшы ретінде танылады.

Қазақ билеушілері арасындағы алауыздық елдің жауға қарсы бірігіп, ұйымшылдықпен күресуіне үлкен кедергі келтіреді. Жоңғарлар түрлі шайқастарда қазақтарды келемеждеп, намысын таптап, жігерін құм қылу үшін дүбірлі жекпе-жектерге қазақ батырларын шақырады. Сондай әйгілі жекпе-жектердің бірі 1731 жылы болады. Осы жекпе-жекке жоңғарлар хонтайшы Қалден Сереннің жақын туысы, атақты батыр Шарышты шығарады. Қазақтар жағынан шыққан Сабалақ Шарышқа қарсы «Абылайлап»



шауып, оны жекпе-жекте жеңеді. Осы шайқастан кейін Әбілмансұр Әбілмәмбет ханның айтуымен Жәнібек деген ақсақалдан бата алып, «Абылай» аталып кетеді.

Аталған шайқастан кейін Абылай ержүректілігімен, батылдығымен, жауынгерлерді жігерлендіре білетін және қол бастай алатын қасиетімен елдің көзіне түседі. Абылай Әбілмәмбет ханның қолдауымен елдің саяси және әскери істеріне араласып, ел басқаратын жетекшілік және көшбасшылық қабілеттерін жетілдіре түседі. Абылайдың саяси қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 30-40 жылдардағы жоңғарлармен шайқастарда ерекше көрінді. 1738-1741 жылдары Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше рет ойсырата соққы берді. Ол шайқастарға қазақтың елге белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білетін саяси көшбасшылығының дәлелі болып табылады. Бірте-бірте ұлыстағы бар билік Әбілмәмбет ханнан өтіп, Абылайдың қолына көшеді. Абылайдың көшбасшылық қабілетін мойындаған Әбілмәмбет ақылшы аға болып қалып, кеңесші хан дәрежесімен шектеледі.

XVIII ғасырдың 50-ші жылдары Жоңғар мемлекеті саяси алауыздық пен билік үшін талас-тартыстың нәтижесінде әлсіреп, ыдырай бастады. Жоңғарлар арасындағы саяси дағдарысты Цинь империясы пайдаланып, 1756-1757 жылдары Жоңғар мемлекетін жойып, халқын қырып тынды. Осындай күрделі заманда Абылай Қытай және Ресеймен саяси-дипломатиялық, сауда қарым-қатынастарын орнатып, олармен бейбітшілік сақтай білді, осылайша іс жүзінде елдің дербестігін, жерінің тұтастығын сақтап қалды.

Қорыта айтқанда, Абылай хан – қазақ халқының тарихындағы аса күрделі кезеңде саяси сахнаға шығып, елу жылдай ел өмірінде маңызды роль атқарған ұлы саяси тұлға. Абылай қазақтың тарихында көреген хан, аса ірі саяси қайраткер, дарынды қолбасшы ретінде ел есінде сақталды. Елінің еркіндігін, бостандығын қорғады, елді жауға қарсы топтастырып, ұйымдастыра білді. Абылай хан бүкіл өмірін қазақ халқының бостандығы, егемендігі үшін күреске арнады, өз халқының түбірлі мүддесін қорғай білді.



ӘОЖ 297:322(574)

ДІНИ-РАДИКАЛДЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ ЖАСТАР САНАСЫНА КЕРІ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Байдарбек А., Баярисов Р.У.

1991 жылғы желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін елімізде 1992 жылғы 15 қаңтар күні «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кеңестік дәуірдегі көптеген жылдарға созылған діни іс-әрекеттерге тыйым салулардан кейін діни насихаттар мен діни қызметтерге толық еркіндік берілді. Осының нәтижесінде дін қызметкерлерінің жетіспеушілігін себеп қылып, дін ілімін игеруге қызығушылық білдірген кейбір жастарымыз діни білім алу үшін шет елдерге жіберілді. Осының нәтижесінде қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діни ұстанымына, ханафи мазһабының қағидаларына қайшы келетін діни ағымдардың, түрлі діни-радикалдық идеялардың жастар арасына таралуына мүмкіндік туды.

Діни-радикалдық ағымдардың өз идеяларын насихаттауы мен белсенді әрекеттерге көшуі әсіресе ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында күшейе түсті. Елімізде адамдардың өміріне, әсіресе құқық қорғау және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының қызметкерлерінің өміріне төнген қауіп айтарлықтай күшейді. Сонымен қатар еліміздегі тыныштық пен қоғамдық тұрақтылыққа да қауіп ұлғая түсті. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, мемлекеттік билік органдары аталған қауіпке қарсы бірқатар іс-шаралар қабылдады. Экстремистік деп танылған діни-радикалдық ұйымдардың қызметіне елімізде тыйым салынды. Қалыптасқан діни ахуалдың маңыздылығын ескере отырып, елімізде 2011 жылы 11 қазан күні «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл заң діни бірлестіктерді тіркеу мен олардың қызметіне мемлекет тарапынан бақылауға қойылатын талаптарды күшейтті.

Қазіргі кезде түрлі діни-радикалдық ағымдар жастардың санасын өздеріне бағындыру үшін қандай бағытта, қандай мәселелер төңірегінде насихаттар жүргізіп жатыр? Бірінші кезекте жастардың санасында қазақтың өз мәдениетіне, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына қарсы пиғылдағы көзқарастар қалыптастыруға



бағытталған насихаттар жүргізіліп жатқандығы жиі байқалады. Атап айтқанда, қазақтың келін түсіру кезінде жасалатын беташар рәсімін Аллаға серік қосу деп теріске шығару, бейсенбі күні иіс шығарып, жеті нан таратуды, қайтыс болған ата-бабалардың рухына бағыштап Құран оқытуды, өлген кісіге жаназа шығаруды және басқа да қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын ислам дінінің қағидаларына қайшы келеді деп, жастардың санасына өз халқының салт-дәстүріне қарсы көзқарастарды сіндіріп, ұялату сияқты әрекеттер байқалып жатады.

Діни-радикалдық ағымдар жастар арасында өз идеяларын таратып, оларды өздерінің ықпалына таратудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып отыр. Атап айтқанда, бірінші кезекте – жастардың санасын бақылауға алу, сол арқылы өздерінің ықпалына аңғалдықпен адасып түсіп қалған жастарға өздерінің айтқандарын істетіп, билігін жүргізу, ең бастысы – өз ықпалынан шығармау. Бұл бағытта олар Құранның сүрелері мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерін өздерінің насихаттарына шеберлікпен пайдалана біледі. Осындай насихаттардың арқасында олар жастарды еркін ойлау қабілетінен айырып, өздерінің айтқандарынан шықпайтын қуыршақ етіп, фанатизм жағдайына дейін жеткізеді.

Діни-радикалдық ағымдардың тағы да бір назар аударатын әдіс-тәсілдерінің бірі – өздерінің ықпалына түсіп қалған жастардың отбасына іріткі салу. Ондай жастар өздерінің ата-аналарына: «діннің амалдарын орындамасандар, маған ата-ана емессіңдер» деп жанжал шығарып, отбасының берекесін кетіреді, тіпті айтқандары орындалмаса отбасынан кетіп қалады. Мұндай әрекеттер қоғамда шиеленіс туғызып, жағдайды ушықтыра түседі.

Аталған қауіптің алдын алып, оған қарсы күреске қоғамның барлық мүшелері мен қоғамдық ұйымдар, орта, арнайы және жоғары оқу орындары өздерінің мүмкіндіктері шеңберінде әрекет етіп, өз үлестерін қосулары керек. Әсіресе жастардың діни сауаттылығын арттыру мәселесі айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Ол үшін әуелі «Дінтану» пәнін оқытудың сапасын арттырып, жастардың теріс діни ағымдардың насихатына қарсы иммунитетін күшейту қажет.



ӘОЖ 323:38

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ САЯСИ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Рысбек А., Еменова Г. Б.

Қазіргі таңда саяси-әлеуметтік негізде экстремизм мен терроризм өте күрделі мәселе болып отыр. Әлеуметтік патология құбылысы ретінде экстремизм мен терроризм әлеуметтік ғылымдарының әр түрлі салаларының назарын өзіне аудартуда. Оны саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, конфликтология бойынша мамандар, әлеуметтік және мінез-құлық психологтары, теологтар, криминологтар, философтар, заңгерлер және басқа мамандық иелері зерттеуге талпынуда. Бұл зерттеушілер өз пәндерінің аспектілері бойынша зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатса да, әлі де барлығының бірлескен ұжымдық кешенді зерттеу еңбектері жеткіліксіз. Себебі діни экстремизм өте күрделі әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық мәселе бола отырып, яғни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді саясаттандыру және тағы басқа сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс болып табылады.

«Діни экстремизм» ұғымының ғылыми айналымда, сондай-ақ қоғамда, БАҚ-да қолданыла басталғанына көп жылдар өте қойған жоқ. Дінді пайдаланып өз мақсатына жетуді көздеген экстремизм мен терроризм ХХІ ғасырдың дертіне айналууда. Дүниежүзінің әлеуметтік, мәдени және рухани, саяси, экономикалық мәселелерге әсерін тигізіп отырған діни экстремизм мен терроризмге ұйымшылды түрде жұмылдырыла ат салысып күресуіміз керек. Ақиқатында «діни экстремизм» (латын тілінен – басып жаншу) дінді жамыла отырып белгілі бір мемлекеттің, топтың немесе жеке тұлғаның санасын улау, өз ырқына көндіріп жоспарына сай пайдалану дегенді білдіреді. Арнайы сөздік бойынша «діни экстремизм – басқа діндерді ұстанушы адамдарға төзімсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе құқыққа қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру». Ол өз кезегінде көптеген елдерге өзіндік қауіп-қатерін төнідіріп келеді.



Жалпы экстремизмнің субъектісі ұлттық, қоғамдық, діни, саяси партиялар мен жеке тұлғалар, топтар, қозғалыстар болып саналады. Діни экстремизм – дін атынан күш қолдану, билікте төңкеріс жасау, мемлекеттің егемендігіне, тұтастығына нұқсан келтіру, жалпы теріс көзқарас пен іс-әрекет болып табылады. Экстремизмнің басты себептерінің бірі саяси құрылымдардың өзгеруі, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, халықтың басым көпшілігінің жағдайының төмендігі, оппозицияның күшеюі, белгілі бір теріс діни топтың өз мақсатын тез жүзеге асыру болып табылады. Экстремизм әртүрлі, ал оның бәрін біріктіретін екі түрлі элемент бар: біріншісі өкімет билігін құлдыратуға, күйретуге бағытталған. Екіншісі – қоғамға өте қауіпті күрделі идеология жүргізу, халыққа діни, психологиялық ықпал жасау арқылы ыдырату немесе өзге де зардаптардаң туындауын қауіпін туғызатын өзге де іс-әрекеттер.

Терроризм дегеніміз – мемлекетке, мемлекеттік органдарға, халықтың нақты топтарына тұлғаның немесе ұйымдасқан топтың елдегі саяси мақсатты сылтауратып өз мақсатына жетудегі саналы түрде күш көрсету іс-әрекеті. Қазіргі терроризмді жүзеге асыру масштабтары мен географиясына қарай үш топқа бөлуге болады:

- 1) халықаралық терроризм;
- 2) ішкі саяси терроризм;
- 3) қылмыстық терроризм.

Ал оның табиғаты мен мазмұнына қарай да түрлерге бөлінеді. Терроризм өзінің болжаусыздығымен және тосындығымен нақтылы үрей сезімін ұялатып, жұртшылықтың бәрін дерлік шарасыз да жазмыштық қауіп-қатермен шырмап тастайды. Оның тарапынан келетін соққының бағыт-бағдарымен уақыты болжаусыз, сондықтан да айрықша алаңдатады. Терроризм қауіпі әлемнің басым державалары АҚШ, Ресей, Қытай, Жапония, Германия, Франция, Үндістан, Таяу шығыс мемлекеттердің өздерін қорқыныш пен үрей астына алуда. Оның құрбаны мемлекет қайраткерлерінен бастап, қарапайым адамдарға дейін зардап шегуде.

Діни экстремизм және терроризм күрделі мәселе, оларға қарсы тұрудың жолдарын пайдалана отырып, қосымша – олар туралы дұрыс ашып көрсететін бейнероликтер, баспалар, фильмдер, әсіресе қазіргі таңда жастар көп қолданатын ғаламтор беттеріне теріс ағымдар туралы көптеп материалдар шығару керек. Діннің атын жамылған жағымсыз құбылыстарға қарсы күресу әрқайсысымыздың міндетіміз деп білуіміз керек.



ӘОЖ 94(574)2

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ОРНЫ

Есмаханова Н., Кульбаева Д.Д

Тарихта елеулі орын алып, артына өшпес мұра қалдырған көрнекті жыраулардың бірі Бұқар Қалқаманұлы. Бұқар жырау қазіргі Қарағанды облысына қарайтын (бұрынғы Баянауыл) Ульянов ауданының Далба тауы бойында 1668 жылы дүниеге келіп, сол мекенде 1781 жылы дүниеден қайтқан. Бұқар бабаның шыққан тегі қазақ шежіресі бойынша: Арғын ішінде Сүйіндік, одан Қаржас, Қаржастан Алтынторы, одан Артық, Жолымбет, Мәмбет, Келімбет, Бегімбет аталары тарайды. Жолымбеттен Қалқаман, Қойсары, Рымбет, Назар. Қалқаманнан - Бұқар жырау дүниеге келген. Бұқар анасынан туғанда Қалқаманның туысы Әнет баба:

Есімің Бұқар болсын,
Мінгенің тұлпар болсын,
Дауысың сұңқар болсын,
Ісіңе халық іңкәр болсын –
деп бата беріпті дейді ел.

Бұқар он екі жасынан азамат болып, ел билігіне араласқанға дейін Қожаберген ұстазының жанында жүрген. Сауатын ашқан, жыр толғаулар үйренген. Халық поэзиясының озық үлгілерімен танысқан. Самарқанд, Бұқара, Әндіжан сияқты шаһарлардағы медреселерде оқып, білім алған. Шәкірт кезінен ол бек, батыр, билермен бірге жүріп, ел билігіне қызу араласады. Кейбір шиеленіскен дау - жанжалдардың тағдырын шешуде Бұқар өзінің ақыл-парасатын, тапқырлық, шешендігін танытады. Әділ билігі, көрген сәуегейлігі, маржандай тізілген әдемі де, ойлы образды жыр, толғаулары мен ел құлағын елең еткізіп, халық құрметіне бөленеді.

Кезінде Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер мен хандар, билер, батырлар кеңесіне үздіксіз қатысып, оларға жыраулық билік, кеңесшілік қызмет атқарған. Әуелі Тәуке ханның, одан соң Есім, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Барак, Абылай тәрізді хандардың сарай жырауы, би-кеңесшісі болған.

Бұқар жыраудың ел үшін, халқы үшін еткен сол қызметін Үмбетей жырау былай деп бағалаған:



Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,
Шештің талай түйінді болжауменен,
Іс болса қиын-қиын сен қайыстың
Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен.

Халық өмірінің алмағайып-аласапыран, тарихта қалу-қалмауы екі талай кезеңінде тұрмыс кешкен Бұқар жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейкесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп соның бірден-бір жоқшы-жыршысы бола білді. Тарихта «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған аумалы-төкпелі заманға душар болған ел-жұртқа "бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» басқыншы жаудың бетін қайтарып, өз тәуелсіздігін қорғап қалу, немесе жау табанында бір жола жаншылып құрып, біту мәселесі көлденең тұрды. Жырау ең алдымен, осындай жауапты сәтте шоғырланбай шашырап жатқан халықтың басын біріктіру арқылы қанқұйлы жауға тойтарыс беру ісін ұйымдастыра алатын аса алғыр, қолбасшы-көсемнің қажеттігін ерте түсінді, сөйтіп, осы ұлы мақсатқа орай ол әйгілі Орта жүз ханы Абылайға зор сеніммен қарады. Мұндай ақылы мен айласы асқан кемеңгер басшының үлгі істері мен оның төңірегіндегі белгілі батырларының жанқиярлық ерліктерін жырау үнемі асқақтата жырлап, солардың өшпес әдеби бейнесін жасауға күш салды

Егер батырлықтың негізгі өлшемі батырдың өз руын, не тайпасын қорғау емес, бүкіл халқын, Отанын қорғау болса, жырау толғауында, шешен сөзінде, би кесімінде бүкіл халықтық ұғым, мүдде орта ғасырлық рулық, жүдік санаға, түсініктерге қарсы қойылды. Бұқар жырау өзі өмір сүрген дәуірдің болмыс шындығын көркем бейнелеп, артына елеулі тарихи мұра қалдырған жырау.

ӘОЖ 297.1.3

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Әлім Ғ., Кульбаева Д.Д.

Қазақ әдет-ғұрпына шарияттың әсер ету тарихының кезеңдерін дәуірлерге бөлу Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихын дұрыс оқып-үйренуге септігі тиеді. Бұл кезеңдерді бөлек-бөлек атап өту дегеніміз сол дәуірлерде экономикалық, әлеуметтік жағдай, сыртқы жағдай, қоғамдағы саяси хал-ахуал, т.б. нәтижесінде



өзгерістерге түсіп, қоғам базистерінде жаңа көріністер пайда болғанын ерекшелеп көрсету.

Көшпелі, шала көшпелі қазақ сахарасында мұсылмандықтың, шарифаттың тарауының көптеген ерекшеліктері бар. Жер-су кәсібімен айналысқан көрші отырықшы халықтармен салыстырғанда олардың әсері болмашы көрінеді. Қазақстанның оңтүстік ұлыстарында ислам діні VIII-IX ғғ. өзінде-ақ, әсіресе отырықшыға айналған қауымдар арасында тез таралып, ал қалған аумақтарда бұл дін монғол шапқыншылығынан кейінгі тұстарда жайлап, біртіндеп күш ала бастады. Жалпы ғылыми әдебиеттерде мұсылмандықтың қазақ тайпаларына жайылып, таралуын үш кезенге бөледі: бірінші IX-X ғғ. исламның ене бастау кезеңі; екінші – XI-XII ғғ. исламның таралу кезеңі; үшінші – XII-XIV ғғ. исламның орнығу кезеңі. Әлбетте, бұл жалпылама, шартты түрде бөлу болып табылады. Бізге келіп жеткен деректер бойынша мұсылмандық ислам діні IX ғ. бастап Қазақстанға, онын ішінде оңтүстік өңірге ене бастағаны айқындалса, сонымен қатар қазақтар XVII-XVIII ғғ. дейін мұсылмандықты түгелдей мойындамаған. Қазақ тарихына жетік В.Радлов былай деп жазады: «Бұл дін далада ерте таралса да, оларға Мұхаммед діні өркениеттің негізгі сипаттары әлі толық енген жоқ. Халықтың көп бөлігі ислам әдет-ғұрыптарына сырттай ғана бой ұсынады, шашты, сақал-мұртты алып отыруды қатты қадағалайды. Ораза тұту, намаз оқуды, отырықшы мұсылмандар мен көрші тұратын қазақтарды есептемегенде, халықтың көпшілігі сақтай бермейді. Дәрет алуды да дұрыс атқармайды. Оны сүртінуге ауыстыруды ұнатады... Діннің ішкі мазмұны жөнінде егжей-тегжейлі білім олардың арасына аз тараған» деп жазды. Зерттеушілер арасында осы пікірді жақтаушылар аз емес. Бұл пікірді әдет-ғұрып заңдарына, билердің билік шешімдеріне сүйене отырып та қостауға болады. Дегенмен бұдан қазақ халқы мұсылмандар қатарына жатпайды деген қорытынды шықпайды. Соңғы пікірді айтушылар көбіне патшалық Ресей саясаты жетегінде жүргендер не Орта Азиялық фанатик – тақуа діндарлар, қазақ сенімдерін терең білмейтіндер. Олар: «қазақтардың Мұхаммедшілдігі өте төмен, жаһил-надан, ырымшыл. Оларда не мешіт, не медреселері жоқ, қажет десеңіз жол-жораларды атқаратын молдалары да жоқ. Ал, молдаларының өздері де өте надан» десе патша саясатын қолдаушылар ислам қазақ даласына әлі енбеді деп, қазақ халқын христиан дініне енгізу саясатын қолдайды. Рас, қазақтар ислам



догмаларының көпшілігін ұстайды деп айта алмаймыз. Оған көшпелі тұрмыспен күнелтушілік мүмкіндік бермеді. Бірақ қазақтардың ежелгі әдет-ғұрпы ислам дінінің кейбір шарттарымен ұштасып жатады.

Ислам діні Қазақстанға ене бастаған алғашқы кезеңде түркі тайпалары рулық-патриархаттық дәстүрді сақтай отырып, феодалдық қарым-қатынас жолына көшіп әрі өзара тартыспен қырқыс өрши түсіп, этногенездік тектер (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, ноғай, өзбек, т.б.) пайда болу процестері туындап жатқан, ал арабтарда ренессанс шырқай көкке көтеріліп, мәдениет пен ілім өркендеп жатқан кез еді.

XI ғасырда ортодоксальді исламның негізі қаланды. Сопылық ілімнің ірі өкілдері Сулеймен Бақырғани мен Қожа Ахмед Яссауи-ақ Оңтүстік Қазақстанда (Сайрам мен Түркістанда) өмір сүрді. Сырдария өзені бойындағы отырықшы аудандарда салынып, медреселер жұмыс істеді. Көшпелі тайпаларды исламға тарту үшін Ақсақ Темір Түркістандағы Қ.А. Яссауи басына кесене салды.

ӘОЖ 316.485.26:327

ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Болат А., Туленова Г.Д.

XXI ғасырдың басында экстремизм мен терроризм мәселесі алдыңғы қатарға шығып, ғаламдық мәселеге айналып отыр. Жалпылама түрде айтқанда ғаламдық мәселе дегеніміз мынадай ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Бүкіл адамзаттың өмір сүруіне, қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді.

2. Оларды шешу жеке мемлекеттің қолынан келмейді, тек ғана бүкіл адамзатты жұмылдырып атқаратын істер болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда экстремизм және терроризмнің қандай белгілері, қасиеттері оларды ғаламдық мәселеге жатқызуға мүмкіндік береді?

Ең алдымен, бұл құбылыстардың теріс әсерінен бірде-бір мемлекет тыс қалуы мүмкін емес, өйткені экстремистер мен террористердің негізгі мақсатынакінәсіз адамдарды құрбан етіп немесе аманатқа алып, өздерінің талаптарын орындату жатады.



Екіншіден, қазіргі таңда экстремизм және терроризм халықаралық деңгейге көтеріліп, әртүрлі шекараларды мойындамай кез келген аймақта өздерінің жан түршіктіретін іс-әрекеттерін жасайды.

Үшіншіден, ядролық қару экстремистер мен террористердің қолдарына түскен жағдайда, бүкіл адамзатқа, бүкіл тіршілікке өлім қаупі төнеді. Сонда Гамлеттің сауалы «Болу немесе болмау?» әр адамның алдында ақыр заманды елестетуі мүмкін.

Төртіншіден, халықаралық терроризм басқа ғаламдық мәселелермен байланысты болғандықтан, оның қаупі бірнеше есе асып түседі. Мәселен, терроризмнің іс-әрекеттері атомдық электро-стансаларын жаруға бағытталған жағдайда, оның экологиялық қаупі бүкіл адамзатқа орны толмас зиян келтіруі мүмкін.

Бесіншіден, халықаралық терроризммен күресу мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың және тағыда басқа мекемелердің, бірлестіктердің күштерін біріктіруді талап етеді.

Алтыншыдан, халықаралық терроризммен күресу жолында халықаралық дәрежедегі құқықтық құжаттарқабылдануы керек. Мәселен, 1999 жылы «Терроризмді қаржыландырумен күресу туралы» Халықаралық Конвенция, 2001 жылы БҰҰ-ның №1373 Қарары қабылданды.

Халықаралық терроризмнің мәселесі адамзаттың және жеке мемлекеттердің тіршілік ету негізгі салаларымен байланысты: саясатпен, этносаралық қатынастармен, дінмен, экологиямен, қылмыстық топтармен және т.б. Сондықтан адамзат әлемінде терроризм саяси, ұлтшылдық, діни, экологиялық, транспорттық, ядролық, бактериологиялық және т.б. болып бөлінеді.

Терроризмнің діни түрі дінді жамылған қарулы топтардың басқа дінді ұстанатын мемлекеттерге қарсы күрес жүргізуімен байланысты.

Қылмыстық терроризм бизнеспен тығыз байланысты болады (наркобизнес, қару сату, әр түрлі контрабанда және т.б.).

Экологиялық терроризм табиғи немесе техногендік апаттарды жасап, зиян келтіруі мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, халықаралық терроризм қазіргі таңда өршіп тұр, сондықтан онымен күрес кешенді болуы тиіс. Солардың ішінде халықаралық терроризммен күресу жолдарының ішінде ең тиімдісі идеологиялық күрес болып табылады. Бұл дегеніміз терроршылардың санасын өзгерту, олар негізделген ілімдерін ғылыми сараптамадан өткізіп, дұрыс еместігін ашып көрсету.



Қорыта келгенде, мынадай тұжырымдарды алға тартуға болады:

1. Қазіргі таңда экстремизм, терроризм ғаламдық мәселеге айналып, адамзаттын тіршілік етуіне зор қаупін төндіріп отыр.
2. Егерде XX ғасырда терроризм локалды деңгейде орын алса, бүгінде ол халықаралық деңгейге көтерілуі мүмкін.
3. Ғаламдық мәселелер иерархиясында халықаралық терроризм бірінші орынға көтерілгендіктен, адамзаттың ең басты назарын соған аудару қажет.

ӘОЖ 37.013

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Жумагулова Ф., Омаров С.А.

Мәңгілік Ел қазақ халқының бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Мәңгілік ел - көне түрік жұртының данагөйі, қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел - мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда. Мәңгілік ел дегеніміз - мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады.

Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған.

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы,



екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилевтің пікірінше, Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды. Л.Н.Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршеңдігін дәлелдеуіміз керек. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде. Мәңгілік Ел идеясы - қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады.

Түркі интеграциясын Т. Рысқұлов пен М.К. Ататүрік бастаса, кейін нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шешуші саясаты өз жемісін берді. Н.Ә. Назарбаевтың түрік халықтарының бірлігін нығайтудағы тарихи рөлінің қаншалықты маңызды болғанын аңғаруға болады. Халықаралық аренада Қазақстанның беделі нығайған сайын, түрік мемлекеттерінің бірлігі идеясы ашық әрі табанды насихаттала бастады. 2009 жылы Түркия Президенті Абдулла Гүл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевты «түркітілдес халықтардың көшбасшысы» деп бағалады. Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні - мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

УДК 004.89

КОНЦЕПЦИИ БУДУЩЕГО ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Махамбетжанов Д., Исмаилова С.К.

Человек обладает самым прекрасным даром - мыслящим умом, интеллектом (способность мышления, рационального познания). Результатом развития познания и успехов в исследовании является воспроизведение мышления искусственно при помощи электроники (игра в шахматы, сочинение музыки, стихи, перевод с одного языка на другой, постановка врачебного диагноза, узнавать объекты, обучающие автоматы, автоматы-советчики и т.п.). Искусственный интеллект – условное обозначение кибернетических систем, связан с прогрессом электронной вычислительной техники (создание АСУ, а также автоматических устройств и комплексов для передачи, переработки и хранения информации).

Эвристическое программирование дает возможность перейти от логического преобразования информации к пониманию и воспроизведению в машинах творческой деятельности мозга, такой деятельности, которая приводит к открытиям. Созданы программы, на основе которых оказывается возможным принятие различных новых целесообразных решений в новых ситуациях.

Судьба человека в начале XXI в. все чаще рассматривается под знаком его исторического конца и вступления в эпоху постгуманизма. Идея исчерпания и преодоления человека получила новый импульс в грандиозных успехах технической и особенно кибернетической цивилизации. Завершается медленный этап эволюции разума в форме человека – и начинается новый этап ускоренной эволюции разума в виде информационно-кибернетических систем, быстро сменяющих друг друга на основе непрерывно растущих вычислительных и производительных мощностей. Созданные человеческим интеллектом механизмы и компьютерные системы выйдут на передний край эволюции разума и поведет за собой все более отстающее человечество. Биологические, несовершенные органы все более будут заменяться искусственными, нестареющими, и возникнет непрерывный энерго-



информационный обмен постчеловеческого техноорганизма со всей окружающей средой. Уже к концу XXI в. мир будет населен преимущественно искусственными интеллектами в форме информационных программ, передвигающихся от одного компьютера к другому через электронные сети. Эти компьютерные программы будут способны манифестировать себя в физическом мире в виде роботов, а также одновременно управлять множеством своих программируемых тел. Человек уходит в прошлое как биовид и переходит в будущее как техновид (киборг). В гуманологии возникают две следующие концепции:

- эко-гуманология – человек – выходец природной среды, страдающий, смертный, физически несовершенный, но он творчески одаренный, культурно дерзающий – эта специфика человека не переводится машине;
- техно-гуманология – о функциях человека, передаваемых машине, интегрируемых в новых техно-организмах, способных к дальнейшему самостоятельному развитию и все менее зависимых от их прародителя, *homo sapiens*. Человек – точка перехода от органической к технической эре. Происходит одновременно истощение, исчерпание человека как отдельного вида и распространение человеческого за его биологический предел.

«Думающие машины» с большими возможностями являются орудиями в руках человека. Создание машин никогда не заменит творческого труда человека, оно только сделает этот труд более эффективным. Человечески мозг, вооруженный машиной, умнее, чем мозг без машины. Автоматы-советчики используют для наилучших решений в сложных ситуациях (острая конкуренция, дипломатия), но окончательное решение принимает человек (варианты этих решений ему может подсказывать машина).

Спиркин А.Г. отмечает, что «как бы могущественно сильна ни была техника в своих созидательных и разрушительных возможностях, она в принципе всегда – и прежде в веках, и в сколь угодно отдаленном грядущем – есть средство, орудие, подчиненное разуму и воле человека.



ӘОЖ 343.352.4

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ҚАУІПТІ ІНДЕТІ

Құралбай Ә., Мырзабеков Ж.Е.

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның күрделі мәселелерінің бірі - сыбайлас жемқорлықпен күресу болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып келеді.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы 2008-жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсеткен болатын. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас



жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда да сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындап, жолын таңдады. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуіміз керек.



ӘОЖ 94(574)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ҰЛТ МҰРАТЫ

Жантурина А., Мырзабеков Ж.Е.

Бабалар арманы болған тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ендік. Ендігі меже – отыздың санатынан көріну. Жас мемлекетімізді осындай даму көкжиегінің биіктей түсуі, әрине, Елбасының сара жолы, сындарлы саясатының нәтижесі. Тәуелсіз мемлекеттің тізгінін қолына бекем ұстаған Елбасымыз жыл сайын даму жолымызды қорытындылап, алдағы уақытқа арналған стратегиялық бағдарламалық жоспарларды ұсынып отырады. Биылғы жылы да Елбасымыз өзінің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауын жариялады.

Елбасы Жолдауының негізгі өзегі – «Мәңгілік ел» идеясына саяды. Болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық идеяға жетелейтін аталған идея ұрпағымыздың мәңгілік болашағын баянды етуге бағытталды. Ал, мәңгілік елді қалыптастырудың алғышарттары – туған тарихымыз, ұлттық мәдениетіміз бен ана тіліміз екеніне дау жоқ.

«Жолы қатты, дәмі тәтті» тәуелсіздігіміздің басты белгісіне саналатын үш тұғырымыз биік болған жағдайда ғана әлем кеңістігінде өзіндік орнымыз бар, келешек үлесіне баянды болашақ сыйлайтын ел болатынымыз хақ.

Қазақ халқы – басқа да түркі халықтары секілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Тоталитарлық жүйе қысымын түрік, азербайжан, өзбектерге қарағанда халқымыз көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілген кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылды. Жабайы күн кешкен, көшпенді тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғаны дәлелденуде. Дегенмен, осы кезге дейін қалыптасқан рухани қазынамыз түгелдей дерлік түгенделіп, оның шынайы құндылығы әлі де анықталып біткен жоқ.



Елбасының алдағы даму жолындағы бағдаршамы – Қазақстан – 2050 стратегиялық бағдарламасының, «Мәңгілік ел» идеясының толыққанды жүзеге асырылуында туған тарихымыз да тысқары қалмайтыны анық.

Ұлттық мәдениет - әрбір ұлттың, халықтың тарихи дамуын саралап көрсетумен қатар, мәдени жетістіктерін де өз бойына жинақтайды. Сонда ғана ол әлем дамуына өзіндік қадір-қасиеттерімен, өзіндік тарихи ағысымен, ұлысымен, тынысымен мен мұндалап ене алады, әлем дамуына өзіндік үлесін қоса алады. Еуразия сахарасында орналасқан Қазақстанда да ұлттық мәдениет басқа мәдениеттермен байланысып ұштасуда және ол азиялық және еуропалық мәдениеттің қосындысы бола тұра ұлттық болмысын сақтап, негізгі қасиетін жоғалтпай келеді. Өйткені, ұлттық мәдениеттің ұлттық сипаты жоғалса ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Қазақ мәдениеті ХХІ ғасырда тәуелсіздік рухына сүйеніп, жаңғыруда. Бұл – тарихи заңдылық. Туған тарихы мен ұлттық мәдениеті кемелденбеген кез-келген халық, мемлекет өз дамуында белгілі бір биіктерді бағындыра алмасы анық.

Тағдыр сыйына баланған тәуелсіздік таңы атқанына да 25 жылдың жүзі болды. Бабалар қанымен, аналарымыздың көз жасымен келген тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін ең алдымен ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, дамытуымыз шарт. Сонда ғана Елбасының бабалар арманын жүзеге асырсам деген ой-ниетінен туындап, жалғасатын «Мәңгілік ел» идеясы да өз кезегінде мемлекет дамуының негізі, ұрпақ болашағының баянды болатынын қамтамасыз ететіні анық. Туған тарих, ана тіл, ұлттық мәдениет - барша халықты біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалайтын ұлттық құндылықтарымыз ретінде даму тоғысында. Уақыт сынынан сүрінбей өткен тарих, мәдениет пен тіл ортақтығы өз кезегінде «Мәңгілік ел» идеясына да үн қосуға әркез дайын. Алдағы уақытта да дамуымызды арттырып, елімізді жеңіске жетелеп, әрбір азаматымыздың ұлттық мақтанышына айналатын жетістіктерімізді еселейтіндігі сөзсіз. Ел мүддесін көздеген Елбасы үміттері ақтала берсін.



ӘОЖ 168.522

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТІ

Құттыбаев А., Аймамбетова Ш.Г.

Ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы жастардың субмәдениеті. Субмәдениет ол мәдениеттің бір бөлігі боп табылады. Аталмыш жұмысында субмәдениеттің мәні мен мазмұны, оның түрлері жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ, жастардың субмәдениеті - ұлттық-тәлім тәрбиімен құндылықтарға, әдет-ғұрыппен мәдениет нормаларына қайшы келетіндігі немесе келмейтіндігі туралы қарастырылады.

Субмәдениет (лат. sub – төменгі, нем. kultur – мәдениет) – дәлме-дәл аударымда «астыңғы мәдениет», ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениетпен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Сол жастар арқылы жаман мәдениет жасап, былайша айтқанда «алдыңғы қатарлы озық» мәдениет арқылы қоғамға ықпал ету. Яғни, бастапқыда аталған сөздер субмәдениеттің түрлері болып есептеледі. Жастар субмәдениетінің өзіндік құндылықтары мен тәртіп нормаларын культқа айналдыруға уақыты жеткілікті жас адамдар аса көп шоғырланған үлкен мегаполистерге тән феномен екендігін айта кеткен жөн. Мұны «жастарға арналған мәдениет» (кино, әртүрлі жаппай көңіл көтеру, бизнес, сән, телехикаяттар т.б.) пен жас адамдардың контрмәдениетімен (дәстүрлі нормаларға қарсы тұру секілді) шатастырмаған жөн. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды. Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктер, ғылыми ашылуларға ғана байланысты емес. Сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі - фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы. Бұл үрдіс көп кешікпей Қазақстанға да келді. Ошағы



жалпы алғанда, Қазақстандағы ресми емес қозғалыстарға белгілі бір стильдер мен бағыттардың араласып келуі тән. Соңғы жылдары музыкалық субмәдениет (поп, рок, рэп), гедонистік субмәдениет (байкерлер, рейверлер және т.б.), спорттық субмәдениет (паркуршілер, сноубордшылар, скейтбордшылар) айрықша даму үстінде. Готика, эмо, анимэ табынушылары секілді спецификалық субмәдениеттің түрлері бізде бар болғанымен, Ресей және басқа да шетелдермен салыстырғанда өте сирек кездеседі. Түрлі музыкалық жанрлармен әуестеніп, өзіндік «стиль» қалыптастыратын, бейнесі мен келбеті арқылы ерекшеленіп тұратын, сондай-ақ, іс-қимылдарында да белгілі бір өзгеше тұстары бар субмәдениет өкілдері қоғамның толық белсенділері болғысы келеді еліктегіш жастар қазіргі заманнан қалғысы келмейді. Жастар субмәдениеті - жастардың үлкендер әлеміне толықтай бейімделуі жүргеннен соң, әрі қарай өз мәнін жоятын дамудың белгілі бір кезеңі, яғни жеке адам дамуының өтпелі сатысы. Жастардың ресми емес қатынастары және олардың өздеріне ғана тән мақсаттарын табуы жеке субмәдениеттің қалыптасуының себебіне айналады. Жастар субмәдениеті - киген киімнен, сөйлеу мәнерінен, жаргондардан және айрықша әуестенулерден көрініс табатын үлкендер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылық. Мәселен, готтардың келбеті қорқынышты фильмдердегідей үрей туғызады. Олардың өзіндік символы – қара түнек. Түнде жүріп, сиқырмен айналысып, зираттарда түнейді екен. Сондай-ақ эмо дегендердің өзінше тағдырлары бар көрінеді, олар өздерінің тамырларын кесіп, тек қара мен алқызыл түсті ғана мойындайды.

Ендеше, келешекте дұрыс қоғамды қалыптастыру үшін осындай бөтен мәдениет түрін қабылдамаудың жолын шешу керек. Керісінше, өзіміздің қазақы діліміз бен мәдениетімізге тән ерекшеліктерімізді тануға тиіспіз. Ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, дамытып, өзіміздің қазақ деген атқа лайық мәдениетті, оның салаларын қазіргі жастарға насихаттау керек. Бүгінде мектеп, университет және отбасы жастарға жай «бақылаушы» позициясын ұстанбаулары керек, керісінше, жеке адамның бүкіл қоғам мүддесін игеру үшін жарыс мүмкіншілігіне тең дәрежеде ұмтылу позициясын қамтамасыз ету керек.



ӘОЖ 82-94:94(514).04.08

I. ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ КЕЗЕҢІНІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Рахимкулова Д., Құлбарақ С.О.

Академик Сейіт Қасқабасов: «Кез келген тарихи шығарма тарихтың көшірмесі емес. Ешуақытта көшірме бола алмайды. Бірақ жазушының міндеті де ол емес, эмоциялық тұрғыдан әсер ету... Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы жақындап келеді. Демек, жазушының шығармалары қайтадан жаңғырады», - деген.

Негізі жазушының міндеті тарихи фактіні анықтау емес екенін айттық. Сонда жазушының міндеті не? Суреткердің міндеті ғалымның міндетінен гөрі кеңірек. Жаңа материал, информация – оның жұмысының тек бастамасы ғана. XV ғасыр қазақ халқы үшін қиын да күрделі кезең болды. Бірақ тап осы ғасырда өзара қырқысқан қатал күресте бір-біріне қарсы тұрған бытыраңқы қазақ ру-тайпалары өмір сүру үшін түптеп келгенде бірігу керек екенін мықтап түсінді. Трилогияның бірінші бөлімі – «Алмас қылыш» қазақтардың бірігуінің қиын процесін – жеке ұлт, халық ретінде дербестікке ұмтылу, азаттық жолындағы қасіретті күресін бейнелейді. Қазақ деген халықты біріктірген хандықтың пайда болуы, қалыптасуы толассыз күрестің, ұзақ жылдардың жемісі.

«Көшпенділер» - әртүрлі бұрмалауларға тура жауап. Қазақтың өз мемлекеті болған және біздің тарих өте көне әлемдік тарихтың бір бөлігі болып табылады. Тарихы жоқ, мемлекеті болмаған деген сауалдардың нақты жауабын осылайша шығармалары арқылы дәлелдеп берген қаламгер қуғын-сүргінге де ұшырады. Әрбір тарихи романы жарыққа шыққан сайын бір өліп, бір тірілді. Ол шығармалардың өмірге келуінің өзі азаппен, қиындықпен жүзеге асты. Өйткені кеңестік цензура қазақ тарихына қатысты жазылған дүниелерді жіберуі мүмкін емес еді. Сол себептен де қиды, қысқартты, қудалады.

Шығарма «роман-хроника» болғаннан кейін онда жылдар тізбегінің көп болуы жанрлық заңдылық. Алайда, тарихи оқиғалардың алма кезек ауысуы мен даталардың көптігіне



қарамастан автордың шеберлігінің арқасында қабылдануы жеңіл, ойда оңай сақталады. Ондағы әр кейіпкер үшін толғанасың, Ілияс тарихи тағдырлардың қатыгез әрекеті мен жанкешті тіршілігі арқылы көрінетін тарихи тағылым мен тарихи танымды тұшымды ойлармен тұжырымдағаны себепті әр образдың эмоциясын сезіне аласың.

Ілияс бұл оқиғаны Ақжол батырды Әбілхайырдың азғыруымен Қобыланды батыр өлтіріп, «жетісін бергеннен кейін Керей мен Жәнібек қазақ руларының сойыл ұстар жігіттерін, Орда-Базар сыртына сапқа тұрғызып қойып, хан сарайына Қазалы ерінің құнын сұрай келеді», оған лайықты жауап таппай, артынан ерген жұртты алып, бөлініп кете барады деп келтірген болатын. Ойдан қосу тәсілімен жасалған көркемдік шындық сол кездегі өмірдің нақты шындығынан нәр алады.

Тарихымыздан, бүкіл түркі тарихынан елеулі орын алатын «Тарих-и Рашиди» еңбегінде М.Х. Дулати былай деп жазған екен: «Сол күнде Әбілхайыр ханның бүкіл Дешті Қыпшаққа билігі жүріп тұрған еді. Ол Жошы әулеті сұлтандарына шабуыл жасады, оның қысымынан Жәнібек хан мен Керей хан қашып, Моғолстанға келген болатын. Есенбұға хан оларды үлкен қошеметпен қабылдап, бұларға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасы алабын берді... Қазақ мемлекеті сұлтандарының билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады. 940 (1533-1534) жылдарға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді». Дулати келтірген дерек, айғақ осы, тарихи оқиғаның болған жылын да нақты көрсетіп берген. Керей мек Жәнібек Есенбұға ханның жеріне емін-еркін көшіп келуінің астарында не жатқандығы айқын. Қазақ ордасы билік жүргізген жылдарды Дулати нақты білген. Қазақ ордасы тарихын қалт жібермеген. Қазақ ордасы тарихын ол үнемі назарында ұстап, бақылап әрі ара-қатынасты үзбей отырған. Сондықтан оның «Тарих-и Рашидиіндегі» деректері сенімді. Ал деректің өзін талқылау тарихшының дүниетанымы мен көзқарасына, қалам қауһарына да, ұстанған позициясына да байланысты.



ӘОЖ 801.31.15:11

КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛІ

Наметуллаева С., Құламанова З.А.

«Жеріңнің аты – еліңнің хаты» дейді кез- келген нәрсеге атау бергенде мән-мағынасына терең үңіліп, ерекше көңіл бөлген ата-бабаларымыз. Менің жұмысымның басты мақсаты да сол атаулардың, ғылыми түрде ономастиканың, оның ішінде урбаноним, көше атауларын зерттейтін топонимдердің тілін зерттеу арқылы көшеге атау бергендегі жіберілген өрескел қателіктерді түзетуге үлес қосу. Әрбір атау өз заманының, дәуірінің жемісі, белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты қойылған. Осыған байланысты Елбасының «Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын табиғи үйлесімділігін бұзып тұрған атауларды да өзгерту керек!» деген сөзі бар. Облыс көлемінде 4308 көше бар екен. Оның ішінде Тараз қаласының – 47,5% көше атауы, Жуалы ауданының – 29,8%, Қордай ауданының – 33,8%, Меркі ауданының 39,6%, Шу ауданының – 27% көшесі әлі де ұлттық ортаға бейім емес орысша (Клубная, Элеватарная, Молодежная, Комсомольская, Набережная, Озерная, Октябрьская т.б.) сияқты атаулармен аталады. Соңғы жылдары қазақшаландыру, мағыналы- мәнді ат қою жұмыстары жүргізіліп жатқанымен де пайыз ауыз толтырып айтарлықтай өзгеріп жатқан жоқ. Сонымен қатар аншластардағы бірізділіктің болмауы (мысалы: М.Әуезов көшесі делінсе, кейде Мұхтар Әуезов көшесі, кейде Мұхтар Әуезов атындағы көше).

Елбасы атап көрсеткен үйлесімділікті бұзып тұрған атауларды өзгерту үшін бұрынғы атаудың, оның орнына берілетін атаудың әр ғаріпінің дұрыс жазылуынан бастап семантикасына дейінгі аралықты түгел қамту қажет. Оның ішіне қазақ тілінің барлық салалары: фонетика, лексика, морфология, синтаксис тіптен пунктуация саласының да атқарар рөлі ерекше.

Ономастика (грек *onomastike* – ат беру өнері) – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдерге кісі, жануарлар аттары, халық, ұлт, ру-тайпа атаулары, жер-су, аспан денелері жатады. Топонимика-ономастиканың жер-су, елді мекен



атауларының шығуы мен пайда болуын, мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейді. Урбаноним – қала ішіндегі топографиялық нысандардың атауы. Годоним – урбанонимнің бір түрі, көше, алаң, даңғыл атаулары.

Біздің басты зерттеу нысанымыз – көше атауларының семантикасын талдау барысында әрбір тақырыпқа сай қойылған көше атауларына тоқталамыз. Ұлы тұлғалар: Ж.Баласағұн, М.Қашқари, М.Х.Дулати, т.б., ақын - жазушы, жырау, би, шешен - С.Аронұлы, Ж.Жабаев, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Бұқар жырау, М.Дулатов, М.Әуезов, т.б., сондай-ақ қоғам қайраткерлері, ғалымдар - Т. Рысқұлов, Ш.Уалиханов, Д.Қонаев, М.Тынышбаев, т.б.; батырлар-Байзақ батыр, Қойгелді, Жауғаш, М.Өтемісұлы, Б.Момышұлы, К.Қасымұлы, М.Мәметова, Қ.Рысқұлбеков және т.б., әнші, күйші, композиторлар есімдері берілген. Тілімізде тотолитарлық, отаршылдық заман өкілдерінің есімімен аталған көше атаулары да кездеседі.

Көше атауларын сараптап, семантикасын талдау барысында кейбір көше атауларының мән-мағынасының мүлдем түсініксіз немесе өз мәнін жойғандығы, талапқа сай емес екендігі байқалады. Мәселен, «Завком», «Больничная», «Брат», «Гипсовая» т.б. көше атаулары. Көше атаулары жазылған тақтайшалардың дұрыс жазылып, дұрыс орналастырылуымен қатар, олардың еліміздің әр қаласында, әр елді мекенінде бірыңғай үлгіде жасалынып, ілінуі көшелеріміздің сәулетін, көркін арттыра түсетіні айқын. Өйткені қазіргі таңда көше атауларының орналастырылуы маңызды мәселеге айналып отыр. Әр адам өзі тұратын көшесінің, ауылының, не қаласының ажарлы, сәулетті болғанын қалайды. Тақтайшалардағы көше атауында тиесілі есімдер әр түрлі жазылуда. Мысалы, бір жерде Жамбыл Жабаев десе, бір жерде Ж.Жабаев деп жазылып жатады. Сонымен қатар Дина Нүрпейісова немесе күйші Дина деп те жазылады. Немесе «атындағы» деген сияқты сөздерді қоса жазу фактілері кездеседі. Осындай келеңсіз жазылуларды бір қалыпқа келтірген жөн. Біз көше атаулары бірізді болып, тек мемлекеттік тілде дұрыс жазылса дер едік.



ӘОЖ 821.512.122

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Тұрсыналиев Ш., Жаманбаева А.С.

Махамбет хадимше және орысша хат танып, жаза да білген ақын. 1839 жылы Назар, Шүренде жүрген кезінде, өз еліндегі достарына арабша жазған хатының қолжазбасы күні бүгінге шейін архивта сақтаулы.

Махамбет хат біле тұрса да оның бізге жазып қалдырған өлеңдері жоқ. Бірен-саран өлеңдері болмаса, көпшілігі-ақ ауызба ауыз, суырыпсалмалық әдісімен шығарылған өлеңдер. Өлеңді керекті жерінде суырып салып айту қазақ ақындарына дағдылы әдет. Мұның әуелгі себебі хат білмеушіліктен, кейін біртіндеп оған дағдыланушылықтан десек, Махамбет те суырып салмалыққа жас шағынан талаптанып, әдеттенгенге ұқсайды.

Махамбет өлеңдері, көбіне жыр ағымымен келеді. Суырып салма ақындардың бірен-сараны болмаса, көпшілігі-ақ өлеңдерін жыр ағымымен шығарады. Әрине бұл сөзден 11 буынмен өлең шығарушы суырып салма ақындар (импровизаторлар) болмайды екен деген ұғым тұмауы керек. Айтайын деген ойын не 7-8 буынды, не 11 буынды өлеңмен айтып беру тақырыпқа, суреттейін деген жағдайға байланысты. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жырын алсақ, бәрі дерлік, жыр ағымымен (7-8 буынды) келеді. Ол кездейсоқ емес. Батырлар жырында суреттелінетін әралуан ерлік қимылдар: жорық, шабуыл, тартыс, жекпе-жек айқас т. б. Әртүрлі өмір құбылысы өзіне тән суреттеу әдісін керек ететіні бізге мәлім. Ақын-жазушылардың оны саналы түрде ұғынбауы мүмкін, бірақ, сезінбеуі мүмкін емес. Бұл оларға табиғи нәрсе.

Махамбеттің жыр еткен тақырыбы ерлік, халықты ерлік қимылға үндеу. Сондықтан жайма-шуақ жәй кездегі көңіл күйін көрсетуге қолайлырақ келетін 11 буынды өлеңдерден көрі, қимыл, әрекетті, алыс-жұлыс, жортуыл тәрізді өмір құбылыстарын суреттеуге лайықты жыр ағымы, 7-8 буын аралас келетін өлең ырғағы оған анағұрлым ыңғайлы тәрізді.

Біздің байқауымызша, ойдан тез шығарып айтушыларға, белгілі синтаксистік біткен бір ойды көрсету үшін шумақтарының бірыңғай



болып келуін қажет қылатын он бір буынды өлеңнен көрі жыр ағымымен келетін жеті-сегіз буынды өлең құрылысы әлдеқайда жеңіл тәрізді. Өйткені жыр ағымымен шығарылған өлеңдерде синтаксистік бір ойдың бітуі үшін шумақ төрт, не сегіз жолдан бітуі және алдыңғы шумақ құрылысы, өлеңнің соңғы жолдарында сақталып отыруы, немесе шумақ төрт жолдан құрылса үш жолы ұйқасып, бір жолы ұйқассыз қалуы (а-а-в-а) шарт емес. Жыр ағымында шумақ аз жолдардан да, көп жолдардан да құрыла береді. Мысалы, Махамбеттің «Ереулі атқа ер салмай» атты өлеңі 19 жол. Бір-ақ шумақ. 19 жол өлең көп бағыныңқылы бір-ақ сабақтас сөйлемнен құрылады. Сонымен қатар, жыр ағымдарында, көбіне, ұйқас ерікті болып келеді. 11 буынды өлең тәрізді белгілі бір ойды айтып беру үшін 1-2-4 жолдары ұйқасып, 3 жолы ұйқассыз қалып отыратын тәртіп жоқ. Ой қалай бітсе, өлең жолдарының ұйқастары да соған бағынады. Бұл өлең құрылысы импровизаторларға анағұрлым жеңіл соғатынға ұқсайды. өркем лирикаларға өзінен бұрынғы поэзияның әсері болуы да мүмкін. Әйтсе де олардың өзіне тән ерекшеліктерін де байқау қиын емес. Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде туған тап күресі қазақтың фольклорінде де айқын көрінеді. Соған қарағанда саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр деуге болады. Демек Махамбеттің саяси лирикалары ауыз әдебиетінде бір тамыры фольклор дәстүрімен байланысты. Жалпы саяси лириканың өзіне тән ерекшелігі – үгіт насихат істерді көпшілікке үндеу, белгілі бір топтың, не таптың алдында тұрған тілек, мүддесін көркем сөз арқылы көпшіліктің сана – сезіміне жеткізу, үгіт арқылы оларға әсер ету болса, Махамбет поэзиясында бұл бағыт қатты сақталады Біз жоғарыда да Махамбеттің өмірімен байланысты ішкі Бөкей ордасының шаруашылық жағдайы әлеумет өмірінде тап тартысын күшейтті, сол қайшылықтармен байланысты шаруалар көтерілісі туды дедік. Ол көтеріліс өзінің қолбасы батырымен қатар, жалынды үгітшісін де туғызды.. Бізше, Махамбеттің негізгі ерекшелігі оның бір сырлы, сегіз қырлылығында. Махамбет өлеңдері тек жалаң құрғақ үгіт емес, оның өлеңдерінде жалынды, саяси өткірлік пен терең ой, нәзік сезім

УДК 81.221

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СПОСОБОВ ОБЩЕНИЯ В ГЕРМАНИИ И КАЗАХСТАНЕ

Альмуратова Б., Берденова С.Л.

В естественном общении носителей казахского и немецкого языка, как и других языков, значительную роль играют коммуникативные невербальные специализированные действия человека.

Невербальное общение – это коммуникационное взаимодействие между индивидами без использования слов (передача информации или влияние друг на друга через образы, интонации, жесты, мимику, пантомимику, изменение мизансцены общения), то есть без речевых и языковых средств, представленных в прямой или какой-либо знаковой форме. Инструментом такого «общения» становится тело человека, обладающее широким диапазоном средств и способов передачи информации или обмена ею, которое включает в себя все формы самовыражения человека.

Таблица 1

Жесты, совпадающие по смыслу,
но расходящиеся по исполнению

У казахов	У немцев
При счете загибают разжатые пальцы в кулак.	При счете пальцы не загибают.
У носителей казахского языка приподнятая рука движется (помахивает) вперед-назад	При приветствии и прощании у носителей немецкого языка рука согнута в локте, кисть производит легкие движения из стороны в сторону или то же движение производится вытянутой рукой.
Жест для привлечения внимания у казахов – поднятая рука ребром ладони вперед.	Для привлечения внимания на собрании поднимают руку. При этом в немецком жесте ладонь обращена вперед.
Казахский жест при удивлении или страха производится на уровне груди т.е. «жағасынұстау».	Жест удивления die Hände über dem Kopf zusammenschlagen „всплеснуть руками“, „вскинув их над головой от удивления, ужаса“.



К языку тела относятся: тембровые характеристики голоса, позы, жесты, мимика, характерологические черты строения лица, туловища, конечностей, характеристики контакта при общении, особенности манипуляторной активности, система искусственных и естественных запахов тела.

Интересно, что в каждой стране наряду с повсеместно принятыми, распространенными жестами существуют свои невербальные средства коммуникации, закрепленные в культуре и по-своему интерпретируемые. Осознание собственных коммуникативных особенностей невозможно без соотнесения с другими культурами. Для изучения межкультурных различий невербальных средств общения казахов и немцев применяются методы включенного и структурированного наблюдения, анкетирования и опроса с помощью специально разработанных опросников и т.д.

Различия между культурами не позволяют дать единственно верную оценку точек расхождения и соприкосновения немецкой и казахских культур, описать идеальный характер коммуникации между их представителями. Очевидно, что выводы, которые можно сделать, довольно многозначны и не вписываются в привычные рамки «хорошо – плохо». То, что интерпретируется как «плохо» с позиции немцев, может быть «хорошо» с точки зрения казахской культуры, и наоборот. Однако знание другой культуры позволяет наиболее оптимально построить процесс коммуникации и избежать всевозможных подводных камней в процессе общения.

ӘОЖ 811.111:37.027

ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Абдраимова А., Майлыбаева А.И.

Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгеру жастар үшін бірінші орында тұр. Ағылшын тілін ақылы курстарға бармай-ақ арнайы интернет сайттары арқылы меңгеруге болады. Ол үшін ғаламтордағы арнайы сайттар барлық мүмкіндікті жасаған. Онда тілді үйренудің әр түрлі тәсілдерін қолдануды ұсынады. Мысалы: оқу, ағылшын тіліндегі аудио-жазбаларды тыңдау, әр түрлі бейнебаяндар тізбегін көру, онлайн тест тапсыру, ағылшын тіліндегі ойындар т.б. Әрине бұл сайттар арқылы



бірден ағылшын тілінде сөйлеп кете алмайсыз,бірақ ағылшын тіліне деген қызығушылығыңызды оятары анық. Бүгінгі күні өзге тілдерді білмей кәсіпте де оқуда да ұзаққа бармасымыз анық. Себебі шет тілдерді меңгеру жастар үшін бүгінгі күннің басты тізімінде тұр. «Өз тілің – бірлік үшін, Өзге тілің тірлік үшін»- дегендей қазіргі таңда өз тіліңмен қоса өзге де шет тілдерді білу,меңгеру заман талабы. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін білімпаздарға арнап түрлі ғаламтор сайттары дүниеге келіп жатыр. Бүгін сіздерге шет тілдерін үйретуге арналған тегін, әрі қолайлы сайттарды қарастырамыз.

Study-languages.online.com- егер сіз бұл сайтты таңдасаңыз, дұрыс шешім қабылдағаныңызға сеніңіз! Себебі сіз мұнда ағылшын тілін алфавиттен бастай аласыз. Бұл ресурста арнайы үй тапсырмасы беріледі және онлайн тест тапсырып өз біліміңізді тексере аласыз.

Englishtips.org-ағылшын тілін жақсы меңгергенсіз,ағылшын тілінде кітаптар оқығыңыз келеді, бірақ оқитын кітаптар таппай жүрсеңіз бұл сіздің іздеген сайтыңыз. Мұнда шет тіліндегі кез-келген кітаптарды онлайн түрде оқи аласыз.

<http://ru.forvo.com> – Сөздерді қалай айту керек екендігін білмейсіз бе? Өзіңізге қажетті сөзді тауып, «сөйлеу белгісін» басыңыз, сонда сіз оның дұрыс айтылуын ести аласыз.

Real-english.com-ағылшын тілін меңгеру оңай болу үшін,орыс тілінде жақсы сөйлей алуың керек деп жатады. Дегенмен сіз орыс тілін дұрыс білмейтін болсаңыз,бірақ ағылшын тілін үйрететін арнайы сайттар орыс тілінде болса,сіз уайымдамаңыз! Себебі бұл сайт ағылшын тілін үйрететін, қазақ тіліндегі бірден-бір жалғыз ресурстың бірі. Сіз бұл жерден өзіңізге қажетті тақырыптарды тауып,сабақты онлайн түрде және аудио түрінде меңгере аласыз.

BBC Learning English-бұл сайт ағылшын тілін үйретуге арналған танымал сайттардың бірі. Егер сіз ағылшын тілін жаңадан үйреніп жүрген болсаңыз бұл ресурс сізге тиімсіз. Себебі мұнда арнайы сабақтар, грамматикалар мұғалімдерге немесе ағылшын тілінен белгілі деңгейден өткен үйренушілер-ге арналған.

Қазақстан тұрғындарының көп бөлігінде Android негізінде жұмыс істейтін құрылғылар бар. Ағылшын тілін үйренуді алдыңызға мақсат етіп қойсаңыз, бірақ үйренуге уақытыңыз болмай жүрсе, телефоныңыздан Google Play Market-ке кіріп, төмендегі арнайы ағылшын тіліндегі ресурстар көмегімен біліміңізді жетілдіруге кеңес беремін.



Listen and Speak-ағылшын тілін жаңадан бастап жүргенде кейбір сөздердің, сөйлемдердің қалай оқылатынын білмей жүрсеңіз, бұл аппликейшн сізге жақсы көмекші. Бағдарламадан ағылшын тіліндегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің қалай оқылатынын естіп, өзіңіз де телефоныңызға сол сөзді қайталап айтасыз. Ақылды бағдарлама, шет тіліндегі дыбыстарды қаншалықты түсінікті дыбыстағаныңызды бағалайды.

English Grammar – ағылшын тіліндегі грамматиканы үйретуге арналған ресурс. Мұнда әр грамматиканы үйретуге арналған арнайы тесттер жинағы бар. Тапсырманы орындау арқылы оқыған сабағыңыз есте жақсы сақталады. Мұндағы онлайн тест қатенді бірден түзейді. Осы ресурсты пайдаланып ағылшын грамматикасын есте сақтауға болады.

Құрметті оқырмандар интернет бетін ашсаңыз, әрине ағылшын тілін үйрететін арнайы сайттар, ресурсстар өте көп. Дегенмен біз сіздерге ең тиімді, түсініктісін ұсынып отырмыз. Біз ұсынған ресурстар кәдеңізге жарар деген сенімдеміз!

ӘОЖ 81.1:81.44

ТІЛДІК БЕЙНЕЛЕУ ӘЛЕМІНДЕГІ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТАПТАУРЫНДАР

Опабекова А., Садықбекова Б.А.

«Гендер», жыныс» сөздері де әр халықтың санасында, әлем бейнесінде әртүрлі қалыптасқан. Гендерлік зерттеулер қатарында гендердің тіл білімі саласымен байланысы ғылымда пайда болып жатқан жаңа бағыттардың бірі. Ғылымда бұл бағытты зерттеу бір жүйеге түсіп, қарқынды даму үстінде. Бүкіләлемдік лингвист ғалымдарының алдында тіл білімі саласының гендерлік бағытын айшықтап, соның негізінде дұрыс гендерлік лингвистиканы қалыптастыру қажеттілігі тұр.

Қоғамдағы ер және әйел адамның рөлін айқындауда салыстырмалы типологияның да үлесі бар. Бір тілде сөйлеуші топтың санасында тарихи қалыптасқан, мәдениеті мен салт – дәстүрімен сабақтаса жеткен мінез-құлық ерекшеліктерінің тілде көрініс табуы олардың өзара ерекшеліктерін айқындауды талап етеді. Гендерлік лингвистиканың маңызды бөлімдерінің бірі – гендерлік таптаурындар



(стереотиптер). Гендерлік таптаурындар-тұрақты және бірқалыпты болады. Гендерлік таптаурындарды біз мақал-мәтелдер, туыстық атаулар, тұрақты сөз тіркестері арқылы зерттеп, зерделей аламыз.

Гендерлік таптаурындар (стереотиптер) бірқалыпты және тұрақты болады. Қазіргі кезеңдегі әйел адамға тән кінәмшілдік, сезімталдық және көңілшектік қасиеттер бұрынғы кезеңдерде, орта ғасырларда өмір сүрген әйел қауымы бойындағы өз сезімін ұстай алмаушылық, шыдамсыздық секілді қасиеттері мәндес болып келеді. Және ер адамдарға қатысты оларды ақылды, айтқан сөзінде тұратын, салиқалы т.б. секілді қалыптасқан көзқарастар күні бүгінге дейін өз мән-мағынасын жоғалтқан жоқ.

Туыстық атаулар-өзара туыстық қарым- қатынасты білдіретін атаулар тобы. Тілдің ерекшелігі, салт-дәстүрлерге, мәдениетке қатысты туыстық атаулар құрылымы әр тілде сөйлейтін елдерде әртүрлі болып келеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық атаулардың өзіндік ерекшеліктері бар. Сөздік қоры жөнінен қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің қатарында. Туыстық атаулар жүйесі қазақ тілінде кең құрылымды. Ағылшын тілінде туысқандық атаулар қазақ тілімен салыстырғанда аз мөлшерде. Бұл сол тілде сөйлейтін халықтың мінез ерекшеліктеріне, ғасырлар бойы қалыптасқан таптаурындарға (стереотиптерге) тікелей байланысты. Ағылшындарда туыстық атауларды қолдану аясы тар, яғни қазақ тіліндегідей туған-туысты түп-тамырымен туыстық атаулармен атамайды.

Қос тілдегі туыстық атауларды салыстыра келе қазақ тілінің сөздік қорының ағылшын тілінің сөздік қорына қарағанда мол екенін аңғарамыз. Бұл- халқымыздың көнеден асыл мұра болып келе жатқан салт- дәстүрлеріміздің, айналысқан шаруашылығымыздың әсерінен.

Қазіргі таңда гендерлік таптаурындар психологияда, қоғамтануда, тарихта және т.б. гуманитарлық ғылым салаларында зерттелу үстінде. Гендерлік таптаурындар ағылшын тілінің мақал- мәтелдерінде көрініс тапқан. Мақал-мәтелдерді зерттеу «паремиология» саласы екені белгілі. Ағылшын тілінің гендерлік таптаурындарға сай мақал-мәтелдерінде ер адамға қатысты жағымды және жағымсыз сипаттағы мақал- мәтелдер кездеседі.

Ағылшын тілінің мақал-мәтелдері арқылы қалыптасқан гендерлік таптаурындарға сәйкес, әйел-ана ретінде құрметті. Бірақ әйел ретінде, отбасындағы, қоғамдағы орны жөнінде жағымды пікірге қарағанда жағымсыз пікірлер басымырақ. Ер адамның рөлі қашанда маңызды. Отбасында, қоғамда ерлер билік жүргізуші азамат ретінде



қарастырылады. Ағылшын- мақал мәтелдеріне сүйенсек ер адам әйел адамға қарағанда ақылды, терең ойлайтын, отбасына қамқор жан.

Қазақ ауыз әдебиетінің маңызды бөлігі бұл - ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан мақал- мәтелдеріміз. Халқымыз айтар ойдың тобықтай түйінін бір ауыз сөзбен немесе мақал- мәтелдер арқылы жеткізіп отырған. Мақал- мәтелдер халық даналығының алтын қазынасы. Қазақ мақал- мәтелдері әртүрлі тақырыптарда кең көлемде кездеседі.

Қазақ тілінде «ер» және «әйел» адамға қатысты мақал- мәтелдер арқылы қоғамда, ер адамның абырой-беделі жоғары деген гендерлік таптаурындар қалыптасады. Ер азамат- елі үшін еңбек етеді. Әйел адам – отбасының берекесін сақтаушы, балалардың қамқоршысы.

УДК 811.111:37.025

DIFFERENCE OF MENTALITY IN THE WORLD

Nurmakhan Y., Tortaeva E.K.

Everyone once in his live time had a dream to see the World, travel and get some new feelings. So imagine you get it, this chance and you're going abroad. What should you do? The reason we wrote this research is that we think that information given here will help them in near future. I want to share with my own experience, things I mentioned because different country, different people. Also, explain to my idea, if you remember Russian people have phrase like "It is not matter what your nation is, matter who you are", I want people understand that it is very important where you from and what kind of mentality do you have. Because mentality has more power on us than we think.

A mentality is a way of thinking or the ability to think and learn. If someone says you have the mentality of a kindergartener, that's great if you're in kindergarten, but if you're in tenth grade, they're probably calling you immature.

An obvious part of the noun mentality is the word "mental," which means "of the mind". How your mind works is your mentality, either in a way that's measured in school or testing, or in the way you think about things. A learned way of thinking comes from experiences; for example you might have a competitive mentality at mealtime because you share a table with nine brothers and sisters.



Mentality (Latin word “mens”, “mentis” - spirit, thinking, reasonableness and a way of thinking) is the unity of group's or individual's behavior, thinking, feelings, attitudes, trends, it is formed with the influence of traditions, culture, social structures and the whole environment of human being and at the same time it influences the process of their formation.

Here are some facts of difference in mentality:

1. In Rome, Italy, adults drink coffee standing up at a coffee bar.
2. Throughout Europe, people eat with the fork in the left hand and the knife in the right.
3. In India, women wear rings in their noses to show they are married.
4. In New Zealand, chewing gum in public is considered impolite.
5. In Russia, powerful handshakes among men are often carried to extremes.
6. In Brazil, kids do not have sleepovers.
7. In most parts of Asia, it is taboo to touch people's heads, especially those of children.

This scheme indicates the difference of people from east and west to the view to live. Man from west goes to their dreams directly, but east man thinks that ending is not valuable; they give more attention to the way to it.

This one shows the difference while they are in trip or travel. East people like more to take photos more than sightseeing.

Here we see the distinction on parties or celebrity evenings, east people like to sit all together on one table, however east like to be in small groups.

People staying in a line, I think this very interesting, because this is a problem we see every day, west people try to go through the line as fast as possible and this makes line crowded.

We made little social interview about how much students know about mentality.

In conclusion we want to all people before going abroad take a moment and think about how they will act over there. Since you advertisement of your country and you should be polite. This research will help people not do some mistakes that happen at the start. We want all of you understand this and you should be proud about your native country, in my journey I met a lot of people, our own Kazakh that helped us in unknown country that have its own rules, kind American that always gave to us advices, Europeans with whom I talked through nights, at the end I heard the words that I could there they were “You tell so amazing information about your home, I want to see it with my own eyes and I think that we will meet again ” because of this words I was very proud of who am I and about my Home, that I missed all the time till I was there.



УДК 81.373.46

СПОРТИВНАЯ ЛЕКСИКА В РУССКОМ, КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Рысбекова Н., Кекилбаева Ж.Е.

Спортивная лексика – представляет собой составляющий элемент языка всех людей, которые имеют что-то общее со спортом. Такими являются сами спортсмены, игроки, их тренеры, болельщики тоже, и также судьи. Данная лексика характеризуется следующими особенностями: не ярко выраженной сжатостью от общелитературной лексики, очевидностью, большим количеством потребителей, широким наличием синонимов, и также схожестью с технической лексикой. Спортивная лексика выражена межотраслевыми и общими научными универсалиями, узкоотраслевыми и отраслевыми понятиями, и специальными наименованиями. В самую распространённую группу в спортивной лексике входят узкоотраслевые названия. Вокруг лексики в области спортивной коммуникации выделяются номенклатурные наименования, профессионализмы и профессиональные жаргонизмы.

Характерностью концептуализации в области спортивной деятельности считается видение основных объектов и отношений между ними через призму противопоставления, которое определено принципом соревновательности самого спорта. Через противопоставление понимается не только игра как таковая, но и также все ее составляющие. Каждый новый вид спорта развивается как развитие и усложнение существующей системы, в котором выражается характерный признак, который служит основой для сопоставления и противопоставления с предыдущими, и закрепляется в лексике.

Казахский язык, в связи с развитием спорта в стране, пополняется разными словами, обозначающими спорт, виды спорта, общие термины, спортивные принадлежности и т. п. Возникновению и развитию спортивной лексики казахского языка послужили взаимоотношения между представителями разных народов. За последнее время спортивная лексика получила большие темпы развития. Это связано с тем, что усиленно развиваются как сами виды спорта, так и околоспортивные сферы (спортивная медицина, система судейства и контроля, спортивное оборудование и оснащение), вырос уровень организации и проведения спортивных соревнований во всех странах. Для определения всего этого в казахском языке появляются



новые слова. В казахском языке есть такие слова, обозначающие национальные виды спорта, которые не переводятся на другие языки, не имеют аналогов. К таким видам спорта относятся: аламан бәйге, бүркіт салу, жамбы ату, көкпар, қыз қуу и т. д. Такие слова на русский язык и на другие языки переводятся путём замены казахских букв русскими или английскими буквами. Например, слово “көкпар” на русском и английском языках будет звучать так: кокпар, kokpar; слово “қыз қуу” – кыз куу, kuz kuu и т.д.

IE-ROBO-circle – робот на базе программируемого микроконтроллера I-BOX3, который можно программировать при помощи языка программирования LOGO или его текст-ориентированной версии.

При исследовании робота ROBO-circle на основе микроконтроллера I-BOX3, были изучены материалы по практическому применению. Был написан программный код «обнаружения края». Работа с роботами очень увлекательна и помогает изучать различные языки программирования и изучать устройства микросхем.




Рис. 1. Блок-схема сборки обнаружения края с помощью программы Logo-Blocks

С помощью программы LogoBlocks запрограммировали робота. LogoBlocks является уникальным программным обеспечением, которое позволяет создавать символы-иконки программы для управления I-Box3 контроллера. Для создания программ, просто перетаскивайте образующий блок из меню заготовок (в левом нижнем углу экрана) и соедините их вместе в рабочей области (в правой стороне экрана). Кнопки в левом нижнем углу позволяют переключаться в меню между областями, каждая из которых содержит свой набор команд.

Занятие робототехникой развивает навыки информатики, математики, технологии, физики, умение объемно видеть предмет и творческие способности. Во многих странах уже появляется данное направление, как дополнительные занятия, но я считаю такой предмет нужно ввести в каждой школе, он очень полезен, ведь за инженерами, программистами, технологами – будущее нашей страны.

ӘОЖ 519.21(075.8)


КЕЗДЕЙСОҚ ШАМАЛАРДЫҢ БЕРІЛГЕН АРАЛЫҚҚА ТҮСУ ЫҚТИМАЛДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Базарбаева А., Жақаш Ә.Т.

Жұмыста қалыпты үлестірім заңдылығымен берілген кездейсоқ шаманың берілген аралыққа түсу ықтималдылығын анықтау тәсілдері қарастырылған. Көптеген жағдайда үзіліссіз кездейсоқ шаманың алдын ала берілген аралықтағы мәнді қабылдау ықтималдығын анықтау өте маңызды. Сондықтан қарастырып отырған тақырып қолданбалы математиканың өзекті есептеріне жатқызуға болады. Жұмыстың мақсаты ықтималдықтар теориясының негізгі элементтері мен ықтималдылықтар тығыздығының негізгі үлестірім заңдарына тоқталып, сол заңдылықтарды пайдалана отырып, қалыпты үлестірім заңдылығымен берілген кездейсоқ шамалардың берілген аралықтарға түсу ықтималдылығын анықтау.

Жақтары xOy координат осьтеріне параллель R тік төртбұрышына (X, Y) кездейсоқ нүктенің түсу ықтималдылығын есептеу керек (сурет 1). Ол үшін келесі формуланы қолданамыз.

$$P((X, Y) \in R) = \int_{\alpha}^{\beta} \int_{\gamma}^{\delta} f(x, y) dx dy = \int_{\alpha}^{\beta} \frac{1}{\delta_x \sqrt{2\pi}} \cdot e^{-\frac{(x-m_x)^2}{2\delta_x^2}} dx \int_{\gamma}^{\delta} \frac{1}{\delta_y \sqrt{2\pi}} \cdot e^{-\frac{(y-m_y)^2}{2\delta_y^2}} dy \quad (1)$$



Сурет 1



Мысал ретінде, келесі есепті қарастырайық. Ұшақтан өлшемі 9×12 м жерде горизонтал орналасқан тік бұрышты қалқанға оқ ату керек. Ықтималдық ауытқулар: көлденең бағытта $B_g=10$ м, бүйір бағыты бойынша $B_\delta=5$ м. Ату қашықтығына дәл келмейтіндіктен орташа тиіу нүктесі 4 м ығысады дейік. Бір атқаннан нысанаға тигізу ықтималдылығын табу керек.

«Delphi» жүйесінде бағдарлама құрылып, көлденең және бүйір бағыттағы, орташа ығысу нүктесінің кез келген мәніндегі нысанаға тиіу ықтималдығы есептелді.

Сонымен қатар кез келген нысанаға, эллипс шашырауы теориясы негізінде дәл түсіру ықтималдығын есептеулері көрсетілген. эллипс бойынша ықтималдылығы келесі қос интегралмен анықталады:

$$P(X, Y) = \iint_D f(x, y) dx dy = \iint_D \frac{1}{2\pi\delta_x\delta_y} e^{-\frac{1}{2}\left(\frac{x^2}{\delta_x^2} + \frac{y^2}{\delta_y^2}\right)} dx dy.$$

Жаңа айнымалыда шашырау эллипсіне түсетін кездейсоқ нүктелердің ықтималдығы:

$$P((X, Y) \in D_k) = 1 - e^{-\frac{k^2}{2}}.$$

Тақырыпқа сәйкес келесі есеп қарастырылған.. Жылдам қозғалыстағы кіші өлшемді ауданы $1,2 \text{ м}^2$ нысанды радиусы $R=30$ м жазық дискі жарқыншақты өріспен жабу керек. Дискінің ішіндегі жарқыншақтардың тығыздығы тұрақты және ол 2 жар/м^2 тең. Шашырау заңдылығы нормада ж

әне шашырау дөңгелек, яғни $\delta=20$ м. Нысанаға дәл тигізу ықтималдығын анықтау керек. Заманауи есептеу әдістері негізінде бағдарлама құрылып, кез келген нысанаға, эллипс шашырауы теориясы негізінде дәл түсіру ықтималдығын есептелінді. Жұмыста бағдарлама мен есептеу нәтижелері келтірілген.

Зерттеу нәтижесін әскери істерде және техникалық мақсатта қолдануға болады.



ӘОЖ 517.925.51

СЫЗЫҚСЫЗ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ПЕРИОДТЫ ЖӘНЕ СИНХРОНДЫ ШЕШІМІНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕЛУІ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫ

Таласбаев А., Жақаш А.Т.

Жұмыста сызықсыз дифференциалдық теңдеулер жүйесінің периодты және синхронды шешімінің орнықтылығы мен есептелу жолдары қарастырылған. Вибрациондық техникада тағы бір кең ауқымда пайдаланылатын өзіндік синхронизация эффектісінің техникалық қолданылуын айта кеткен жөн. Мұнда периодты тербеліс жасайтын жеке резонанстық вибромашиналарды бір жүйеге біріктіру мүмкіндігі жайлы сөз болып отыр. Мұндай есептер ауыр резонансты машиналарды технологиялық жоспарлауда маңызды болып есептеледі. Есептің дұрыс шешілуі барысында резонансты вибрациалық машиналардың жұмысшы органдар өлшемдерінің өсуінің тез өзгеруіне, сонымен қатар оларды секциялауға көшіруге мүмкіндік береді.

Синхронизация құбылысы туралы айтатын болсақ, жалпы синхрондау деп (грек. *synchronos* — бір мезгілді) екі немесе бірнеше процестердің уақыт бойынша үйлесімділігін, яғни процестердің бірдей немесе өзара сәйкес элементтерінің тұрақты фазамен ығысуы немесе бір мезгілде өтуін айтады. Осы шарттарды қанағаттандыратын процестер синхронды процес деп, ал осы қасиет синхрондылық деп аталады. Синхронизация құбылысы табиғи немесе табиғи емес объектілердің сыртқы әсер болмаған жағдайда әр түрлі жиіліктегі (бұрыштық жылдамдықтағы) тербелмелі немесе айналмалы қозғалыс жасағанда байқалады. Олар бір мезгілде өте әлсіз байланыс орнатқанда қысқа немесе орынды (ұтымды) қатынастағы жиіліктер (бұрыштық жылдамдықтар) арқылы қозғала бастайды. Синхронды емес процестер асинхронды делінеді. Процестерді синхронизациялаудың техникада үлкен маңызы бар.

Жұмыста динамикалық жүйелердің синхронды жұмысын зерттеуде пайдаланылатын негізгі математикалық аппараттарға сипаттама берілген. Синхронизация туралы мәліметтер қарастырылған.

Қарапайым тербелістер жүйесіндегі дебалансты виброқоздырғыштардың өзіндік синхронизациясын зерттеу үшін



жүйенің математикалық моделін құрудың жолдары мен шешулері қарастырылған.

Виброқоздырғыштардың синхронды қозғалысының орнықтылығымен табылу шарттары және оның зерттеудегі жеңілдету жолдары қарастырылған.

Екі резонансты вибрациялық құрылымды серпімді түрде біріктіргенде, синхронды жұмыс істелуінің алғы шарты ретінде жеке тербелістердің жиілігі туралы теореманың атқаратын рөлі айрықша екенін айта өту керек. Сызықсыз тербелістердің ерекшеліктерін, оның ішінде субгармониялық тербелістердің вибрациялық машиналардың тиімді параметрлерін анықтауда пайдалануға болатынын көрсетті. Бұл ерекшеліктерді пайдалану вибрациялық машиналарды жетілдіруде келесі екі мәселені шешеді:

- қозғалыстың резонансты жағдайын тұрақтандырады;
- жиіліктерді редукторсыз түрлендіру.

Резонансты виброқұрылымның өзіндік синхронизациясын зерттеу, бұл жүйелердің тербелмелі ортада олардың өзіндік синхронизацияда орнықты жұмыс істейтінін көрсетті. Зерттеудің нәтижесінен көрініп тұрғандай әр түрлі жүйелерді бір жүйеге біріктіргенде, олардың кейбір параметрлерін үлкен диапазонды өзгерткенде синхронды жұмыс істейтінін көрсетті. Жұмыстың нәтижелерін технологиялық машиналарды жетілдіруде пайдалануға болады. Мысалы, үлкен өлшемді темір – бетон бұйымдарын дайындауға, екі кішірек виброалаңдарға керекті өлшемдегі қалыптарды қойып, жұмыс істеуге болады. Негізгі шарт, екі виброалаңның синхронды жұмыс істеуі жұмыста дәлелденген.

Заманауи есептеу әдістері негізінде бағдарлама құрылып, салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. Бұл бағдарламаның негізінде әр түрлі параметрлердің мәндерін ауыстыра отырып көптеген нәтижелерді алуға болады. Мысалы вибраторлар массаларын және серіппелердің қатандықтарын ауыстыруға болады.



УДК 004.42:004.942(075.8)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИФИЗИЧЕСКОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ДЛЯ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ ЭЛЕКТРОМАГНЕТИЗМА В ФИЗИКЕ

Сегизбай А., Кейкиманова М.Т., Орынбаев С.А.

Для существенного облегчения процесса решения задач в физике и наглядности полученных результатов можно использовать системы моделирования, одна из которых COMSOL.

COMSOL – мощная интерактивная среда для моделирования и решения научных и технических проблем, основанных на дифференциальных уравнениях в частных производных (PDE). В этой среде можно легко расширять модели, находящиеся в составе пакета, переходя от одного физического поля к мультифизике и разыгрывая различные состояние модели, которые могут иметь отношение к различным отраслям науки и техники.

Основная математическая структура, с которой работает COMSOL – система дифференциальных уравнений в частных производных. В COMSOL Вы можете представлять системы PDE тремя способами: в коэффициентной форме (для линейных или почти линейных задач), в генеральной форме, подходящей для нелинейных моделей или в ослабленной проекционной форме – для моделей с PDE на границах, ребрах, или точках либо моделей, использующих члены со смешанными производными по времени и по пространственным координатам. Возможно создание стационарных не зависящих от времени или нестационарных зависящих от времени, а также линейных или нелинейных моделей, соответствующих либо скалярной, либо многокомпонентной краевой задаче. Пакет поддерживает также задачи на собственные значения и частоты.

COMSOL имеет чрезвычайно широкую область применения, что позволяет моделировать большое количество материальных явлений во многих дисциплинах, таких как: акустика, биология, химические реакции, диффузия, электромагнетизм, динамические потоки, топливные элементы и электрохимия, геофизика, перенос тепла, микро-электромеханические системы, микроволновые разработки, оптика, фотоника, потоки пористых сред, квантовая механика,



радиочастотные компоненты, полупроводниковые устройства, структурная механика, явления переноса вещества, распространение волн.

Если COMSOL-модель включает в себя несколько связанных между собой прикладных режимов, то такая модель называется мультифизической. Система COMSOL сама внутренними средствами строит из этих прикладных режимов систему связанных PDE. В качестве примера можно привести изменение удельного электрического сопротивления при изменении температуры. А температура изменяется вследствие выделения тепла проводником, по которому протекает электрический ток. В этом случае совместное решение тепловой и электромагнитной задачи является связанной мультифизикой.

В системе COMSOL, кроме элементарной, предусмотрена еще и расширенная мультифизика. Такая мультифизика позволяет объединять в одной модели несколько систем PDE, определенных на нескольких разных геометриях, причем размерности пространств в этих геометриях могут быть различными. Связь между геометриями может быть организована в системе COMSOL при помощи так называемых переменных связи.

Гибкость COMSOL заключается в том, что эта система может работать совместно с системой MATLAB. В среде COMSOL доступны все средства MATLAB и, наоборот, в среде MATLAB доступны все средства COMSOL. Это дает возможность комбинировать конечноэлементное моделирование с симуляцией динамических систем, а также с многочисленными другими аналитическими и численными методами анализа в науке и технике. Например, возможно создать конечноэлементную модель в COMSOL и затем экспортировать ее в Simulink или в Control System Toolbox, где модель становится неотъемлемой частью анализа динамической системы.



ӘОЖ 517.956.47

ПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ҮШІН КЕРІ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Таубаева Қ., Түймебаева А.Е.

Жұмыста параболалық теңдеулер үшін кері есептерді шешу әдістері қарастырылған. Математикалық физиканың кері есептері – негізінен соңғы 35-40 жылдары қалыптасқан, қазіргі заманғы математиканың қарқынды дамып жатқан бөлігі, бірақ та алғашқы жұмыстар өткен ғасырдың 30 жылдарына тиесілі. Классикалық мағынада кері есептер жиі қисынсыз есептер болады. 20 ғасырдың ортасынан бастап «қисынсыз есептер» термині заманауи ғылымға қарқынды түрде ене бастады. Мұндай есептерге классикалық математиканың әр түрлі бөлігінің есептерін жатқызуға болады. Екінші жағынан кері және қисынсыз есептер жүйелі түрде оқыту объектісіне айналды және физикада, геофизикада, медицинада, астрономияда, жалпы айтқанда математикалық әдістер қолданылатын білім саласында қолданылады. Кері есептердің шешімі зерттелінді ортаның маңызды қасиеттерін сипаттайды, яғни толқынның тығыздығы мен таралу жылдамдығын, тығыншықтылық параметрін, өткізгіштігін т.б. Мұндай ақпараттың физиктер, геофизиктер, дәрігерлер, жалпы айтқанда мұндай объектілер мен сол облыстағы зерттеу жүргізетіндер үшін қызықты және маңызды.

Жылуөткізгіштік кері есептері шынайы жылу эксперименттерінің нәтижелерін өңдеумен байланысты. Қашықтатылған ішкі нүктелерде температураны өлшеу мүмкіндігі сыртқы беттің температурасын өлшеу мүмкіндігінен төмен болуы мүмкін. Осылайша, нәтижелердің кірістік температуралық берілгендерден үзіліссіз тәуелділігі бұзылады. Сонымен қатар, есептің нақты шешімі кезінде кірістік ақпарат қателікпен белгілі болады және кірістік деректер қателіктері айтарлықтай күшеюі мүмкін. Сондықтан жылуөткізгіштік кері есептерін шешу нәтиженің орнықсыздығын жоятын және де талап етілген дәлдікті сақтайтын жуықтау әдістеріне негізделуі қажет.

Бұл жұмыста торлар әдісі қолданылады. Берілген дифференциалдық теңдеуді жуықтап сипаттайтын айырымдық схеманы жазу үшін келесі екі қадамды жасау керек. Аргументтің үзіліссіз өзгеру облысын оның дискретті өзгеру облысымен алмастыру қажет. Дифференциалдық операторды кейбір айырымдық операторлармен алмастыру қажет, сонымен қатар шеттік шарттар мен



бастапқы берілгендер үшін айырымдық теңдеулер құру керек. Тақырыпқа сәйкес келесі есеп қарастырылған. Айталық, D облысы берілсін, онда бізге белгілі:

1. Берілген облыстың шекарасы болатын OT өсінің әрбір нүктесінде нөлге тең шешім мәндері;

2. OM кесіндісінде $f(x) = x^2(0,36 - x^2) + 100x$ функциясынан тәуелді OX өсінің нүктелеріндегі шешім мәндері, мұндағы M нүктесі келесі шарттарды қанағаттандырады:

а) M нүктесі D облысына тиісті және оның ординатасы нөлге тең;

б) M нүктесі – ішкі нүкте.

3. M нүктесінен өтетін, ордината осіне параллель α түзуінде $u(0,6; t) = t + 60$ функциясынан тәуелді шешім мәндері:

$$\begin{cases} c\rho \frac{\partial u}{\partial t} = \lambda \frac{\partial^2 u}{\partial x^2}, & x \in (0, M) \cup (M, L) \\ u(x, 0) = x^2(0.36 - x^2) + 100x, & x \in [0, M] \\ u(0, t) = 0 \\ u(M, t) = t + 60. \end{cases}$$

Ордината осіне параллель L нүктесі арқылы өтетін, атап айтқанда b түзуі арқылы өтетін, берілген облыста шешімдерінің мәндері табылды. Заманауи есептеу әдістері негізінде бағдарлама құрылып, салыстырмалы зерттеулер жүргізілді.

УДК 004.738.5

МИКРОКОНТРОЛЛЕР ATmega 8535 В СРЕДЕ AVR. ИССЛЕДОВАНИЕ «ТИРИСТОРНОГО ПРЕОБРАЗОВАТЕЛЯ» ПОСТОЯННОГО ТОКА НА ЛАБОРАТОРНОМ СТЕНДЕ

Ильясов Д., Аргынбаев Б.М.

В настоящее время дисциплины «Элементы и устройства автоматики» и «микропроцессорные системы управления электроприводов» нашли широкое применение в различных областях промышленности, на железнодорожном транспорте, судах самолетах и т. д. Они используются для питания процессов электролиза в цветной металлургии и химической промышленности; для питания системы

электропривода двигателей, постоянного тока различного назначения и мощности; для возбуждения крупных электрических генераторов; для тяговых подстанций и магистральных электровозов переменного тока и для удовлетворения многих других потребностей народного хозяйства.

Лабораторный стенд «Микропроцессорные системы управления электроприводов» (в дальнейшем изложении стенд) предназначен для обучения студентов различных специальностей, изучающих дисциплины по архитектуре и программированию микропроцессорных устройств и систем, ЭиУА, АТП и содержит основной модуль «Тиристорный преобразователь» и модуль «Микроконтроллер» предназначенный для управления всем процессом в автоматическом режиме.

Указанные качества тиристорных преобразователей делают их весьма перспективными устройствами для питания систем электроприводов постоянного тока, с плавным регулирование частоты варения в широком диапазоне, для возбуждения крупных электрических генераторов и других целей.




Рис. 1. Модуль микроконтроллерного
управления тиристорным преобразователем

Тиристорные преобразователи зарекомендовали себя как надежные устройства управления электродвигателями постоянного тока.

Эти преобразователи выпускаются на широкий диапазон мощностей, могут работать с большими перегрузками, при этом преобразователи могут как выпрямлять переменное напряжение сети,

так и инвертировать напряжение электродвигателя постоянного тока для возврата электрической энергии обратно в сеть.

Модуль "Тиристорный преобразователь" предназначен для исследования характеристик системы ТП-ДПТ в автоматическом и ручном режиме.

ӘОЖ 517.912

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АНАЛИЗДІҢ ӘДІСТЕРІМЕН НҰҚСАНДЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУДІҢ ШЕШІМІНІҢ БАР БОЛУЫ

Досыбаева А., Рахимова Г.К.

Соңғы жылдары классикалық емес дифференциалдық теңдеулер қарқынды зерттелуде, себебі оның көптеген қолдану мағынасы бар. Соған байланысты көптеген ғалымдар осы бағытта еңбек етуде. Соған қарамастан әлі де, көптеген мәселелер толық зерттелмей тұр. Оларға біз жауап іздеп көрдік. Соның ішінде бізді төмендегідей сұрақтар қызықтырады:

- 1) шешімнің тегістігі;
- 2) шешімнің әр түрлі салмақты нормалардағы бағасы;
- 3) шешімнің аппроксимативті қасиеттері.

Бұл жұмыста осы аталған сұрақтар төмендегі дифференциалдық теңдеулер үшін қарастырылды:

Берілген $\Omega = \{(x, y) : 0 < x < 2\pi, 0 < y < 1\}$ облысында төмендегі дифференциалдық теңдеуді қарастырамыз:

$$Lu \equiv -\frac{\partial^2 u}{\partial y^2} - R_0(y) \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} - R_1(y) \frac{\partial^3 u}{\partial x^3} = f \in L_2(\Omega), \quad (1)$$

мынадай шектік шарт қарастырамыз:

$$u(x, 0) = u(x, 1) = 0; \quad (2)$$

$$\left. \frac{\partial^i u}{\partial x^i} \right|_{x=0} = \left. \frac{\partial^i u}{\partial x^i} \right|_{x=2\pi}, \quad i = 0, 1, 2, \quad (3)$$

мұнда $f \in L_2(\Omega)$, $\Omega = \{(x, y) : 0 < x < 2\pi, 0 < y < 1\}$.



Сонымен қатар осы теңдеудің екі айнымалы коэффициентті дифференциалдық теңдеуін қарастырамыз.

Нұқсанды дифференциалдық теңдеулерді қарастырдық, Петровский классификациясына кірмейтін, яғни классикалық емес дифференциалдық теңдеулер ретінде қарастырылады. Оларды ең бірінші Ю.А. Дубинский және С.Г. Пятков еңбектерінде қарастырылып, классикалық емес дифференциалдық теңдеулер деген термин енгізілген. Ал М.Б. Мұратбеков кез-келген ретті сызықты және сызықты емес дифференциалдық теңдеудің шешімінің бар болуын және шешімдерінің тегістілігін зерттеген ғалымдардың бірі. Шексіз облыста, біз М.Б. Мұратбековтің кез-келген ретті дифференциалдық теңдеудің шешімінің бар болуын дәлелдегенде қолданған әдісін, оператордың бөлінгіштігін қолданамыз. Сонымен қатар бұл кез-келген ретті дифференциалдық теңдеулердің нұқсанды жағдайлары қарастырылған, ал оның қолданбалы мағынасы бар.

Дифференциалды теңдеулерді зерттеуде қойылатын негізгі сұрақтарды үш топқа біріктіруге болады: шешімнің бар болуы, жалғыздығы және сапалық өзгерістері. Бұл сұрақтардың алғашқы екеуі теңдеудің математикалық моделі ретінде белгілі бір процестің сипаттауына жауап берсе, ал үшіншісі процестің өзгеруін сипаттайды. Сондықтан сызықты және сызықты емес дифференциалды теңдеулер теориясында үшінші мәселе, яғни теңдеу шешімнің сапалық өзгерістерін зерттеу үлкен орын алады. Бұндай есептерді зерттеу өте қажет, себебі қолданбалы мағынасы бар. Газдық динамикада, гидромеханикада және моментті емес қабықшалар теориясында қолданылады.



**ТАСЫМАЛДАУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР.
МҰНАЙ-ГАЗ ІСІ. МАШИНАЖАСАУ**

**ТРАНСПОРТНАЯ ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИЯ.
ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ МАШИНЫ И ОБОРУДОВАНИЕ.
НЕФТЕГАЗОВОЕ ДЕЛО. МАШИНОСТРОЕНИЕ**

ӨОЖ 656.56:338;656.56:658

**ҚАЗАҚСТАНДА КОМПРЕССОР БЕКЕТТЕРІНДЕГІ
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Райқұлов Ә., Манапбаев Б.Ж.

Мұнай-газ саласы электр энергиясын көп тұтынатын салалардың бірі. Әсіресе, газ тасымалдау бағыты өте шығынды. Бұл жұмыстар компрессор бекеттерінде іске асырылады. Ондағы жабдықтар келесідей жетектермен жұмыс жасайды: газтурбиналық қондырғы, электрлі жетек арқылы және дизельді электрбекеттері. Газтурбиналық жетектер ең тиімді болғанымен, еліміздегі басым компрессор бекеттері өте шығыны мол электрлі жетектермен жабдықталған. Осындай жағдайда электр энергиясын үнемдеу өзекті және біз келесідей жолды ұсынамыз.

Әдетте, компрессор бекеттерінде электр энергиясын келесідей үнемдейді:

1. Энергетикалық көрсеткіштері жоғары қысымдағыш (нагнетатель) жетегін қолдану.
2. Құбыр желісінің ішкі кабырғасына газдың үйкелуі нәтижесінде орын алатын шығынның төмендету.
3. Өтімділіктің құбылуы кезінде газ құбыр желісінің оңтайлы пайдалану.
4. Компрессор бекеттерінде пайда болған қосымша энергетикалық ресурстарды қолдану.
5. Компрессор бекеті алаңдарын жарыктандыруда электр үнемдейтін шамдарды, светодиодтар, LED жарыктандыру, т.б ауыстыру.



6. Жабдықтардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, өйткені жиі өшіп-қосылып жұмыс істеген жабдықтар электр энергиясының көптеген шығындарына алып келеді.
7. Газды төмен температурада тасымалдау, іші эпоксидті қабықшамен қапталған құбырларды пайдалану гидравликалық кедергіні төмендетіп, электр энергиясының шығындарын азайтады.

Біз, мысал ретінде Жамбыл облысынан өтетін «Бұқара – Ташкент – Бішкек – Алматы» магистралды газ құбырының бойындағы КС-5 «Акбұлым» компрессор бекетін алдық. Мұндағы компрессор агрегаттары электр жетекті болғандықтан, энергияны үнемдеу мақсатында компрессор агрегаттары жылына қыс мезгілінде 1-2 айға ғана қосылады. Сондықтан, біз, компрессор агрегаттары қосылмаған кезіндегі бекеттің бір айдағы электр энергиясының шығындарын сондағы қызметкерлерден алдық, ол 10000 кВт тең, құны айына 196 666,5 теңге.

Осындай электр энергиясының шығындарды азайту мақсатында, біз, компрессор бекетінің айналасына күн панельдерін орнатуды ұсынамыз. Бекет тау етегінде орналасқандықтан, күн панельдерін аймаққа орналастыру оңтайлы болады. Сонымен қоса, тау етегіндегі микроклимат күн панельдерінің табиғи жағдайда сууына мүмкіндік беріп, қосымша құрылыс шығындарын да азайтатын еді. Ұсынысымызды нақтылау үшін, күн панелдерін орнатудың техника-экономикалық көрсеткіштерін есептеген болатынбыз. Ол үшін кең сатылымда жүрген, Қытайда өндірілген, 10 жылға дейін жұмыс жасайтын күн панелін алдық. Оның негізгі көрсеткіштері келесідей: кернеуі - 24 В, қуаты - 200 Вт/сағ, жүктеме кезінде кернеуі – 35.5 В, жұмыс тогы - 5.63 А, өлшемдері - 1482*992*35 мм, 1 панелді орнату құны - 65 000 теңге.

Компрессор бекетіндегі электр шығындары: тәуліктік 10 000 кВт/30күн=334 кВт/тәул және сағаттық 334кВт/24сағ=14 кВт/сағ тең. 1 кВт энергия алу үшін 5 күн панелдерін орнату қажет, сонда 14 кВт энергия алу үшін 70 күн панелдерін орнату қажет. Күн панелдерін орнатуға қажет қаржы - 70*65 000=4 550 000 теңге тең. Сонымен қатар, өзге де шығындар (кабель, инверторлар, құрастыру-орнату) – 500 000 теңге құрайды. Жалпы шығындар - 5 050 000 теңге болды. Сонда бір айда компрессор бекетінде электр энергиясына кететін шығынды – 196 666,5 теңгені үнемдеу арқылы, күн панелдерін орнатуға кеткен шығындарды өтелу мерзімі келесідей болады - 5 050 000 / 196 666,5 = 26 ай.



Әрине, біз ұсынған шаралар қарапайымдылығымен және кейбір мәселелердің үстірт қаралуымен ерекшеленеді. Дегенмен, осындай бағыттағы ұсыныстар еліміздегі «Жасыл экономика» Концепциясына қосылған ерекше бірден-бір шара болады деп сенеміз.

ӘОЖ 621.791.927.55

ПЛАЗМА ДОҒАМЕН ҚҰЙЫЛҒАН МЕТАЛЛДЫҢ ҮЙКЕЛІСКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Қажымұқан Н., Ильясов К.И.

Иінді білік айналып тұрған кезде оның мойыншаларының беттері сырғанақ подшипниктердің беттеріне үйкеледі. Иінді біліктің мойыншаларының беттері қажалып жылдам тозбау үшін беткі қабатындағы металлдың үйкеліске төзімділігі жоғары болу керек.

Осы жұмыста иінді біліктің мойыншаларының беттеріне құйылатын металлдың құрамын анықтау үшін плазма доғасымен құйылған құрамы әр түрлі қаттылығы HRC 45-тен жоғары металлдардың және олармен салыстыру үшін шынықтырылған Болат 45 болаттың (жаңа иінді біліктің мойыншасы) үйкеліске төзімділігі зерттелген.

Құйылған металлдардың және жаңа иінді біліктің мойыншасының салыстырмалы үйкеліске төзімділігін сынауды СМЦ-2 үйкеліс машинасымен орындаған. Ол үшін диаметрі 86,8 мм цилиндр үлгілердің бетіне сыналатын металлдар плазма доғамен балқытып құйылған. Үлгілердің беттері 88 мм диаметрге дейін ажарлап өңделген. Олардан роликтер жасалған. Сол сияқты роликтер жаңа иінді біліктің шатун мойыншаларынан жасалды. А-41 қоғалтқыштың нормальдық шатун вкладыштарынан өлшемдері 15x18 мм колодкалар жасалды.

Үйкеліске төзімділігін анықтау үшін ролик пен колодканы СМЦ-2 машинаның камерасына орналастырып бекітеді. Колотканы шарик арқылы басқышпен роликке итеріп тұрады. Басатын күшті реттеуге болады. Камераның ішіне абразив ұнтақ салынған мотордың майы құйылады, оған роликтің төменгі жағы батып тұрады. Ұнтақ маймен жақсы араласу үшін қалақша тербеліс қимыл жасайды. Сынау кезінде ролик айналып вкладыштың бетіне үйкеледі. Үйкелген беттердің температурасын термопарамен өлшеп тұрады, температурасы



нормадан жоғарламау үшін камерадағы маймен салқындатады. Майдың өзін салқындату үшін май арқылы мыс құбырмен суық су өтеді. Ролик пен вкладыштың желінуі салмақтарын ВЛА-200М аналитикалық таразымен 0,1МГ дәлдікпен өлшеу арқылы анықталды.

Әр варианттың тозуы 3-5 қайталанған сынаулардың нәтижелерінің орта арифметикалық мәнімен анықталды.

Сыналған роликтер мен колодкалардың тозуының нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілген.

Егерде жаңа біліктің мойыншасының роликтерінің және вкладыштарының үйкеліске төзімділігін 100% деп алсақ, онда 2-ші варианттың роликтерінікі - 91% вкладыштарынікі - 93%, ал 6-шы варианттың роликтерінікі - 88% вкладыштарынікі - 97% болады.. Басқа варианттардың роликтері мен вкладыштардың тозуы 1-ші, 2-ші және 6-шы варианттарға қарағанда үйкеліске төзімділігі төмен. Сондықтан иінді біліктің мойыншасына балқытып құюға үйкеліске төзімділігі жағынан лайықты 2-ші және 6-шы варианттардың материалдары.

Кесте 1

Роликтер мен вкладыштардың үйкеліске төзімділігі

Роликтің бетінің материалы	Салыстырмалы үйкеліске төзімділігі, %	
	роликтікі	вкладыштікі
1. Болат 45 шынықтырылған	100	100
2. Құйылған металл сым Св-08МХ – 88% + ұнтақ ПГ-СР4 – 12%	91	93
3. Құйылған металл сым Св-08МХ – 85% + ұнтақ ПГ-С27-15%	71	75
4. Құйылған металл сым Св-08МХ – 80% + ұнтақ ПГ-СР4-20%	45	68
5. Құйылған металл сым Св-04Х19Н9 – 60% + ұнтақ ПГСР4 – 40%	93	52
6. Құйылған металл сым Нп-30ХГСА – 90% + ұнтақ ПГ-С27 – 10%	88	97
7. Құйылған металл сым Св-08МХ – 60% + ұнтақ ПГ-СР4 – 40%	93	51
8. Құйылған металл сым Нп-30ХГСА – 90% + ұнтақ ПГ-СР4 – 10%	79	73

УДК 67.05

ЭВОЛЮЦИЯ УЛЬТРАЗВУКОВОГО КОНТРОЛЯ И ДИАГНОСТИКИ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ

Атыгаев Р., Шоман Г., Семернин Н.А., Семернин А.Н.

Начало использования ультразвукового контроля в промышленности относится примерно к 50-м годам прошлого века. Ультразвуковой контроль нашел широкое применение в практике дефектоскопии изделий. Согласно отчету института доктора Ферстера, объемы неразрушающего контроля, разделенный по методам, распределяются следующим образом (рис. 1).




Рис. 1. Долевое распределение производства
неразрушающего контроля по методам

Ультразвуковой контроль здесь занимает главенствующее положение. На его долю приходится 32% контроля всех изделий. Это связано с тем, что большие объемы работ проводятся на объектах, находящихся в эксплуатации: трубопроводы различного назначения, металлоконструкции, транспортные средства и т.д.

Нужно признать, что традиционные методы ультразвукового контроля сварных швов не надежно выявляют и оценивают эксплуатационные дефекты.

Следующим шагом в развитии ультразвуковой аппаратуры является создание томографических установок представляющих данные контроля в виде изображений.

В настоящее время активно ведутся работы по созданию ультразвуковых сканнеров, предназначенных для визуализации дефектов в металле.



Выводы

1. Разработчикам ультразвуковой аппаратуры нового поколения придется решить ряд сложных проблем. Дело в том, что вывод формул, по которым можно было бы непосредственно рассчитать изображение, является практически не реализуемой задачей.

2. Далее, ультразвуковой сканер должен надежно выявлять и отображать дефекты, а также должен максимально детально изображать их форму, размеры и местоположение.

3. Реконструкция изображений с высокой степенью адекватности требует создания новых алгоритмов, в которых должны учитываться возможные варианты формирования эхо-сигналов. Образно говоря, нужно анализировать акустическую ситуацию при прозвучивании объекта контроля. Данная задача является типичной задачей распознавания образов.

Поэтому мы думаем, что наиболее перспективным направлением в решении задач распознавания дефектов по эхосигналам является применение нейронных сетей. Последние годы резко повысился интерес к ним в связи с появлением компактных высокопроизводительных компьютеров.

4. Создание ультразвуковых сканеров с мощным микропроцессором и высокой разрешающей способностью помогут решить проблему синтеза изображений сварных соединений.

Будущее – за интеллектуальными системами визуализации несплошностей (дефектов).

УДК 62-621.2

СЛАНЦЕВЫЙ ГАЗ – ПУТЬ К ЭНЕРГОНЕЗАВИСИМОСТИ

Қайратұлы С., Жылысбаев Қ.Ш.

Сланцевый природный газ (англ. shale gas) – природный газ, добываемый из горючих сланцев и состоящий преимущественно из метана. А горючие сланцы – это осадочная горная порода, глинистая, известковистая или кремнистая, тонкослоистая, при выветривании листоватая или массивная, содержит органическое вещество от 10-15 до 60-80%. Окраска коричневатая – серая, оливкового-серая.

Тема сланцевого газа, использование не традиционных ресурсов углеводородного сырья находят в последнее время все больше внимания. Основная причина возросшего интереса к этой проблеме –



сланцевый бум в США. Добыча его в США в начале 2000-х гг. всего за несколько лет позволила Америке не только значительно снизить импорт газа, но и стать мировым лидером по его производству. На сегодня США покрывает приблизительно 4/5 своей потребности в природном газе. При этом 59% американского газа добывается из нетрадиционных источников, а 23% приходится на сланцевый газ. По прогнозу Международного энергетического агентства, к 2035 г. США будут добывать из сланцев 45% природного газа.

В Европе нарастает понимание неизбежности развития этого индустрии. В России и в других странах – экспортеров нефти и газа растет осознание неизбежности грядущего снижения цен на углеводороды и возникновения новых рыночных условий поставок нефти, газа, продуктов их переработки.

В настоящее время в РК выявлено 25 месторождений горючих сланцев. Но только для некоторых из них имеются материалы, характеризующие их геологическое строение и запасы. Это, в первую очередь крупное Кендырлыкское месторождение в Восточном Казахстане с запасами около 4 млрд т, Байхожинское месторождение в Кызылординской области с высоким содержанием рения

Премьер-министр Казахстана Карим Масимов на заседании правительства марте 2012 г., посвященном вопросам энергетики, поручил провести работы по поиску сланцевого газа в республике. «Нам надо проработать, изыскать ресурсы и в кратчайшие сроки произвести геолого-разведочные работы по сланцевым газам вокруг угольных месторождений», – сказал Масимов.

Но при разведке и добыче природного сланцевого газа возникают следующие основные проблемы:

а) технологические:

- 1) в связи с низкой проницаемостью газосодержащих сланцевых пластов применяются множественный гидроразрыв пласта;
- 2) для добычи 1000 м³ газа нужно 2 т воды и 100 кг песка;
- 3) среднем на скважине в течение года происходит снижение дебита на 60%;

б) экологические.

При извлечении газа часть химикатов выходит на поверхность и может привести к загрязнению поверхности и грунтовых вод.

Для обеспечения восполнения минерально-сырьевой базы (запасов сланцевого газа) РК необходимо:

- а) принять Государственную программу геологоразведки;



б) предусмотреть меры по стимулированию инвестиций в геологоразведку;

в) рассмотреть целесообразность внедрения механизма сервисных контрактов;

г) в случае реализации программы обратной закачки на Кашагане и отказа от 3 фазы КПО дефицит газа РК ожидается с 2021 г.;

д) потребление газа целесообразно сконцентрировать на газохимии и газоснабжении населения, а газовую генерацию ориентировать на обеспечение энергосистемы маневренными мощностями.

Кроме того, целесообразно проработать варианты замещения газа на альтернативными энергоносителями.

ӘОЖ 656.13.072

ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫН ЗЕРТТЕУ

**Каримжанова Л., Әбілможін Ж., Бейшен Ж.,
Имандосов А.Т., Жаманбаев Б.У.**

Жолашы тасымалдаудың сапасы бүкіл жолаушыларға қызмет көрсету жүйесінің күйі мен жұмыс атқаруына байланысты. Тараз қаласындағы жолаушылардың басым көпшілігі, Қазақстанның басқа да қаларындағы сияқты, қоғамдық автомобиль көлігін пайдаланады. Бұл жерде тұрғындарының жылжуға деген сұранысын қанағаттандыруда қалалық қоғамдық тасымалдау көлігінің маңызы зор. Тараз қаласында жекеменшік автокөліктердің санының 2003 ж. 43,4 мыңнан 2011 ж. 159 мыңға қарқынды артуы және тұрғындардың көпшілік бөлігінің қоғамдық көлікті пайдалануы жағдайында, жолаушыларың тасымалдауға деген сұранысын сапалы деңгейде қанағаттандыру мәселесі көліктік шеңберден шығып, әлеуметтік мәселеге айналып отыр.

Қызмет көрсету (көлікпен тасымалдаудың) сапасынан жолаушылардың қанағаттанғандығын анықтау үшін әлеуметтік әдістер қолданылды, атап айтқанда, Тараз қаласының тұрғындарына анкеталық сұрақтама жасалды.

Сонымен, зерттеудің мақсаты сапаның ең маңызды компонентін анықтау және оларды сандық тұрғыдан бағалау болып табылады.



Зерттеу нысаны ретінде жасы 14 тен асқан, қоғамдық көліктен пайдаланатын Тараз қаласының халқы алынды.

Зерттеу предметі ретінде жолаушылардың Тараз қаласының көліктік қызмет көрсету сапасынан қанағаттанғандық деңгейі алынды. Екі болжам (гипотеза) алға қойылды:

- қызмет сапасы тұтынушының талабын қанағаттандырады;
- қызмет сапасы тұтынушының талабын қанағаттандырмайды.

Зертеулер нәтижесінде екі болжамның бірі расталады, ал екіншісі жоққа шығарылады деп болжамдалды.

Әлеуметтік зерттеулерде, көбінесе, түгелдей емес күзетулердегі таңдау әдісінен пайдаланады. Оның негізгі идеясы мынау: жүзеге асыру үшін мәнді болған зерттеу мақсаты, бас жиынтыққа тиісті қорытындылар шығарғанда, таңдау жиынтығының қасиеті негізінде алынады (іріктеу). Таңдау әдісінің мәселесі – элементтерді таңдау мүмкіндігінің сондай әдісін табу керек, нәтижеде сол элементтердің топтамадағы бөлістірілуі олардың бүкіл топтағы бөлістірілуін қайталайтындай болуы қажет. Алынатын информацияның дәлдігіне, нақтылығына және сенімділігіне негізінен әсер етуші факторлар топтаманың көлемі және одан деректі бөліп алу процедурасының ойластырылғандығы болып табылады.

Топтаманы таңдау түрі «ұяшықты» әдіспен жүзеге асырылады (бірлік ретінде талдау жүргізгенде жекелеген адамдар емес, керісінше адамдар тобын (жоо және колледж студенттерін, кәсіпорын жұмысшыларын, ауруханада амбулаториялық емдеу қабылдап жатқан адамдарды, структурадың жұмысшыларды және т.б. таңдайды).

Анкеталық сұрақтау (жазбаша сұрақтама), сайып келгенде, анкеталарды таратушылар (яғни, топ өкілдері) жәрдемінде өзбетінше толтыру болып табылады.

Анкеталық зерттеу жүргізу үшін сұрақтанушының (респонденттің) әлеуметтік статусына да, қалалық маршрутқа көліктік қызмет көрсету сапасын бағалауға да тиісті болған жиырма бес сұрақты қамтитын анкета жасалды.

Сонымен, жүргізілген зерттеулер нәтижелерін талдауларды ескерер болсақ, онда көліктік қызмет көрсетудің сапасы, негізінен алғанда, тұтынушының күткеніне сәйкес келмейді (43,8%). Мұнда респонденттердің бағалауы бойынша, олар тасымалдау қызметінің сапасы дегенде, бірінші кезекте жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін (34,3%), ал соңғы кезекте оны ұйымдастыру мәселесін түсінетінін байқаймыз (17,9%).

УДК 681.3.06

РАЗРАБОТКА АЛГОРИТМА 3Д-МОДЕЛИРОВАНИЯ РЕЗЬБОВОГО СОЕДИНЕНИЯ

**Пан Р., Кубеев Е., Мельников А.,
Ким Ф.И., Бейсекова М.А.**

Для моделирования резьбового соединения были взяты болт М16 (ГОСТ 7798-70) и гайка М16 (ГОСТ 5915-70).

Укрупненный алгоритм моделирования болта:

- 1) моделирование заготовки стержня болта с параметрами $d=16$ мм и $l=60$ мм;
- 2) моделирование головки болта с параметрами шестигранник высотой 10 мм, описанного вокруг окружности $R=12$ мм;
- 3) моделирование профиля режущей части для круглой плашки с метрической резьбой по ГОСТу 9150-81;
- 4) моделирование резьбовой поверхности;
- 5) придание фотореалистичного вида изображению гайки.

3D-модель модель болта показана на рисунке 1.

Алгоритм моделирования гайки:

- а) моделирование заготовки гайки с высотой 12 мм, с отверстием $R=6,51$ мм;
- б) моделирование профиля метрической резьбы метчика по ГОСТу 9150-81;
- в) моделирование резьбовой поверхности;
- г) придание фотореалистичного вида изображению гайки.

На рисунке 2 изображена 3D-модель болта.





Рис. 1. Внешний вид 3D-модели болта Рис. 2. Внешний вид 3D-модели гайки

На рисунке 3 показан результат сборки болта и гайки.




Рис. 3. Внешний вид 3D-модели резьбового соединения

ӘОЖ 664.7:621.8:091

КІШІ ДИСПЕРСИЯЛЫҚ ШАҢДАРДЫ ҰСТАУҒА ҚОЛДАНАТЫН ЖОҒАРҒЫ ТИІМДІ ШАҢ БӨЛГІШТІҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУІН ЗЕРТТЕУ

Сағынтай Л., Тәжен Қ.П.

Дәнді-дақылдарды өндейтін кәсіпорындарында, сонымен қатар басқада АӨҚ-гі өндіріс және өндіріс аймағында экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қолданудағы шаң бөлгіштердің жұмыстары қазіргі уақыттың талаптарына сай емес.


Сондықтан ол аппараттарды жаңа жоғары тиімді шаң бөлгіштерге ауыстырғаны жөн.

Сондай аппараттардың бірі гидродинамикалық қарама-қарсы құйынды ВЗП маркалы шаң бөлгіші.

Бұл аппараттың схемасы (1-суретте) көрсетілген.

ВЗП шаңбөлгішінің центробеждік үлгі циклондарынан басты айырмашылығы тазартатын шаңдыауа аппаратқа екі ағын арқылы тасымалданады.

Бірінші шаңды-ауа ағыны апаратқа 1-ші келте құбыры. ал екінші текті шаңды-ауа ағыны 3-ші келте құбыры арқылы жеткізіледі. Сепарациялық камерасына жеткенде екі құйынды ағындар бір бағытта айналады. Сепарациялық камерада бірінші текті шаңды-ауа ағыны осьты бағытында ауа шығаратын түтікке (4) екінші текті шаңды-ауа ағынына қарама-қарсы қозғалады. Ал аппараттың ішкі қабырғасымен төменге қарай бет алған екінші текті шаңды-ауа ағыны ауа ұрғыш шығыршықта (5) бірінші текті шаңды-ауа ағынына толығымен қосылады.



Сурет 1. Гидродинамикалық қарама-қарсы құйынды
ВЗП маркалі шағбөлгіші

Айналмалы шаңды-ауа ағындарында ауланатын шаң-бөлшектері центрден тепкіш күштің әсерінен сепарациялық камераның ішкі қабырғасына бағыттала екінші текті шаңды-ауа ағынымен аппараттың төменгі жағында орналасқан ауа ұрғыш шығыршықтың(5) астында орналасқан шаң жиналатын бункеріне(6) тасымалданады.

Екінші текті шаңды-ауа ағынының шығыны толық тазаланатын шаңды-ауа шығынының 70-80%-ын құрайды.

Гидродинамикалық ВЗП аппаратынан өтетін шаңды-ауа қоспасының шығыны, тазаланатын ауа шығынына тең, сонымен бірге бірінші және екінші текті шаңды-ауа ағындары келте құбырларына кірер жерлеріндегі қысымдар тең болады.



Реттегіш қалқанның көмегімен (7) бірінші және екінші текті шаңды-ауа ағындарының шығыны және аппаратың гидродинамикалық кедергісімен, тиімділігі реттеледі.

Тәжірибе барысында анықталған гидродинамикалық ВЗП аппаратының жетістіктері:

- аппараттың гидродинамикалық кедергісі 2,7-3 есе, ал энергиялық шығыны БЦМ шаңбөлгішіне қарағанда 20-40%-ға төмен;
- шаң-аулау тиімділігі 99%;
- меншікті салмағы, БЦМ маркілі шаңбөлгішіне қарағанда 2,5 есе төмен.

Жоғарыда көрсетіген гидродинамикалық ВЗП аппаратының жетістіктерін ескере жоғары тиімді шаңбөлгіш ретінде астықты сақтау және қайта өңдеу өндірістерінде пайдалануға үлкен мүмкіншілігі бар деп есептеуге болады.

ӘОЖ 631.371:63.002.8

ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН БИОГАЗ, БИОЖАНАРМАЙ, БИОТЫҢАЙТҚЫШ ӨНДІРУГЕ ЖЕРАСТЫ ЭНЕРГОРЕСУРС ҮНЕМДЕУШІ БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНІ


Дарибаев Н., Исанов Н., Жолдыбаев М., Тилегенов И.С.

Жерасты энергоресурс үнемдеуші биоэнергетикалық кешенінің құрамына биореактор 4 қимасы төртбұрышты $(20 \times 15) \text{ м}^2$, биіктігі 20 м, көлемі 6000 м^3 . Бірінші және екінші биореакторлардың ортасына екі цилиндрлі формадағы диаметрі 16 м, биіктігі 16,5 м, көлемі $3315,8 \text{ м}^3$ газгольдерлер 8 орналастырылады. Биореактордың табанына пластикалық құбырлардан 11,21 құрылған жылуалмастырғыш орналастырылған.

Мал фермаларынан және жеке меншіктерден жеткізіліп жинақтап органикалық қалдықтарды қойыртпақ түрінде дайындауға, одан әрі биореакторға жіберуге арнайы құрылым (бокс) ескерілген. Дайындалған органикалық қойыртпақ арна арқылы биореакторға жіберіледі.

Органикалық биомассаның термофильді ашытылуын жеделдету үшін сақтандырғыш клапаннан шектен асырылып шығарылған

қысымды газ, тесіктері бар пластикалық құбырлардан 5 шығарылып, екпінді үрлеумен қойыртпақ массасы кезенді ретінде араластырылады.



Сурет 1. Жер асты биогаз құрылымы

Әрбір биореактордың астында көліктерменен биоөнімдер түзілу үрдісі аяқталғаннан кейін екінші қайтара биоқалдықтарды көлікке тиеп шығару үшін арнайы штольня 15 (кеңістік) қарастырылған. Екінші қайтара биоқалдықтар штольняның жоғарғы бүйірінде орналасқан бункерлермен көліктерге тиеледі. Сұйық биоқойыртпақ (биотыңайтқыш) құбырмен сыртта орналасқан арнайы сыйымдылыққа 13 жіберіледі.

Биомасса қойыртпағының ашытылуы барысында түзілген биогаз биореактордың жоғарғы жағына қосылған құбырлар арқылы коллекторге 12, одан әрі газгольдерге 8 жіберіліп жинақталады. Метан газ арнайы тазартулардан кейін тұтынушыларға магистральді құбырмен жіберіледі. Электр энергиясын өндіру мақсатында арнайы газ бөлу құрылымымен коогенерациялық блокқа жіберіледі. Бұл құрылым ұзындығы 20 м, биіктігі 3,5 м, қимасы 17,5 м² жер асты қуысына орналастырылады.



УДК 624.139.002.5

РЫХЛИТЕЛЬ ГРУНТА С ТРАЕКТОРНЫМ ДВИЖЕНИЕМ РАБОЧЕГО ОРГАНА

Байтерекова М., Бектлеуов А.Ш.

Рыхлитель грунта - землеройная машина для послойного рыхления мёрзлых грунтов, скальных пород обычно средней крепости, искусственных покрытий и т.п. с использованием тягового усилия базового тягача. В комплексе с другими землеройными машинами применяется в строительстве для разработки котлованов, каналов, траншей а также в горном деле.

Наибольшим эффективностью механического способа разрушения грунта. Важным резервом повышения производительности труда в строительстве является рациональное использование машин на каждом строительном объекте и совершенствованием их конструкции.

Одним из перспективных направлений в области интенсификации рабочих процессов землеройных машин является разработка грунтов различными методами воздействия особенно эффективным может быть применение рыхлителей с траекторным колебанием рабочего органа, т.к. это позволяет уменьшить сопротивление резанию и расширить возможный диапазон его работы. Примером такого направления совершенствования навесных рыхлителей может служить рыхлитель грунта с рабочим органом (рис. 1).

Траекторно-колебательное движение рабочего органа способствует снижению сопротивления рыхлению т. к. разрушение осуществляется методом отрыва грунта от основного массива (рис 2).

Траекторное движение обеспечивает лучший отрыв грунта, расширяет площадь поперечного сечения разрушаемого материала и повышает производительность.

В настоящей работе решается вопрос повышения эффективности рыхления путем придания тракторных колебаний зубу статического рыхлителя с обеспечением реализации мощности двигателя базовой машины через тяговое усилие и крутящий момент.

Рыхлительное оборудование, состоящее из верхних и нижних тяг, балки, рабочего органа и механизмов привода, крепится к опорным устройствам в задней части трактора.

Привод червячного редуктора осуществляется от вала отбора мощности через карданную передачу шлицевого соединения.




Рис. 1 Рис. 2

По сравнению с традиционным вариантом, при рыхлении грунта с траекторными колебаниями зуба поперечное сечение следа рыхления грунта увеличивается до 15...20% за счет отрыва грунта при росте эффективной глубины рыхления на 10...15%.

УДК 539.385

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОГО КОЭФФИЦИЕНТА КОНЦЕНТРАЦИИ НАПРЯЖЕНИЙ И СТРУКТУРНОГО ПАРАМЕТРА МАТЕРИАЛА ДЛЯ КОНСТРУКЦИОННОГО ЭЛЕМЕНТА С КРУГЛЫМ ОТВЕРСТИЕМ

Мостовой А., Турсынбай С., Джакияев Д.К.

Ранее авторами была предложена статистическая модель многоциклового усталости, позволяющей по данным испытаний лабораторных образцов находить распределение долговечности конструкционного элемента, работающего в произвольном сложном неоднородном напряженном состоянии. Данная статистическая модель строится на основе детерминированной энергетической модели усталостного разрушения элемента материала и гипотезы слабого звена по Вейбуллу.



Сравним результаты расчета эффективных коэффициентов концентрации напряжений, а также данные об оптимальных размерах ячейки с теоретическими и экспериментально-теоретическими рекомендациями различных авторов (табл. 1).

Таблица 1

Значения эффективного коэффициента концентрации напряжений и структурного параметра материала, определенных по рекомендациям различных авторов

Авторы рекомендаций	Образцы с круглым отверстием			
	R = - 1,0		R = - 0,3	
	K _σ	структурный параметр, мм.	K _σ	структурный параметр, мм
Г. Нейбер	2,180*	0,480	-	-
П. Кун	2,320*	0,130	-	-
Р. Петерсон	2,460*	0,210	-	-
Р. Хейвуд	2,200* 2,040	0,082	-	-
М.Я. Леонов	2,020**	1,260*	1,950**	1,380*
В.В.Новожилов	2,020**	1,350*	1,950**	1,650*
В.П. Когаев	2,200*	-	-	-
Наши данные по определению оптимального размера ячейки	2,020**	0,5*	1,950**	0,7*
Наш расчет при экстраполяции размера ячейки в ноль	2,110*	-	2,200*	-

Данные об оптимальных размерах ячейки могут быть сопоставлены с рекомендациями по размерам структурных параметров, введенными некоторыми авторами. Значения структурного параметра, полученные по формулам М.Д. Леонова, В.В. Новожилова оказываются значительно большими, чем оптимальные размеры ячейки, установленные на основании наших расчетов и опытов. Значения эффективных коэффициентов концентрации напряжений K_σ, вычисленные по рекомендациям Г. Нейбера, П. Куна, Р. Петерсона, Р.



Перо составляет 5-7% от общей массы взрослой птицы. Увеличение масштабов производства куриного мяса, увеличение количества и мощности птицефабрик делает актуальной проблему комплексного использования отходов птицефабрик. Представленная работа посвящена разработке способа переработки пухо-перьевых отходов птицефабрик с целью их дальнейшего использования для улучшения структуры почвы. Таким образом, мы пытаемся одновременно решить две экологические проблемы: улучшение свойств почвы и утилизация отходов птицефабрик. Следует отметить, что известные способы структурирования бесструктурных почв основаны на использовании синтетических водорастворимых полимеров, которые не производятся на территории Республики Казахстан, и вследствие этого практически не применяются в отечественном сельском хозяйстве в настоящее время из-за дороговизны. Предлагаемый подход использования для этого продуктов переработки пухо-перьевых отходов птицефабрик на настоящий момент не имеет аналогов. В таблице 1 приведены результаты эксперимента по исследованию структурообразующих свойств водных растворов гидролизатов, полученных путем щелочного гидролиза шерстных и пухо-перьевых отходов. Конечный продукт получался в виде водного раствора с величиной рН близкой к нейтральной, который может быть использован непосредственно для обработки почвы сразу без выделения. При этом состав продукта



приближается к составу обычных комплексных удобрений благодаря присутствию в нем соединений калия фосфора и азота.

Структурообразованию подвергали образцы типичной бесструктурной сероземной почвы. Экспериментально отрабатывались оптимальные условия гидролиза по следующим критериям: концентрация гидролизующего агента, температура и длительность гидролиза. Проведение гидролиза в среде 1%-ного КОН потребовало слишком больших затрат времени, что неприемлемо с технологической точки зрения.

Таблица 1

Доля водопрочных агрегатов после обработки
бесструктурной почвы гидролизатом кератина

Вид отходов	Доля водопрочных агрегатов (% , масс)					
	5% КОН		3% КОН		1% КОН	
	60°C	80°C	60°C	80°C	60°C	80°C
Перо-пуховые отходы (β-кератин)	42,3	52,1	62,8	66,1	-	-
Отходы шерсти (α-кератин).	38,9	34,6	19,7	18,6	-	-
Контрольный образец	0	0	0	0	-	-

5%-ный раствор щелочи вызывал слишком быструю деградацию кератина, особенно при высокой температуре, что затрудняет фиксирование конечной точки гидролиза. Результаты, представленные в таблице, наглядно демонстрируют формирование в образцах почвы максимального количества водоустойчивых агрегатов диаметром более 0,25 мм при проведении гидролиза кератин содержащих отходов в 3%-ном КОН при температуре 80°C. α-кератин шерсти оказался менее устойчив и, соответственно, требует более мягких условий щелочного гидролиза. Предлагаемый способ гидролитического разложения пухоперьевых отходов не требует значительных затрат особого оборудования высоких температур дефицитных реагентов. Полученный продукт помимо структурообразующих свойств также обогащает почву питательными веществами: калием, фосфором, азотом в усвояемой форме.



ӘОЖ 675.043(088.8)

« $\text{TiOSO}_4 - (\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} - \text{H}_2\text{O}$ » ЖҮЙЕСІНІҢ 25°C-ДЕГІ ИЗОТЕРМИЯЛЫҚ ЕРІГІШТІГІН ЗЕРТТЕУ

Аманжол Ж., Ахмедов Ж.А.

Әлемдік өнеркәсіп өндірісінің қазіргі даму бағыты аз және қалдықсыз өндірістік принципті қамтамасыз ету, технологияда залалсыз заттарды қолдану болып табылады.

Былғары және үлбір өндірісінің техникалық-экономикалық тиімділігін арттыру ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуімен тығыз байланысты. Бұл мақсатта көптеген мәселелерді шешудің маңызы зор. Шикізаттың сапасын арттырып, оны мейілінше тиімді пайдалануды көздеу, технологиялық үрдістерді интенсивтендіру, өндірісті механикаландыру, еңбек өнімділігін арттыру, қалдықсыз технологияны енгізу, жаңа материалдарды қолдана отырып қоршаған ортаның ластануын азайту және т.б.

Хром қосылыстарымен қатар илегіштік қасиетке ие көптеген металл тұздары да бар екені белгілі. Оларға жататындар хром, цирконий, титан, алюминий, темір және кремний қосылыстары.

Титан сирек кездесетін металдар тобына жатады, бірақ бұл металл геологиялық зерттеулер көрсеткендей табиғатта жеткілікті түрде кең таралған және қазіргі таңда техниканың көптеген салаларында тиімді қолданылады. Кешенді минералды илегіштерді алуда титан және аммониймолибдаты қосылыстарын пайдалану мүмкіндігі, осы қосылыстарының табиғаттағы біршама бай қорына негізделген.

Қазіргі уақытта илеу алдында көпкомпонентті илегіштердің ерітінділерін және илеу үрдісінде дайын күйінде қолданылатын құрғақ ұнтақ тәрізді илегіштерді алуға бағытталған көптеген ғылыми тәжірибелер жүргізілді.

Жасалған жұмыстардың жиынтығына қарамастан, кешенді минералды илегіш заттардың былғары өндірісінде қолданылуы әлі жеткіліксіз. Осы негіздерге байланысты бұл жұмыста изотермиялық ерігіштігі әдісімен 25°C-де « $\text{TiOSO}_4 - (\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} - \text{H}_2\text{O}$ » жүйесінде жаңа қосылыстың түзілуін зерттеу, ерігіштік диаграммасы негізінде титанаммониймолибдаты қосылысының түзілу заңдылықтарын айқындап және оны қатты фаза түрінде бөліп алу қарастырылады.



Бұл жұмыста « $\text{TiOSO}_4 - (\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} - \text{H}_2\text{O}$ » жүйесіндегі компоненттердің өзара әрекеттесуі изотермиялық ерігіштігі әдісімен зерттелініп, 21 қию анықталды. Бастапқы компоненттер ретінде «талдау үшін таза» маркалы $\text{TiOSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, «химиялыз таза» маркалы $(\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} \cdot 4\text{H}_2\text{O}$ және дистилденген су қолданылды. Кристаллогидраттар құрамы тұзсыз суға қайта есептелінді.

Сұйық және қатты фазалар арасындағы тепе-теңдікті және қаныққан ерітінділердің құрамын анықтауда Мерцлин ұсынған қию әдісі қолданылды. Эксперимент әдісі мақалада келтірілген. Титанил сульфаты және су қоспасына, құрамының өсуіне қарай аммониймолибдаты қосылып, 11 қию және аммоний молибдаты-су қоспасына титанил сульфаты қосылған 9 қию зерттелінді.

« $\text{TiOSO}_4 - (\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} - \text{H}_2\text{O}$ » жүйесі бастапқы компоненттердің өзара химиялық әрекеттесуі нәтижесінде жаңа қосылыстың құрамы $5\text{TiOSO}_4 \cdot (\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} \cdot 44\text{H}_2\text{O}$ түзілуімен сипатталады. Құрамы $5\text{TiOSO}_4 \cdot (\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} \cdot 44\text{H}_2\text{O}$ қосылыстың концентрленген ерітінділерінің шегі мынадай компоненттердің: $\text{TiOSO}_4 - 4,0$ -дан 15 пайызға дейін, $(\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} - 6,0$ -дан $17,0\%$ -ға пайызға дейінгі ерітінділерден түзіледі. Түзілген қосылыс конгруентті болып табылады.

Титанил және аммониймолибдаты тұздары негізіндегі экологиялық залалсыз қосылыстарды алу кешенді минералды илегіштер ассортиментін кеңейтуге және былғары-үлбір өндірісіндегі уытты және тапшы хром қосылыстарын толықтай алмастырып, экологиялық жағынан тиімді қолдануға мүмкіндік беруі ықтимал.

ӘОЖ 541.18

МЫС ПЕН ОРГАНИКАЛЫҚ ЛИГАНДТАРЫМЕН КЕШЕНТҮЗУ ҮРДІСІН КВАНТТЫ-ХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Сарсенбай М., Матеева С.З.

Қазіргі уақытта квантты механиканың көмегімен алынған ұсыныстар және қорытындылар қазіргі заманғы химиялық ғылымның негізі мен химиялық зерттеулердің ажырамас атрибуты болып табылады. Квантты-химиялық зерттеулер негізінде электрондық және геометриялық анализдеу, сонымен бірге есептеулер жүргізу және электрондық деңгейде химиялық қосылыстардың химиялық және физикалық қасиеттерін анықтау қазіргі кездері жалғыз әдіс болып



табылады, сонымен қатар осы әдістің көмегімен молекулалардың жаңа қасиеттері жайында деректер алуға болады. Комплекстүзу кезінде зарядтарды қайта бөлуді, ауыстыруды бағалауға, сонымен бірге, электрондық құрылысы бойынша деректерді алуға мүмкіндік береді.

Квантты химияның әдістері арқылы мыс тұздарының кейбір күкірті бар органикалық лигандтардың олардың арасында пайда болатын комплексті қосылыстардың кеңістіктік және электрондық құрылысының жалпы заңдылықтарын, комплекстүзу процесінің ерекшеліктерін анықтау.

Жартылай эмпирикалық әдісті РМЗ пайдаланып Cu(II) тұздарының геометриялық, электрондық және энергетикалық қасиеттерін, құрамында күкірті бар лигандтардың модельді молекуласындағы потенциалды реакциялық орталығын, әр түрлі дитиольды лигандтардың комплексті қосылыстарының иондарының Cu(II) энергетикалық қасиеттерін анықтау.

Берілген жұмыста квантты-химиялық бағдарламалық пакетінен басқа есептеу бағдарламасы қолданылған. Қолданылған бағдарлама әр түрлі лигандаларды координациялық байланыстыру кезінде кешентүзгіштің орталық ионы ретінде d-электрондардың қатысуын бағалауға мүмкіндік береді.

Металдардың тұздары – күкірті бар лигандтар жүйесіндегі комплекстүзу процестеріне жиналған эксперименттік материалдарға теориялық түсініктемелер берудің қажеттіліктерін ескере келе зерттеу жұмысына аталмыш тақырып таңдап алынды.

Зерттеу жұмысына таңдап алынған бағыттарға негіздеме берілген, жұмыстың өзектілігі, жаңашылдығы және жұмыстың практикалық маңыздылығы берілген, сондай-ақ, жұмысқа мақсаттар мен міндеттер қойылған.

Металл иондарының күкірті бар лигандтармен координациялық қосылыстар химиясының қазіргі заманғы жағдайы мен күйі, сонымен бірге меркаптолигандтар мен ауыспалы металдардың комплексті қосылыстарын квантты-химиялық әдістер арқылы зерттеу нәтижелері келтірілген.

Бастапқы компоненттер мен зерттеу әдістерінің ерекшеліктері, қолданылатын бағдарламалық комплекстерге сипаттама, сонымен қатар комплексті қосылыстарды синтездеу және квантты-химиялық есептеулер әдістемелерінің көмегі арқылы тұрақтылық константасын спектрофотометриялық жолмен анықтау нәтижелері келтірілген.



Кесте 1

Си (II) унитиолатты комплекстерінің тұрақтылық константаларының логарифмдері мен тұрақтылық энергиясы арасындағы тәуелділік

Комплексы	$\lg\beta^\circ$	$\lg\beta$		
		0,1	0,3	0,5
$\text{Си}^{2+} \cdot \text{Un}$	18,97	$18,13 \pm 0,26$	$17,38 \pm 0,26$	$16,73 \pm 0,18$

Си(II) унитиолмен комплексті қосылыстарының тұрақтылығына ерітіндінің иондық күші мен температурасы әсер етеді.

УДК 551.577.21(574)

ИЗМЕНЕНИЕ АТМОСФЕРНЫХ ОСАДКОВ ЗА ПОСЛЕДНИЕ 10 ЛЕТ В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Абдраимова А., Турекельдиева Р.Т.

Существенные климатические изменения последних десятилетий отмечаются в разных районах Земли. Изменение, как самого климата, так и отдельных его компонентов от региона к региону преимущественно определяется неравномерным распределением солнечной радиации по подстилающей поверхности, положением относительно океанов и орографических барьеров планетарного масштаба. Жамбылская область может быть наиболее уязвимым регионом для климатических изменений, так как включает в себя как равнинную степную часть, так и предгорья. При этом результаты анализов и прогнозов изменений атмосферных осадков представлены несколько хуже, что связано с рядом причин.

Изменения атмосферных осадков, заключается в том, что - основной водно-балансовой составляющей всех типов природных вод и главным источником естественных ресурсов подземных вод являются атмосферные осадки. Атмосферные выпадения постоянно воздействуют на все компоненты окружающей среды, представляют собой неустранимый фактор и поэтому в теории риска относятся к самой высокой категории.

Анализ временного хода атмосферных осадков, который наглядно отражает изменения осадков на рассматриваемой территории, показал,



что отмечается тенденция уменьшения осадков. Так, например, на метеорологической станции Тараз максимальное годовое количество выпавших осадков отмечается в 2008 году. А вот минимальное значение отмечено в 2010 и 2015 гг.

На метеорологической станции Каратау максимальное количество осадков составило 368 мм в 2008 года. Наименьшее значение отмечено в 2014 году. Наибольшее количество осадков на метеостанции Мойынкум было зафиксировано в 2007 года и составило 237 мм. Минимальное значение отмечено в 2010 и 2012 годах. Кордае, где выпадает много осадков, чем в других метеостанциях максимальное количество осадков выпало в 2006 и 2009 годах. Минимальное количество осадков выпало в 2011 и 2013 годах.

Все показанные данные приводят к тому, что территория очень засушливая. Основными причинами изменения атмосферных осадков, как правило, являются сложившиеся климатические условия. В частности эти изменения происходят при следующих случаях: во-первых, повлиял высокое атмосферное давление, которое способствует значительному сокращению осадков; во-вторых, повлиял антропогенный фактор. Антропогенное увеличение концентрации парниковых газов в атмосфере нарушает естественный тепловой баланс планеты, усиливает парникового эффекта, и как следствие, вызывает глобальное потепление; в-третьих, на изменение влияет температура воздуха. Увлажнение зависит также от величины испаряемости. При низкой температуры воздуха величина испаряемости будет меньше годового количества осадков, то в этом случае наблюдается избыток влажности, и, наоборот, при высокой температуре величина испаряемости будет превышать годового количества осадков, то тогда ощущается недостаток влаги; в четвертых, изменения приходят с наступлением антициклонов, которые сопровождаются большим количеством испаряемости влаги, сухости, большим обилием солнечного тепла, а также истощениями почвенной влаги, которое возникает в результате отсутствия пополнения влаги с помощью осадков; в-пятых, это связано, со снижением водности равнинных рек.

В период 2006-2015 гг. на территории Жамбылской области режим осадков менялся неоднозначно. Основные тенденции климатических изменений на территории Казахстана, произошедших в период 2006-2015 гг. наблюдается повсеместное повышение температуры воздуха по территории Жамбылской области; увеличивается количество



жарких дней; увеличивается продолжительность вегетационного периода; практически повсеместно наблюдается тенденция уменьшения повторяемости морозных дней; наблюдается тенденция уменьшения количества осадков летом и осенью; незначительно увеличилась повторяемость экстремальных осадков.

УДК 596(075.8)

ГИДРОКЕШЕНІ ФЛОРАСЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бахаева А., Байтелиева А.М.

Зерттеу жұмыстары 2014-2015 жылдары өткізілді. Зерттеу әдістемелік нұсқаулары: өсімдіктердің жастық кезеңдерін анықтап, оларға өзіндік сипаттама беру үшін Т.А. Работнов пен А.А. Урановтың әдістемелік нұсқаулары қолданылды.

Allium Schubertii өкілдерінің онтоморфогенезі бірнеше кезеңдерден тұрады: монохазияльды бір өркенді бұтақтанбайтын қосалқы тамырлары бар жуа, алғашқы монохазияльды бір ғана жас өркен және қосалқы шашақталған контрактильді тамырлар, монохазияльды бір ғана өркен және қосалқы шашақталған контрактильді тамырлар, монохазияльды бір ғана өркен және қосалқы шашақталған тамырлар кезеңі.

Монохазияльды бір өркенді бұтақтанбайтын қосалқы тамырлары бар жуа. Өсімдігінің онтогенезінде монокарпты өркеннің даму кезеңі бірнеше рет ауысуы бақыланады. Тұқымдық өркен және ұрықтық тамыр кезеңі - онтогенездің бастапқы кезеңдерін қамтиды. Тұқым 9-10 айға жуық, ұзақ мерзімді тыныштық күйге өтеді. Тұқымның өнуі жерүстінде өтеді. Өскіндік кезең дамуының 2-3 -ші күнінде негізгі тамыр ұзындығы 0,2 см жетті. 9-12 -ші күндері түтікшелі тұқымжарнақтың ұзындығы 15 см, негізгі тамыр ұзындығы 9,2 см. Дәл осы уақытта түтікшелі тұқымжарнақтың негізінде бүршік дифференциалана бастайды. Тұқымжарнақ пен негізгі тамыр 2,5-3 ай функцияланады.

Алғашқы монохазияльды бір ғана жас өркен және қосалқы шашақталған контрактильді тамырлар кезеңі – ювенильдік (j) өкілдерінде қарастырылды. Ювенильді кезеңінде (j) жаңару өркені екі қор заттарын жинайтын жапырақтардан ұзындығы 0,7 см дейін,



алғашқы жапырақ пен ассимиляциялаушы жапырақтан ұзындығы 12 см дейін, катафилден 7 см тұрады. Пиязшығының көлемі 0,5 см. Пиязшықтан шығатын қосымша бұтақтанбаған тамырлар жүйесінің бастапқы ұзындығы 6 см.

Имматурлы-виргинильді кезеңі дамуының 3-4 жылдарында контрактильді тамырдың қалыптасуымен сипатталады. Өркенінің қайта жаңаруы j кезеңнен тек сандық көрсеткішпен ерекшеленеді. Тамыр жүйесі қосымша тамыр мен контрактильді тамырлар радиусы 6 см-ге дейін жетіп, топырақ тереңдігіне 5-9 см радиальды енеді. Қосымша тамырлар саны 9-21, ұзындығы 6,4 см дейін, жуандағы 0,1 см дейін жетеді. Күзгі вегетация кезінде қосымша тамырлардың қысқаруынан контрактильді тамырлар пайда болды. Контрактильді тамырлар саны 7-9, ұзындығы 4,1 см дейін, жуандығы 0,2 см дейін болады.

Генеративтік кезеңінде (g) - өкілдерінің генеративтік жастық кезең дамуының 4-5 жылдары алғашқы генеративтік өркендері қалыптасады. Монохазиялы бір ғана өркен және дамыған тамыр жүйесі фазасы-дараларда жаңару бүршігінде өркендердің орналасуынан басталады. Гүлдейтін жаңа генеративті дараларда жаңару өркені қор заттарын жинайтын 2 жапырақтан ұзындығы 3 см; қатпарлы алғашқы жапырақтан ұзындығы 9 см; 1-6 ассимилиреуші жапырақтар ұзындығы 19 см, ені 2,5 см; генеративті нұсқағыш ұзындығы 29 см-ге дейін. Гүлшоғыры ірі, диаметрі 20 см дейін жетеді. Пиязшықтың ені 3,5 см, табанының диаметрі 1,7 см. Тамыр жүйесі қосымша тамырлар мен контрактильді тамырлар 5-17 см топырақ тереңдігіне еніп, радиусы 12 см дейін жетеді. Қосымша тамырлар саны 15-97, ұзындығы 16 см, жуандығы 0,1 см дейін жетеді. Контрактильді тамырлар саны 7-21, ұзындығы 9 см дейін, жуандығы 0,2 см дейін жетеді. Өкілдерінде қор заттарын жинайтын екі жапырақтан, ұзындығы 1,1 см және 0,2 см-ге дейін; екі ассимиляциялаушы жапырақ ұзындығы 0,2 см дейін, қысқарған өркенде орналасуы (тамыр меристемаларымен) жуандығы 0,7 см дейін, ұзындығы 0,3 см дейін. Өркенің қайта жаңарып ұлғаюы моноподиальдыдан симподиальдыға ауысады, «монохазия» типі бойынша, өркен жаңаруы гүлшоғырының алдыңғы система бойынша қалыптасады. Орта генеративті даму кезеңінде (g2) дамуының 9-12 жылдары басталады және контрактильды тамырлардың жоқ болуымен сипатталады. Тамырлар жүйесі қосалқы және 100-121 тамырдан тұрады, тамырлар топыраққа 6-17 см тереңдікке радиальды түрде таралады, радиусы 7 см. Даралардың жаңару өркені жас генеративтерден тек мөлшерлік көрсеткіштермен ерекшеленеді.



ӘОЖ 596(075.8)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ASTERACEAE ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рашидқызы М., Байтелиева А.М.

Helianthus tuberosus – Топинамбур күнбағыс туысына, Asteraceae тұқымдасына жатады. Өсімдіктің «жер алмұрт», «иерусалимдік бөрікгүл», «бульба», «бараболя» деген аттармен де танымал. Топинамбур деген атау бразилиялық үнділердің тупинамбас деген тайпасынан шыққан, 17 ғасырда Франция мемлекетіне жеткізілген.

Практикалық маңызы. Топинамбур түйнектерінен бағалы азықтық, техникалық, сатылымға шығарылатын заттар жасалатын өсімдік. Негізінен топинамбур түйнектерін көбнесе адамдар тағам ретінде және малға қорек ретінде пайдаланады. Сабағы мен жапырағынан жақсы сүрлем дайындайды. Жасыл массасын қыркүйектің соңында немесе қазан айының бірінші жартысында жемшөп жинайтын комбайнмен немесе шөп шауып жинайтын көлікті пайдаланады. Топинамбурды екі-үш жыл бойы тек шөп, қысқа азық, сүрлем немесе ұн ретінде пайдаланса, сабағын екі рет кеседі, біріншісі - өсімдіктің ұзындығы 80-100 см болғанда 6-10 см жоғары төменгі жапырақтарынан қолтығынан кеседі, себебі ол жерден қайтадан сабақ өсіп шығады, ал екінші рет - қыркүйектің соңынан қазанның ортасына дейін климатқа байланысты кеседі.

Химиялық құрамы. Топинамбур түйнегінің құрамында: инулин (11-17%), фруктоза, фруктоолигосахаридтер, аминокислоттар (8%-ке дейін) (сонымен қатар өзгермейтін 8 аминокислоттан тұрады: аргинин, гистидин, валин, лейцин, изолейцин, лизин, триптофан, метионин және фенилаланин), каротиноидтар, витаминдер В1, В2, В3(РР), В6, В9, С, пектиндер (10%-ке дейін), органикалық қышқылдар (лимон, бұлдірген, алма, янтар, фумар, майлы қышқылдар (0,4%-0,7%), азоттық қосылыстар, клетчаткалар (6%-ке дейін) және де көп мөлшерде макро және микроэлементтерден. Топинамбур түйнегі көмірсуларға бай, 77%-ті полисахаридті инулиннің құрамына кіреді, ұзақ уақыт сақталғанда жер алмұрт фруктозаға айналады (топинамбурдың құрамындағы фруктоза қант қызылшасынан да көп мөлшерде болады, бұл тамыр түйнектеріне тәтті дәм береді). Бұның себебі табиғи фруктозаның 95%-ті инулиннен тұрады, глюкозаға қарағанда ол инсулиннің қатысуынсыз- ақ жасушаға енеді, сонымен қатар әр түрлі



процестерде глюкозаның орын басып адам ағзасына енеді. Инулиннің молекулалары кейде адам ағзасының жасушасына глюкозаның енуіне жағдай жасайды (сол себепті топинамбурдың құрамындағы инулинді жиі инсулинге ұқсатады). Адам асқазанындағы фруктоза және басқа да инулин молекулалары ағзадағы глюкозаларды жинап артық мөлшерде қанға кетпеуіне тосқауыл жасайды, осының нәтижесінде қандағы қант мөлшерінің деңгейі төмендейді 1-ші типтегі қант ауруымен ауратын адамдардың қаныдағы қант мөлшері тез түседі.

Адам ағзасындағы глюкозаны тұрақтандырып биотикалық қасиеттерге ие инулин тағы да басқа мүшелерге әсер етеді: асқазанның моторлы-эвакуаторлы қызметін және жиырылуын жақсартады, ағзадан түрлі уытты заттарды, қоқыстарды, радионуклидтерді, ауыр металдармен және басқа да зиянды заттарды шығарады; асқазан ішек жолдарының жұмысын жақсартып, әртүрлі бауырмен және өт қабымен ауруын басады; көмірсумен липидтердің алмасуын жақсартады; жүрек-тамыр ауруларының (атеросклероз, гипертония, тромбозов т.б.) асқынуларын басады; темір, цинк, калий, магний, мыс сияқты макро және микроэлементтерді адам ағзасына оңай сіңірілуін қамтамасыз етіп, иммунитеттің жұмысын жақсартады.

Топинамбурдың ақуыз құрамында жоғарғы мөлшерде аминокислот кездеседі, оның ішінде аргинин. Аргинин ағзада өсу гормонын, бұлшық еттің қызметін жақсартып, иммунитетті көтереді. Түйнек құрамындағы аминокислотті метионин адам ағзасындағы биохимиялық заттардан тазартып, инсулин синтезін жақсартады, ал аминокислотты аргинин бауырдағы майлы фильтрация дамуын тоқтатады.

ӘОЖ 596(075.8)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ SOLANACEAE ӨКІЛДЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Матиш А., Байтелиева А.М.

Зерттеу жұмыстары 2014-2015 жылдары өткізілді. Зерттеу әдістемелік нұсқаулары: табиғаттағы зерттеу ауданынан жинаған өсімдіктердің онтоморфогенезін анықтап, оларға ерекшелік сипаттама беру үшін Т.А. Работнов пен А.А. Урановтың әдістемелік нұсқаулары қолданылды. *Nyoscyamus niger* L. өкілдерінің онтоморфогенезін



ювенильдік кезеңінен жас генеративтік кезеңге дейін зерттеу жұмыс өткізілді.

Hyoscyamus niger L. өкілдерінің онтоморфогенезін ювенильдік кезеңінен жас генеративтік кезеңге дейін зерттеу жұмыс өткізілді.

Өкілдерінің ювенильдік кезеңі (J) – өсімдік биіктігі – 2,7-3,5 см. Бұл уақытта тұқымжарнағы тіршілігін жойып, алғашқы бір ғана нағыз жапырағы қалыптасады. Жапырақ пішіні ересек өсімдік жапырағынан әлсіз дифференциалдануымен ерекшеленді. Алғашқы жапырақ тақтасы уш ұсақ жапырақшалардан тұратын қауырсынды боп келеді. Жапырақ тақтасының ұзындығы 0,7. Өкілдерінің ұзындығы 0,7 см болатын гипокотиль вегетациялық даму сатысының соңына қарай 6,5 см-ге жететін негізгі тамырға айналады.

Имматурлық кезеңі (Im) – өсімдіктің биіктігі – 3,9-4,5 см. Тамыр маңы жапырақтары топырақтың беткі қабатынан жоғары орналасқан даму бүршігінен моноподиальды түрде дамып, олардың саны 3-ке жетеді. Ювенильдік кезеңдегі өсімдіктің жапырақ пішінінен айырмашылығы бұл даму кезеңіндегі жапырақ тақтасының қауырсынды негізін құраушы жапырақшалар жиынтығы – 5. Жапырақ тақтасының ұзындығы – 2,0 см. Негізгі тамыры толық жетіліп, өсу барысында сәл иіліп топыраққа вертикальды бағытта тереңдей түседі. Негізгі тамырдың ұзындығы – 7,5-11,0 см. Осы даму сатысынан бастап негізгі тамырдың тарамдалуы жүзеге аса бастайды. *Hyoscyamus niger* өкілдерінің түзілген бірінші реттік бүйірлік тамырларының ұзындығы 1,0-1,1 см аралығында.

Виргинильдік кезеңі (V) – бұл кезеңдегі көпжылдық өсімдіктің биіктігі 6,8-7,0 см шамасында. Вегетациялық даму кезеңінде бірінен кейін бірі қатар дамыған 8-9 тамыр маңы жапырақтары түзіледі. Мұндай жапырақтардың көлемі де, өз кезегінде ұлғая отырып, ұзындығы 2,1 см. Негізгі тамырының базальды бөлігі уақыт өте келе жуандап қана қоймай, ұзарып өсіп, білеулене топырақ қабатына 30,0-31,0 см-дей тереңдей түседі. *Hyoscyamus niger* өкілдерінің негізгі тамыры одан әрі тарамдалып, өз кезегінде екінші реттік бүйірлік тамырларын қалыптастырады. Бұл мезгілде түзілген бірінші реттік бүйірлік тамырлардың ұзындығы 4,0-4,5 см, екінші реттік тамырлары 1,1 см шамасында-ақ болады.

Hyoscyamus niger өкілдерінің генеративтік кезеңі (G) – генеративтік өркеннің биіктігі – 10,0-11,5 см. Өсімдікте 2 немесе оданда көп генеративтік өркендер дамып жетіледі. Негізгі өстен бұтақталған генеративтік бүйірлік өркеннің ұзындығы 3,0-3,5 см. Тамырмаңы жапырақтар саны арта отырып, 14-ке жетеді. Жапырақ



тақтасының ұзындығы – 2,3 см. Моноподияльды дамыған өркеннің бойында орналасқан сабақ жапырақшаларының пішіні жіңішке, қияқ тәрізді, анағұрлым қысқалау келген. Жапырақ тақтасының ұзындығы 1,5-1,6 см-дей – ақ болады. *Hyoscyamus niger* өкілдерінің генеративтік өркеннің одан әрі даму барысында сабақ пен негізгі тамырдың базальды бөлігі топыраққа барынша тереңдей түседі де, бұтақтала бастайды. Соның нәтижесінде өсімдікте тамыр тәріздес құрылым, тамырдың базальды бөлігі топыраққа барынша тереңдей түседі де, бұтақтала бастайды. Соның нәтижесінде өсімдікте тамыр тәріздес құрылым, сабақтытамыр қалыптасады. *Hyoscyamus niger* өкілдерінің тузілген сабақтытамырдың ұшы өз кезегінде жуандай отырып, одан әрі 2 немесе одан да көп тармақтарға бұтақталады. *Hyoscyamus niger* өкілдерінің топыраққа ену тереңдігі 30 см шамасына жетеді. Сонымен қатар бұл уақытта негізгі тамыры күшті дамып қана қоймай, одан тарамдалып шыққан бүйірлік тамырлары да ұзара түседі. Кейбір ірі бірінші реттік бүйірлік тамырлардың ұзындығы 15,0-16,0 см-ге, екінші реттік тамырлары – 2,5-3,0 см-ге, үшінші реттік тамырларының ұзындығы 0,5-0,6 см-ге теңеседі. Тамыр жүйесінің тарамдалу дәрежесі орташа. Өсімдікте жеке даму барысында негізгі тамыры қарқынды дами отырып, кіндікті тамыр жүйесін түзеді.

ӘОЖ 711.2(574)

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Нұрлыбек Ұ., Базылбекова Ә.Б.

Моноқала дегеніміз – бұл бір немесе бірнеше қала құраушы шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі шоғырландырылған қала. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта (2012 жыл) қала мәртебесі бар 86 елді мекеннің 27-сі моноқала болып санылады. Қазақстан Республикасының басшылығымен 2012-2020 жылдар аралығына бекітілген моноқалаларды дамыту бағдарламасына сәйкес Жамбыл облысында 2 моноқала анықталған (Қаратау және Жаңатас). Әрбір жеке моноқала үшін 2013-2015 жылдар аралығына арналған дамытудың кешендік жобасы жасалынған. 2013-2015 жылдарға арналған Қаратау



моноқаласының даму жоспары 2012 жылы 26 қыркүйекте №9-2 Талас ауданы маслихатының шешімімен белгіленген. 2013-2015 жылдарға арналған Жаңатас моноқаласының даму жоспары 2012 жылы 26 қыркүйекте №9-7 Сарысу ауданы маслихатының шешімімен белгіленген. Бұл іс-шараларды жүзеге асырудағы басты мақсат 2015 жылы 20%-дан кем емес бір немесе бірнеше инвестициялық жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде, экономикалық жағдайы төмен моноқалалардың өнеркәсіптік өндірісінің көлемін ұлғайту (2011 жылмен салыстырғанда) болып табылады.

Қаратау қаласында өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2011 жылы – 488,5 млн. теңге, 2012 жылы – 193,0 млн. теңге, 2013 жылы – 209,6 млн. теңге, 2014 жылдың 1 желтоқсанында – 178,6 млн. теңге, 2015 жылы – 1000 млн. теңгені немесе бұл көрсеткіш қайта 2011 жылдың номиналды деңгейіне 2 есеге сәйкес келгендігін көрсетеді.

2015 жылы моноқалалардағы тұрақты жұмыс жасайтын кіші кәсіпорындардың санын 2011 жылмен салыстырғанда 2 есеге көбейту мақсатында, Жаңатас қаласында тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындар саны 2011 жылы – 21, 2012 жылы – 26, 2013 жылы – 31, 2014 жылдың 1 желтоқсанында – 36, ал 2015 жылы 42 болды, немесе 2011 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2 есе жоғары. Қаратау қаласында тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорындар саны 2011 жылы – 17, 2012 жылы – 18, 2013 жылы – 20, 2014 жылдың 1 желтоқсанында – 25, ал 2015 жылы 27 болды, немесе 2011 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,6 есе жоғары.

Моноқалаларда күнделікті күн көруге табыс көлемі жетпейтін тұрғындар санын азайту, яғни 6 пайыздан жоғары көлемдегі көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Жаңатас қаласында күнделікті күн көруге табыс көлемі жетпейтін тұрғындар 2011 жылы 6,2%, 2012 жылы – 6,2%, 2013 жылы – 6,1%, 2014 жылдың 1 желтоқсанында – 6,1%, 2015 жылы – 6,0% құраса, Қаратау қаласында бұл көрсеткіштер 2011-2013 жылдар аралығында – 5,1%, 2014 жылдың 1 желтоқсанында – 5,0%, 2015 жылы – 5,0% тең болды.

Моноқалаларды дамытудың басты мақсатына 5%-дан жоғары көрсеткішке дейін моноқалалардағы тұрғындардың жұмыссыздық деңгейін азайту болып табылады.

Өңірлік даму министрлігі берген мәліметке сүйенсек, көптеген моноқалаларда экономикалық белсенді, яғни еңбекке қауқары бар халықтың үштен бір бөлігінен астамы өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың санатына жатады. Осы көрсеткішті есепке алып, жіктеп шықсақ, Қаратау (49,7 пайыз), Арқалық (49,3 пайыз), Жітіқара



(47 пайыз), Жаңатас (37,1 пайыз) және Құлсары (30,7 пайыз) қалалары алғашқы орындарға ие.

Ең басты мәселенің бірі – іргелі өндіріс орындарын қайта іске қосу. Шағын қаланы қайта қалпына келтіру үшін сол қаланың халқын жұмыспен қамтып, кәсіпкерлердің бизнесіне әріптестік қолдау көрсетіп, қызметі мен тауарын тұтынатын ірі зауыт-фабрикалар қайта салынуы тиіс.

Қаратау мен Жаңатаста ондай жобалар баршылық. Егер «зәкірлік» жоба болмағанда бағдарлама қаланың болашағы үшін қаржы қарастырмауы да мүмкін. Бүгінде «Talas Investment Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қаратаудың іргесінен натрий цианидін шығаратын өндіріс орнын іске қосуға әзірленуде. Ресейлік «ЕуроХим – Тыңайтқыш» компаниясы да Жаңатас қаласынан тау-кен өңдеу кешенінің құрылысын салып, көпжылдық ірі жобаны жариялады.

ӘОЖ 796:371123

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қапанова А., Қасымов С.Б.

Дене шынықтыру саласының болашақ мұғалімдерін дайындау деңгейі жоғарылауда. Еліміздің және шет елдің кейбір университеттер мен институттар тәжірибесі, болашақ мұғалімдер мен жаттықтырушыларды оқу барысында кәсіби техникалармен қаруландыруға болатындығын көрсетті. Ол білім болашақта оларға көптеген қателердің алдын алуға септігін тигізеді. Бұл тәжірибе И.Н. Решетень, И.Х. Кобер және М.Х. Прохорованың зерттеу жұмыстарында да көрсетілген. «Дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық шеберлік негіздері» оқу құралының мақсаты студенттерге, дене шынықтыру мұғалімдері мен оқытушыларына педагогикалық шеберлік негіздері бойынша теориялық мәлімет беру және кейбір икемділіктерді қалыптастыруға көмектесу. Ұсынылып отырған педагогтың кәсіби компоненті ретінде, қарымқатынас құрудың психологиялық-педагогикалық проблемаларымен таныстырады. Оқушылармен қарымқатынас құру, адекватты позиция таңдау және адамдармен араласу стилін қалыптастыруға ерекше назар



аударылған. «Педагогикалық шеберлік дегеніміз – өз мамандығына жан-тәнімен берілген, балаларды сүйетін, әр педагогқа қолжетімді, үнемі жетілдірілетін тәрбиелеу мен оқыту өнері. Педагог – өз ісінің шебері – өз пәнін игерген, мамандығына сәйкес ғылым және өнерді білетін, жалпы әсіресе балалар психологиясын білетін, тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін толық игерген, жоғары мәдениетті маман. Мұқият ойлап қарасаңыз, педагогикалық шеберлік ұғымы мазмұнын: біріншіден, а) жалпы жоғары мәдениет, эрудиция; б) оқыту пәні бойынша кең және терең білім; в) педагогика, психология саласы бойынша білім, ол білімді тәрбиелеу мен оқыту барысында қолдана білу; г) оқу-тәрбиелеу әдістемесін жеті игеру құрайды. Екіншіден, педагогикалық шеберлік мұғалім мамандығын жан-тәнімен таңдаған әр маманға қол жетімді. Педагогикалық шеберліктің негізін анықтаушы педагогикалық қабілеттер болып табылады. Ғылыми білімнің түрлі саласының ғалымдары арнайы педагогикалық қабілеттер мен олардың жіктелуін тереңінен зерттеуде. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық қабілеттердің келесі түрлері жиі кездеседі: дидактикалық қабілеттер, ұйымдастырушылық қабілеттер, коммуникативтік қабілеттер, перцептивтік қабілеттер, суггестивтік қабілеттер, ғылыми-білімдік (академиялық) қабілеттер. Сонымен, педагогикалық шеберлік дегеніміз кәсіби білімдерді қалыптастыратын икемділік пен қабілеттерге негізделген, әр педагогқа қолжетімді, жоғарғы және үнемі жетілдірілетін тәрбие мен оқыту өнері. Қарым-қатынас құру – әлеуметтік өмірді жанжақты қамтитын әмбебап құбылыс. Атақты психолог Б.Д. Парыгиннің айтуы бойынша, қарым-қатынас құру – «ақпараттық процесс ретінде адамдардың бір-біріне әсерін тигізуі мен бір-біріне септігін тигізуге ықпал ететін күрделі және көпсалалы процесс».

Б.Ф. Ломовтың айтуы бойынша «Қарымқатынас құру – субъектінің белсенділігін арттыратын ерекше өзіндік форма. Оның нәтижесі нақты бір зат емес, ол басқа адамдармен қарым-қатынас құра білу». Зерттеу нәтижелері бойынша дене шынықтыру мұғалімдерінің 58,8 пайызы оқушылармен қарым-қатынасты оңай құрады; 22,8 жеңіл; ал 19,4 пайызы оқушылармен дұрыс қарым-қатынас құру барысында қиналады. Жаттығушы түрлі контингентпен қарым-қатынас құрудың да түрлі деңгейі болады. Дене шынықтыру мұғалімдерінің айтуы бойынша, ұл балаларға қарағанда, қыз балалармен қарым-қатынас құру едәуір қиын болады. Түрлі жастағы топтарда жаттығушылармен жаттығу өткізу барысында, қарым-қатынас құру оңай болмайды. Оқу



процесі барысында 16-17 жастағы қыздармен және 15-16 жастағы ұл балалармен қарым-қатынас құру барысында қиындықтар жиі кездеседі. Оқушылармен өз ара қарым-қатынас құруға, көбінен қарым-қатынас құру жағдайына да байланысты болады. Оқушылардың түрлі эмоционалдық жағдайы, мұғалім мен оқушы арасындағы қызмет бірлігі мінездемесіне өзінің жағымды немесе жағымсыз ықпалын тигізеді.

УДК 615.851.83

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ЛЕЧЕБНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Альмуратова Б., Шарипова Г.К.

В современных условиях развития нашего общества наблюдается резкое снижение состояния здоровья населения и продолжительность жизни. По данным различных исследований, лишь около 10% молодежи имеют нормальный уровень физического состояния и здоровья, продолжительность жизни сократилась на 7-9 лет, в результате снижается и производственный потенциал общества.

Проблема движения и здоровья имела достаточно актуальность еще в Древней Греции и в Древнем Риме. Так, греческий философ Аристотель (IV в. до н.э.) высказывал мысль о том, что ничто так сильно не разрушает организм, как физическое бездействие.

Принцип оздоровительной направленности обязывает специалистов по физической культуре и спорту так организовать физическое воспитание, чтобы оно выполняло и профилактическую и развивающую функции. Это означает, что с помощью физического воспитания необходимо:

- совершенствовать функциональные возможности организма, повышая его работоспособность и сопротивляемость неблагоприятным воздействиям;
- компенсировать недостаток двигательной активности, возникающей в условиях современной жизни.

И я считаю, что сейчас в XXI век необходимо изучать такие специализированные науки как лечебная физическая культура.

Лечебная физическая культура (ЛФК) – метод лечения, состоящий в применении физических упражнений и естественных факторов



природы к больному человеку с лечебно-профилактическими целями. В главе этого метода лежит использование основной биологической функции организма – движения. Метод строго дозированных упражнений на фоне постановки правильного дыхания.

Наиболее часто профилактика – оздоровительный эффект физической тренировки связывают с применением упражнений умеренной интенсивности. В связи с этим получили широкое распространение рекомендации к использованию с оздоровительной целью циклических упражнений (бег, езда на велосипеде, гребля, ходьба на лыжах и др.). Циклические упражнения вовлекают в работу наиболее крупные мышечные группы (1/5-1/2 и более мышечного массива), требующие значительного количества кислорода и поэтому развивающие преимущественно сердечно-сосудистую и дыхательную системы. Большинство специалистов рекомендуют преимущественное (до 90-100%) использование в программах оздоровительной тренировки упражнений на выносливость.

Оздоровительная ходьба – самый доступный вид физических упражнений. Она может быть рекомендована людям возрастов, имеющим различную подготовленность и состояние здоровья. Особенно ходьба полезна людям, ведущим малоактивный образ жизни. Ходьба как средство сохранения здоровья была внесена в медицинские трактаты уже в IV в. до н.э. Диоклес рекомендовал еще в те далекие времена совершать перед восходом солнца прогулку на 1-2 км.

В зависимости от темпа и вида ходьбы энергозатраты при ней возрастают от 3-8 до 10-12 раз. В состоянии покоя человек тратит в среднем 1,5 ккал/мин энергии. При ходьбе со скоростью 5-6 км/ч человек массой 54 кг тратить 4,2 ккал/мин, 72 кг – 5 ккал/мин, 90 кг – 6,1 ккал/мин. Иначе говоря, расход энергии при обычной ходьбе увеличивается не меньше чем в 3-4 раза.

Президент Республики Казахстана Н. Назарбаев сказал в своем ежегодном послании казахстанскому народу, что “с глубокой древности наш народ считал здоровье главным богатством человека”. Следуя этому древнему завету, государство делает все возможное для того, чтобы крепить духовное и физическое здоровье граждан, отметил президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Так как президент Казахстана Нурсултан Назарбаев убеждает казахстанцев активнее заниматься спортом, потому что только здоровая нация может называться конкурентоспособной.



ӘОЖ 794.08(07)

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Алимкулова А., Мамыркулов Р.К.

Қазақ халқы атам заманнан бері спортқа әуес болған. Атқа шабу, көкпар тарту, ит жүгіртіп құс аулау, ханталапай секілді небір сайыстарға түскен. Соның ішінде адам санасын шынықтыратын ой спортынан да құр алақан болмаған. Адамдарды тәрбиелеу, олардың ой-санасын шынықтыру, жетілдіру жолындағы қызық ой спорты түрлерінің бірі-қазақтың математикалық "Тоғызқұмалақ" ойыны. Тоғызқұмалақ-қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Тоғызқұмалақ-әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті-адам санасын жетілдіруге ерекше күш салады.

Тоғызқұмалақ тарихы. Тоғызқұмалақ-әлемдік мәдениетінің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері. Мұның қашаннан келе жатқаны жөнінде анық мәлімет жоқ. Тоғызқұмалақ ойыны бүкіл Орта Азияда, әсіресе қазақ пен қырғыз халықтарының арасында көп ұшырайды. Археолог-ғалымдарының пайымдауынша ойынның пайда болу мерзімі 4000 жыл шамасын қамтиды. Жасөспірім ұрпақтың дене шынықтыру тәрбиесімен қатар, ақыл-ойының дамуына да зор мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тауып, зердегілік және зияткерлік даму құралы ретінде қолданған.

Қазақ халқының ескі мұрасының бірі-тоғызқұмалақ ойыны. Тоғызқұмалақ ойыны қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған адамның миы істеп, есепшілігі тез артып, тапқыштық жағы күшеймек. Қазақстан Республикасында қазір спорт түрі ретінде тоғызқұмалақ қанатын кеңге жайып, танымал ойын болуда. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғызқұмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Қырғызстанда мектептерде тоғызқұмалақтан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның бірнеше елдерінде тоғызқұмалақ ойналып жатыр деген дерек бар. Тіпті



Американың Нью-Йорк қаласындағы "Аляска" университетінде тоғызқұмалақ ойынын зерттеумен айналысып отыр.

Белгілі тоғызқұмалақ маманы Мақсат Шотаевтың айтуынша: "Қазіргі таңда, бұл ойын ғаламтор арқылы жедел дамып келеді. Тоғызқұмалақ ойыны да шахмат, дойбы ойындары сияқты тапқырлықты, мол фантазияны талап етеді. Алайда, бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек. Оның басты себебі-тоғызқұмалақ ойынын немесе оның кейбір жеке позицияларын тақтаға қарамай, абстракты түрде ойлау аса қиын".

Тұңғыш рет екі дүркін әлем чемпионы атанған қазақ қызы. Тоғызқұмалақ ойынынан бүгінде екі мәрте (2010-2012 жылдары), әлем чемпионаты өтіп, қазақтың қыз-жігіттері бас жүлдені өзге елдерге ұстатпай, көш бастап келеді. Сол саңлақтарымыздың бірі, есімі тоғызқұмалақ тарихына алтын әріптермен жазылған қаракөз-қарындасымыз, Қызылордалық Әсел Дәлиева.

Әсел Дәлиевадан сұхбат. "Спорттағы жетістігім-Лондон Олимпиадасының алдында, шілде айының ортасында Чехия елінде, төл спортымыз тоғызқұмалақтан өткен II әлем чемпионатына қатысып, ұлттық ойынымыздан, Қазақстан әйелдері арасында тұңғыш рет екі дүркін әлем чемпионы атандым. Төл спортымыз тоғызқұмалақ ойыны, атадан балаға жеткен асыл мұраларымыздың бірі. Оның шығу тарихын әр зерттеушілер әр қалай айтады. Бір жазба деректерде 4 мың жылдық тарихы бар десе, басқа бір деректерде оның пайда болған кезі одан да көп уақыт болуы әбден мүмкін деген болжамдар жасалады. Мейлі, кім не десе де, тоғызқұмалақ ойыны қазақтың ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан төл спорты екені даусыз".

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына
арналған «Тәуелсіздік құндылықтары: өткенге тағзым,
болашаққа аманат» тақырыбында өткен жаратылыстану,
техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономика
ғылымдары бойынша студенттердің
XVIII ғылыми-практикалық конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Техникалық редактор
Редактор
Компьютерлік терімі

Б.Ә. Әлімбаев
Г.М. Алдыкеева
Л.С. Полевая

Проверено и подписано в печать С.И. Тыртычко (08.06.2016 г.).

Баспаға 11.06.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×80 1/16. Есепті б.т. 17,1. Шартты б.т. 19,5.
Таралымы 500. Тапсырыс 561.

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ
«Тараз университеті» баспасы

080000, Тараз қ., Төле би, 60